



АБАЙ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

70 ЖЫЛ

Қарағанды балаларының
рухани ордасы

**Қарағанды облысының мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасы
Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы**

ҚАРАҒАНДЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ ОРДАСЫ

**(Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70
жылдығына)**

Қарағанды
2023

УДК 02 (574)
ББК 78.3(5Қаз)
Қ 41

Редакциялық алқа: Жүсіпова С., Кучаева Е., Қалиева Қ., Мусина О.,
Подгайнова М.

Жинақ Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының
басшысы Б.Уатаеваның жетекшілігімен шықты

Қарағанды балаларының рухани ордасы (Абай атындағы Қарағанды
облыстық балалар кітапханасының 70 жылдығына). **Место притяжения
детей** (к 70-летию Карагандинской областной детской библиотеки имени
Абая) / құраст. Ж.Шаймұханбетова. – Қарағанды, 2023. – 188 б.

ISBN 978-601-09-2066-8

Жинақта Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының
70 жылдағы қызметінің панорамасы берілген.

Басылым Қарағанды облысының мәдениетінің даму тарихына
қызығушылық танытатын қалың оқырманға арналған.

ISBN 978-601-09-2066-8

© Шаймұханбетова Ж.К.

© Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы

АЛҒЫ СӨЗ

Кітапхана қашанда жақсылық пен ізгіліктің, парасаттылық пен руханиятқа толы ойдың, таным мен тәрбиелі істердің ордасы.

Қарағанды облысындағы балаларға оқу мәдениетін одан әрі жетілдіре түсуде озық үлгідегі жабдықтармен жасақталған, замана талаптарына сай келетін алып ақпарат орталығы болып табылатын Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70 жылдық мерейтойы қоғам санасында кітапхананың әлеуметтік институт ретіндегі бейнесін бекітеді.

Қазіргі таңда кітапхананың бағыты да мақсатқа жету жолы да өзгеріп, ол қайнаған тіршілік ордасына айнала отырып, білімді, өнерлі, ізденімпаз, жан-жақты дамыған балалардың өсуіне ықпал етуде.

Мерейтойлық жылы кітапхананың тыныс-тіршілігімен толығырақ танысуға мүмкіндік беретін жинақ оның маңыздылығын еселей түседі. Басылымда облыстық балалар кітапханасының құрылуы мен даму кезеңдері айқын көрінген. Өткен ғасырдың 50-жылдары балалардың кітап оқуына және тұлға болып қалыптасуына қалай зор көңіл бөлінсе, бүгінде ақпараттық технология кезеңінде бұл мәселе өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өйткені білімді бала -ел болашағының көрінісі.

Ал кітапханада өткізілген алуан түрлі іс-шаралар, тамаша бастамалар мен жобалар, жарқын жүздесулер - ұжым қызметкерлерінің біліктілігі мен шеберлігінің және олардың өз кәсібіне деген шынайы сүйіспеншілігінің айғағы. Осы киелі шаңырақ астында бірлігі жарасып, еңбек етіп жатқан кітапханашыларға оқырмандары бас иетініне сенімім мол.

Қарағанды балаларының кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруда 70 жыл үздіксіз қызмет атқарып келе жатқан Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Оқитын ұлт тәрбиелеудегі атқарып жақтан толағай еңбектеріңізге табыс, кәсіптеріңізге мол шығармашылық жетістік тілеймін!

*Құрметпен,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы
және Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Р.Омарбекова*

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі бала - ертеңгі ел азаматы. Жас кезінен бастап парасат биігіне, рухани өмірдің әлеміне жетелеу үшін бесік жырын, ана әлдиін жүрегіне сіңіріп, туған халқын сүйетін, тілін қастерлейтін, тәрбиелі азамат болып шығуына балалар кітапханасының тигізер пайдасы орасан зор.

Республикамызда өзіндік орны бар рухани шамшыраққа айналып үлгерген Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасына биыл 70 жыл. Тарих тұрғысынан алғанда ол – адам өмірімен салыстыруға болатын бір дәуір, яғни балалық шақтан бастау алып, ақылы толысқан қариялыққа бет бұру. Ал кітапхана үшін бұл жаңа ізденіс пен болашаққа адымдау кезеңі.

Тынымсыз еңбек пен зор ізденісті талап ететін кітапханашы мамандығының қыр-сырын терең меңгерген майталман мамандар кітапхана тарихын қалыптастыруымен қатар оны даму сатысына жеткізу жолында өз қолтаңбаларын қалдырып, айтарлықтай үлес қосты.

Ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыру жолындадағы еңбектеріңізге елеулі табыс тілеймін!

Шығармашылық ұжымдарыңыздың ойға алған барлық мақсаттары мен армандары орындалып, қадірлі оқырмандарыңыз бен адал достарыңыз көбейе берсін!

*Құрметпен,
Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының басшысы Е. Жұмакенов*

ОҚЫРМАНҒА

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының қалыптасуы мен дамуы Қарағанды облысы мен Қазақстан Республикасының кітапхана ісі тарихының бір бөлігі болып табылады.

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының 70 жылдық мерейтойын атап өту барысында облыстың балалары арасында кітапхана жұмысының орны, рөлі мен маңызын көрсетуге талпыныс жасалды.

Жинақта оқырмандар саны мен кітап қорының артуы, кітап оқуды қызықтыру, балаларға арналған үздік кітаптарды және олардың авторларын кеңінен насихаттау жұмыстарының нысандары мен әдістерінің ауқымы кеңейгені арқылы кітапхананың даму қарқынының жылдан-жылға қалай дамығаны көрсетіледі. Жинақ оқырманы балалар кітапханасының дүниетанымы, философиясы, миссиясы қалай өзгеріп отырғанын байқауға мүмкіндік алады, өйткені технология мен технологияның дамуымен өмірге көзқарастар, бала тәрбиесіндегі жаңашылдықтар, кітап оқуға баулу тәсілдері жаңарып келеді.

Балалар кітапханасының барлық жұмысы баланың жеке тұлғасын қалыптастырумен байланысты болғандықтан, жинақта кітапханашылардың кәсіби шеберлігінің құндылығына ерекше назар аударылады.

Жинақ үш тараудан тұрады және хронологиялық түрде 1953 жылдан бастап бүгінгі күн аралығын қамтиды.

«Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы: оқиғалар, даталар, деректер» атты бірінші тарауда 1953 жылдан бүгінгі күнге дейінгі тарих беттері ашылады.

«Кітапханашылар және олардың істері туралы» екінші тарауда ОБК тарихында өшпес із қалдырған директорлар мен жетекші кітапханашыларға арналған, сонымен қатар кітапхана бөлімдерінің жұмысы туралы мәліметтер берілген.

«Болашаққа сеніммен» атты үшінші тарауда басшы, кітапхана ардагерлері, жас кітапханашылар, оқырмандар, ата-аналар, кітапхана серіктестерімен сұхбаттар берілген.

Сонымен қатар, жинақ кітапхана мұрағатындағы фотосуреттермен безендірілген.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған жинақ Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің қорлары (1953-2008 жылдардағы есептер, облыстық мәдениет басқармасының бұйрықтары мен хаттары, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің құжаттары), Абай атындағы Қарағанды облыстық

балалар кітапханасының құжаттары (2009-2022 жылдардағы есептер, бұйрық кітаптары және басқа құжаттар), мерзімді басылымдардағы жарияланымдар, кітапхана ардагерлерінің естеліктері негізінде құрастырылды.

Облыстық балалар кітапханасының даму кезеңдерін толыққанды көрсету үшін В.И. Пак-тың «Қарағандыдағы алғашқы кітапхана: тарих беттерінен. 1934-2009» жинағы басшылыққа алынды.

Редакция алқасы және жинақты құрастырушы естелік авторлары Әбілсейітова Сәулеш Болтабайқызы, Дүкенбаева Рымкеш Шаматовна, Жайлыбаева Нұржамал Өтегенқызы Жұмағұлова Рабиға Садыққызы, Ильясова Кауһар Жалелтайқызы, Кәріпова Жанар Маратқызы, Колесникова Галина Анатольевна, Садырбеков Жәлел Мәлікұлына зор алғысын білдіреді.

Жинақ бойынша бірлескен жұмысы үшін Жүсіпова Сәуле Жаманбайқызы, Кучаева Елена Олеговна, Мусина Орал Маратқызы, Подгайнова Марина Николаевнаға да ілтипатымызды білдіреміз

Құрастырушы сонымен қатар кітапхана басшысы Баян Қуанышқызы Уатаеваға осы жинақты құрастыруға қатысуға, кітапхана ісі мен кітапхана қауымының тарихын облыстық балалар кітапханасы мысалында зерделеуге мүмкіндік бергені үшін шынайы алғыс айтады. Кітаптағы көптеген кейіпкерлермен – кәсіби әріптестермен және өмірлік қаруластармен жеке танысқанымды ескерсек, кітапхана әлеміне бұл саяхат қызықты болды.

*Құрметпен,
құрастырушы Ж.Шаймұханбетова*

I ТАРАУ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ: ОҚИҒАЛАР, ДАТАЛАР, ДЕРЕКТЕР

(кітапхананың тарихы парақтары және қазіргі жағдайы)

1953 жылдан бастау алатын облыстық балалар кітапханасының қызықты, мазмұнды оқиғаларға толы тарихы бар.

Қарағанды облысы соғыстан кейінгі уақытта Кеңес Одағының жетекші өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды.

50-жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру басталып, Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен мыңдаған жастар Қазақстанға аттанды. Қарағанды облысында да жаңа совхоздар пайда болып, оларда мектептер мен балабақшалар, клубтар мен кітапханалар бой көтереді.

Жалпы, бұл жылдары мәдени құрылыс айтарлықтай дамыды. Балалар бөлімдері бар бұқаралық кітапханалар желісі ұлғайды.

Қарағанды облыстық мәдениет басқармасы өзгермелі әлеуметтік-мәдени факторларды назарға ала отырып, 1953 жылғы шілде айында облыстық балалар кітапханасын құру туралы маңызды шешім қабылдап, кітапхана директорлығына Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың оқу залының меңгерушісі Сақыш Шайытқызы Асаинованы тағайындау туралы бұйрық шығарады.

Сол уақытқа дейін Қазақ КСР аумағында облыстық балалар кітапханасы Семей облысында ғана болғанын атап өткен жөн. Облыстық балалар кітапханаларының қызметіне қатысты алғашқы құжат - Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Облыстық балалар кітапханалары туралы ережені» бекіту туралы қаулысы 1954 жылғы қаңтарда қабылданды.

Асаинова С.Ш. төрт ай бойы, 1953 жылдың шілде айынан қараша айына дейін Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың әдіскерлері тобымен облыстық балалар кітапханасын құруға қажет құжаттарды жасауға кіріседі. Олар болашақ кітапхананың ережесі мен құрылымын, кітап қорының негізін жинақтау, қызметкерлерінің штатын қалыптастыру, үй-жай іздеу жұмыстарымен айналысады. Балалар кітапханаларының ерекшеліктерін ескере отырып, қорды, ақпараттық-библиографиялық аппаратты қалыптастыру, кітапханалық ортаны ұйымдастыру, кадрларды арнайы даярлау және т.б. қағидаттарын ойластыру қажет болды.

Келесі егжей-тегжейлі хронология кітапхананы құру кезіндегі ұйымдастыру сәттерінің кезеңдерін көрсетеді.

1953 жылғы 14 қарашада облыстық мәдениет басқармасының «Штаты 11 адамнан тұратын облыстық балалар кітапханасын құру және директоры С.Ш. Асаиноваға штатқа білікті мамандарды іріктеп, оларды облыстық мәдениет басқармасына қарау үшін ұсыну туралы» № 123 бұйрығы шықты.

1953 жылдың 14 қарашасы Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының құрылған күні деп есептеледі.

Сол жылғы 24 қарашада Қарағанды қалалық еңбекшілер кеңесі атқару комитетінің №152 өкімімен Жаңа қаладағы қалалық балалар кітапханасының үй-жайы жаңадан ұйымдастырылған облыстық балалар кітапханасына беріледі.

Осыдан кейін, облыстық мәдениет басқармасының басшысы А.Есмұхамбетовтің бұйрығымен 27 қарашада 7 адамды облыстық балалар кітапханасының меңгерушілері мен кітапханашылары қызметіне тағайындалады. Сол бұйрықтың негізінде кітапхана директоры С.Ш.Асаинова 30 қарашада лауазымдарға тағайындау туралы кітапхана бойынша бұйрық шығарады. Кітапхананың алғашқы қызметкерлері:

- Жержисова С.Ж. абонемент меңгерушісі;
- Фаломеева Е.П. кіші жастағы оқу залының меңгерушісі;
- Никитина М.Т. библиографиялық бөлімнің меңгерушісі;
- Тюменцева Н.П. толықтыру және әдебиетті өңдеу бөлімінің меңгерушісі;
- Ахметова Р.Г. абонементтің аға кітапханашысы;
- Салова К.Я. жоғары жастағы балалар оқу залының кітапханашысы.

Олар 1953 жылғы 1 желтоқсанда қалалық балалар кітапханасынан берілген 13000 дана кітап қорымен №1 гимназия ғимаратында ауданы 50 ш.м. бөлмеде жұмысқа кіріседі.

Архивте 1953 жылдың қараша-желтоқсан айларындағы кітапхананың жұмысы туралы директор С.Ш.Асаинованың түсініктеме хаты сақталған, онда «қазіргі уақытта кітапхананың жұмысына кедергі келтіріп отырған басты мәселе – қолайлы үй-жайдың жоқтығы. 11 адамнан құралған ұжым 1 бөлмеден тұратын бұрынғы қалалық балалар кітапханасының үй-жайында жұмыс істейді. 13 мың томды сақтайтын кітап қоймасы да осы бөлмеде, 1954 жылғы ақпаннан бастап оқырмандарға арналған абонемент те осы жерде ашылады», - деп көрсетілген.

Кітапхананың осындай тығыз орналасқан жағдайы еңбекшілердің Қарағанды қалалық депутаттары кеңесінің атқару комитетін 1954 жылғы 23 наурызда «Мәдениет сарайына қарама-қарсы Сталин даңғылы, №50 орама бойындағы үй-жайдың төменгі қабатын (толығымен) облыстық балалар

кітапханасына беру туралы» №7/4 шешімді қабылдауға мәжбүрлейді, Сонымен қатар «Қарагандапромжилстрой» трестін басқарушы Маслов жолдасқа көрсетілген үй-жайды балалар кітапханасының сызбаларына сәйкес кітапхана қаражаты есебінен қайта жабдықтауды жүргізу міндеттеледі. Яғни, фирмалық электр жабдықтарын сату дүкенінің, зергерлік дүкен мен әмбебап дүкеннің орнына кітапхананы жабдықтау шешімі қабылданады.

Кітапхана жұмысында көрнекі насихат қашанда ерекше орын алады. Бірақ штатта суретші-безендіруші бірлігі қарастырылмағандықтан, қалалық Пионерлер үйінің бейнелеу өнері студиясының меңгерушісі М.М. Комлев кітапханашы болып жұмысқа алынады. Михаил Михайлович кітап көрмелерін, стендтерді безендіріп, плакаттар мен оқырмандарды ақпараттандыруға қажетті барлық материалдарды рәсімдеп отырған. Айта кетейік, М.М. Комлев Қарағанды қаласының Пионерлер үйінің бірінші директоры және Абай атындағы ОБК алғашқы кітапханашыларының бірі Е.П. Комлеваның (Фаломеева) жолдасы болатын.

Кітапхана өз жұмысын жаңа ғимаратқа көшкенге дейін, 1955 жылғы желтоқсанның соңына дейін бұрынғы 50 метрлік бөлмеде жалғастырады. Бұл ретте, 1954 жылға берілген есепте қиын жағдайға қарамастан, «оқырмандар саны 1720, кітап қоры 20587 дананы құрайды, штат саны 11 адамға дейін көбейді, шағын абонемент ашылды, 4 каталогты құру, библиографиялық құралдарды жасау жөніндегі жұмыс басталды. Абонементте 1300 бала мен БОЖ (балалар оқуының жетекшілері), жазғы оқуға 300 адам және 18 бис шахтасына қарасты стационарлық жылжымалы балалар кітапханасында 120 адам жазылған», - деп атап көрсетілген.

Абонементтің бірінші жылғы жұмысында оқырмандармен жазылу кезінде және оқыған кітаптары туралы әңгімелер жүргізіледі. Шектеулі жағдайларға байланысты балалар әдебиетін кеңінен насихаттау жөніндегі ауқымды жұмыс әр түрлі тақырыптағы және бағыттағы кітап көрмелерін, жаңа кітаптар көрмелерін, фотомонтаждар мен кітап плакаттарын безендіру арқылы жүргізіледі.

Кітапхана ұжымы өскелең ұрпаққа коммунистік тәрбие беруді өзінің басты міндеті деп санады, әдебиетті насихаттау да, кітап қорын жинақтау да осыған бағытталды. Кітапханашылар қордағы олқылықтардың көптігін, атап айтқанда, қоғамдық-саяси тақырыптағы кітаптардың, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының, сонымен қатар балаларға қолжетімді ғылыми-жаратылыстану әдебиеттерінің аз екенін атап айтады.

Директор Асаинова С.Ш. жинақтау мәселелерін шешу үшін Ленинград қаласының кітапхана коллекторына іссапарға жіберіледі.

Кітапхана осы 1954 жылдан бастап жыл сайынғы Балалар кітабының апталықтарын өткізе бастайды. Апталықты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларда оқырмандар конференциялары, әдеби ертеңгіліктер, көрмелер мен әңгімелер үшін «Әлем халықтары бейбітшілік үшін күресте», «Кеңес халқының ерлік еңбегі», «Екі әлем – екі балалық шақ» тақырыптары ұсынылады.

Ғимараттың құрылысы екі жылға жуық жүргізіледі. Кітапхана басшылығын кітапханалық құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға қаражаттың жетіспейтіндігі алаңдатады. 1954 жылғы ұйымдастыру-шаруашылық жұмысы туралы есептен: «Жаңа ғимараттың перделеріне 250 метр жібек сатып алынды. Қазіргі уақытта құрылыс аяқталып келе жатқандықтан, кітапхананы тиісінше жабдықтау үшін үстелдер, орындықтар, көрмелік кітап сөрелерін, төсеніштерді және басқа да көптеген заттарды сатып алу мәселесі туындайды. Бізде 1954 жылы қаражат болмағандықтан, 1955 жылы құрал-жабдықтарға қаражат қарастыруыңызды сұраймыз», - деген жолдарды оқимыз.

Директор мен барлық кітапхана ұжымына стандартты емес бейімделген бөлмеде кітапхананы жайластыру үшін оқырмандардың әртүрлі жас ерекшеліктерін ескере отырып, бөлімдерді орналастыру мәселелерін шешуден бастап, каталог бөлгіштері мен карточкаларға тапсырыс беруге дейінгі үлкен жауапкершілік жүктелді. Осы орайда, есептегі «Осакаров жиһаз-музыка комбинатынан, ҚазИЗО-дан және ескі қаланың жиһаз дүкенінен тапсырыстар таңдау қажет», - деген дерек назар аудартады.

1955 жыл қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың туғанына 110 жыл толуына орай маңызды оқиғамен ерекшеленді. Жұмысшылардың Қарағанды облыстық депутаттары кеңесінің атқару комитетінің «қазақ әдебиетінің классигі және қазақ мәдениетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың сіңірген зор еңбегін ескере отырып, облыстық балалар кітапханасына Абай Құнанбаевтың есімін берілсін» (1955 жылғы 12 сәуірдегі № 181 шешімі) деген шешім қабылдауы кітапхана тарихында зор мақтаныш болып табылады.

Облыстық «Социалистическая Караганда» газетінің 1955 жылғы 3 желтоқсандағы санында кітапхананың ашылуы туралы хабарландыру берілген. «Ағымдағы жылғы 4 желтоқсанда сағат 12.00-де Сталин даңғылы, 30 мекенжайындағы жаңа ғимаратта (Кеншілер мәдениет сарайының жанында) облыстық балалар кітапханасының ашылуы өткізіледі. Баяндамадан кейін облыстық драма театры мен облыстық филармония өнерпаздарының концерті болады».

Сонымен, 1955 жылғы 4 желтоқсанда облыстың мәдени өмірінде маңызды оқиға орын алды, яғни ауданы 970 шаршы метр жаңа ғимаратта балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсету үшін арнайы жабдықталған кітапхана ашылды. Облыстық балалар кітапханасы мектеп оқушыларының көптеген ұрпақтарының есінде екені сөзсіз және Қарағандының қазіргі балалары үшін де ол ерекше мекен болып табылады.

1956 жылдың алғашқы күндерінен бастап кітапхана балаларды кітап оқуға баулу және балалар әдебиетін кеңінен танымал ету жөніндегі жұмысына толықтай кірісті. 1956 жылғы есепте: «Кітапханашылар мектептерге, балалар үйлеріне, пионер лагерлеріне 32 шығу сапарын, 20 экскурсия ұйымдастырды, кітапханашылар баспасөзде 3 рет, мұғалімдер конференцияларында, ата-аналар жиналысында, мұғалімдер кеңесінде 12 рет баяндамалар жасады. Кітапханаға келу 63 мыңға дейін, кітап берілімі 122 500 мыңға дейін өсті, 17 көшпелі орындар ашылды. Көпшілік жұмыстар алға басты - кітапхана мен кітаптар туралы 30-дан астам ұжымдық әңгіме жүргізілді» деген деректер келтірілген.

XX ғасырдың 50–60-70 жылдары – Кеңес Одағының өрлеу кезеңі. Кітапхананың қызметі коммунизм құрылысы кезеңіндегі қоғамның болмысына негізделіп құрылғаны сөзсіз. Бірақ бұл ретте, кітапханашылар шынайы түрде өз қызметінің мақсаты коммунистік тәрбие беруде партияға көмектесу ғана емес, ең алдымен, үйлесімді және жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу деп санады.

«Облыстық балалар кітапханасы туралы ережеге» сәйкес кітапханада толықтыру және өңдеу бөлімі, кітап сақтау бөлімі, бастауыш мектеп жасындағы абонемент және оқу залы, орта және жоғары мектеп жасындағы абонемент және оқу залы, уақыт өте келе әдістемелік-библиографиялық бөлімге айналған әдістемелік кабинет толыққанды жұмыс істейді.

Кітапханада белсенді оқырмандарды біріктіретін «Кітап достары» үйірмесі ұйымдастырылып, олар түрлі қоғамдық іс-шараларды өткізуге, кітап өңдеуге, борышкерлермен жұмыс істеуге көмектесуге жұмылдыратын балалар болды. Көркем әдебиетті, ғылыми-көпшілік әдебиетті насихаттаумен қатар, мектеп пәндеріне көмек көрсету іс-шаралары өткізіледі.

Кітап қоры ұдайы толықтырылып отыру нәтижесінде 1959 жылдың басында 69900 дананы құрады. Кітаптарды сатып алуды қаржыландыру ұлғайтылады. Сонымен қатар оқырмандар саны да артып, ол 6208 адамға жетті.

Штаттық әдіскердің пайда болуымен әдістемелік жұмыс жанданады: аудандарға шығу сапарлары ұйымдастырылып, балалар және мектеп кітапханашылары үшін семинарлар өткізіледі; ауылдық кітапханашылар

үшін 2 айлық курстар ұйымдастырылады; кітапханашылар Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапхана жанынан ұйымдастырылған бір жылдық кітапханалық шәкірттік курстарында сабақ береді.

1959 жыл кадрлық ауыс-түйіспен басталады – Асаинова С.Ш. облыстық мәдениет басқармасына басшының орынбасары қызметіне ауыстырылады (жарты жылдан кейін оны бастық қылып тағайындайды) және ОБК директорының міндетін атқарушы қызметіне Т.Н.Полеткинаны тағайындайды.

1959 жылғы сәуірден 1969 жылғы желтоқсанға дейін кітапхананы Никитина Мария Тихоновна басқарады.

Осы жылдар ішінде Кеңес Одағының жетістіктеріне байланысты көптеген оқиғалар орын алды - бұл Қазақстан Магниткасының және әлемдегі алғашқы «Ленин» атом кемесінің салынуы, кеңестік вымпелдің Айға жеткізілуі және кеңес ғарышкерінің ғарышты бағындыруы, КСРО басшысы Н.С.Хрущевтің Америкаға бейбітшілік пен достық сапары және коммунизм құрылысшылары КОКП-ның 22-съезі ...

КОКП Орталық Комитетінің «Елдегі кітапхана ісін жетілдірудің жай-күйі және шаралары туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, кітапхана қызмет көрсетудің жаңа прогрессивті түріне көшті - кітап қорларына еркін қолжетімділікті ашты, бұл балалар кітапханасының кітап қорын ашық қолжетімділікпен басқаша орналастыруға мүмкіндік берді. 1959 жылы кітап қоры 69900 дананы, ал 1966 жылы 126 мыңға жуық дананы құрады. Кітап берілімінің көрсеткіші артады, кітапханашылар атап өткендей, ашық қолжетімділікке байланысты берілетін әдебиеттің құрамы сапалы түрде өзгерді – салалық әдебиеттердің пайызы өсіп, көркем әдебиеттің берілімі азайды. Сонымен бірге, ашық қолжетімділіктің мүмкіндіктері оқуға бағыт-бағдар беруде баға жетпес құнды болды, өйткені ол оқырманды әртүрлі көптеген әдебиеттерді оқуға мәжбүрлеусіз оңай бағыттауға мүмкіндік берді.

Осы жылдары қазақ әдебиетін кеңінен танымал ету басталады, Ж.Жұмахановтың «Әлия Молдағұлова», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», С.Жантуаровтың «Заря над степью», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» сияқты және т.б. қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптар бойынша оқырмандар конференциялары өткізіледі.

Кітапхана мектеп туралы жаңа заңға байланысты оқушылардың жалпы және политехникалық білімдерін тереңдету жұмыстарын жүргізіп отырды. Және де мектептермен, пән мұғалімдерімен байланыс нығайтылады. Мектеп кітапханашылары кітапхананың тұрақты серіктесіне айналады.

Архивте облыстық мәдениет басқармасының 1959 жылғы «Қазақстан Магниткасының кітапханаларын құруға көмек көрсету үшін Теміртау

қаласына кітапхана қызметкерлерін бір ай мерзімге іссапарға жіберу туралы» бұйрықтары сақталған, ал келесі бұйрықта: «облыстық балалар кітапханасы облыстағы балалармен жұмыс жасайтын кітапханалардың бірыңғай әдістемелік орталығы болып табылады, ол 1963 жылдан бастап өзінің әдістемелік және библиографиялық әзірлемелерін қалалық және аудандық ересектерге арналған кітапханаларға таратуы тиіс. Мектеп кітапханалары өз қызметі туралы есептерді Абай атындағы облыстық балалар кітапханасына ұсынуы тиіс», - делінген.

1960 жылғы маусымда кітапхана қызметкерлерінің I Республикалық съезі өтті, оған балалар кітапханасынан директоры М.Т.Никитина және орта және жоғары жастағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Ю.С.Князева съезд делегаттары болып сайланды.

Ол жылдары біліктілікті арттыруға, жоғары білім алуға көп көңіл бөлінді. Кітапханашылар К.Я. Салова, С.Ж. Жержісова, Л.Н. Журина Мәскеу кітапханалық институтында сырттай оқуларын сәтті аяқтап, жоғары білімді маман атанды.

Облыстық мәдениет басқармасының қолданыстағы штатынан толыққанды әдістемелік бөлім құру туралы бұйрығына сәйкес 1963 жылғы наурыздан бастап ОБК облыстың өнеркәсіптік қалаларының барлық ведомстволарының кітапханаларының әдістемелік орталығы функционалдық міндеті жүктеледі. Мұндай шешім Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапхананы ауылдық облыстық мәдениет басқармасының қарауына беруге байланысты болды. Әрине, ОБК алдына өте күрделі міндет қойылды, өйткені штатта барлығы 14 кітапханашы болды, оның 4 бірлігі жаңадан құрылған әдістемелік бөлімге ауыстырылды. Қауырт әдістемелік жұмыс басталды: қалалардың кітапханалар желісімен танысу, бүкіл ведомстволардың кітапханалары қызметінің барлық мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетумен ай сайынғы семинарлар мен шығу сапарларын ұйымдастыру және өткізу, әдістемелік құралдар әзірлеу. Бұл жұмысқа барлық кітапхана қызметкерлері атсалысуға мәжбүр болды, ол өз кезегінде оқырмандармен жүргізілетін тікелей жұмысқа әсер етті. Директордың баяндамасынан: «Бұл жағдайды одан әрі жалғастыра беруге болмайды, Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының жүктемесінен өнеркәсіптік облыстың барлық ведомстволарының көпшілік кітапханалары желісінің әдістемелік орталығы функциясын шығару туралы мәселені тез арада шешу және өзінің тікелей міндеттерімен айналысуына мүмкіндік беру қажет». Бұл жағдай ұзаққа бармады, өйткені 1965 жылы облыстық мәдениет басқармасында кезекті қайта құру жүргізіледі және облыстың барлық көпшілік кітапханаларының

әдістемелік орталығы функционалдық міндеті қайтадан Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапханаға беріледі.

Осы жылдары Абай атындағы ОБК базасында 8 ай бойы кітапханалық шәкірттік курстарының қазақ тобына арналған сабақтары өткізілгенін атап өткен маңызды, сонымен қатар 1967-70 жылдары Көкшетау кітапханалық техникумының студенттері 3 айлық тәжірибеден өтеді.

Кітапхана өзінің барлық қызметінде және бүгінгі күнге дейін Абай атындағы кітапхана Қарағанды мәдени ағарту колледжінің, қазіргі Тәттімбет атындағы өнер колледжі «Кітапхана ісі» бөлімінің студенттері үшін тәжірибе орны және көбінесе алғашқы еңбек ұжымы болғанын ерекше атап өткен жөн.

Күшейтілген әдістемелік жұмыс өз жемісін берді – тәжірибе алмасудың жаңа нысандары пайда болады, мысалы: «Облыстағы балалар кітапханаларының игі істерінің жинақ сандықшасы», «Менің өлкем – менің мақтанышым» эстафеталары, бұл туралы 1965-1966 жылдардың қорытындылары жөніндегі облыстық мәдениет басқармасы кеңесінің қаулыларында айтылған. Әдістемелік басылымдар тақырыптық топтамалар аясында шығарылады: «Жалындай нұрлы ғұмыр» жадынамалары, еңбек тәрбиесі бойынша «Шебер қолдар туған жерге нұр береді...», кәсіптік бағдар беру бойынша «Еңбек еліне саяхат» және т.б. Алғаш рет кітапханалар арасында «Ауыл балаларына үздік қызмет көрсеткені үшін» байқауы жасалып, онда Тельман ауданы Калинин атындағы кеңшардың кітапханасы ерекше көзге түседі.

Абай атындағы ОБК-ның көпшілік жұмысы да мазмұнды әрі қызықты бола түседі: қызықты элементтер, қолдан жасалған бұйымдардың көрмелері, кәсіптік бағдар беру іс-шаралары пайда болды. Кітапхананың №1, 3, 63, 49, 92 мектептермен, сонымен қатар Кеншілер мәдениет сарайының балалар секторымен тығыз әріптестік өзара қарым-қатынасы жолға қойылды.

Көпшілік іс-шаралардың негізгі тақырыбы – Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы, В.И.Лениннің 100 жылдығы, сонымен қатар өлкетану және туған өлкенің табиғаты мен тұлғалары туралы, Қарағанды қаласы туралы әдебиеттерді насихаттау. Мұхтар Әуезовтің 70 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтіліп, «Родина» кинотеатрымен бірлесе жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы әңгімелер циклы өткізіледі. Қ.Қайсенов, М.Е.Зуев-Ордынец, Ж.Бектұров сынды жазушылармен, Кеңес Одағының Батыры М.Мамраевпен, Кеңес Одағының Батыры Нүркен Әбдіров туралы «Пике в бессмертие» кітабының авторы Г.Якимовпен, атақты кенші жерлестеріміз Социалистік Еңбек Ерлері Х.Хайруллин мен А.Байжұмановпен және т.б. кездесу кештері оқырмандар арасында кеңінен танымал болды.

Балалар кітабы апталығының көктемгі демалыс кезіндегі мазмұнды бағдарламалары жаңа оқырмандарды көбірек тарта бастайды. Мысалы, ЛКЖО ҚК (*Лениндік коммунистік жастар одағы қалалық комитеті*) және қалалық халыққа білім беру бөлімімен бірлесіп, «Кітап — пионердің досы» атты үздік пионер звеноларының слеті ұйымдастырылды.

«Индустриальная Караганда» газетінің 1964 жылғы 3 желтоқсандағы «Кітап сенімді қолда» атты мақалада кітапхананың 10 жыл ішінде жеткен жетістіктері жан-жақты баяндалған. Атап айтқанда, автор В.Городбин «Кітапханада мектептермен, Пионерлер үйімен және Кеншілер мәдениет сарайының балалар секторымен бірлесе әдеби кештер, оқырмандар конференциялары өткізіледі. Ал жаңа кітаптар туралы әңгімелер мен шолуларды балалар фильмдері басталар алдында, сондай-ақ радио мен теледидардан жиі естуге болады. Тек өткен жылдың өзінде 25 ірі іс-шара, 120 баяндама мен шолу өткізілді», - дейді.

1964 жылы қазан айында Қазақстанда орыс әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтіп және соның аясында Қарағандыға қазақстандық және ресей әдебиеті мен өнер майталмандары келді.

Қарағандыға келген танымал ақын-жазушылар арасында балалардың сүйікті ақыны А.Л. Барто да болатын. Оқырмандардың белгілі балалар ақыны Агния Бартомен кездесуі кітапхана тарихындағы жарқын оқиға болды. Бұл кездесуге кітапханада үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді: «Агния Барто - балаларға», «Агния Барто бізде қонақта» стенді мен кітап көрмесі ресімделді, №1 мектеп-интернаттың оқушылары ақынның шығармалары бойынша қойылым, шынайы суреттер, өлең оқу, әндер орындау арқылы ертеңгілік әзірледі. Кездесуге Қарағанды қаласының мектептерінен, балалар үйлерінен 150-ден астам бала жиналды. Агния Барто өзінің өлеңдерін оқыды, ал балалар, өз кезегінде, оған «Агния Бартоның өлеңдері бойынша оқырмандар суреттерінің альбомын» сыйға тартты, ол бүгінде Москва қаласындағы А.Барто атындағы мәдени орталық - №178 балалар кітапханасында сақтаулы тұр.

Осы жылдары жаңа оқырман формуляры енгізіліп, жеке жұмыстарға ерекше екіпін беріледі, формулярда оқырманның қалауы мен бейімділігін, сүйікті пәндерін көрсету, оқуына талдау жүргізу мүмкін болды. Формуляр 3-4 жылға шақталған, бұл оқу аясының жылдан жылға кеңеюін қадағалауға және кітапханашыға баланың оқуын бағыттауға мүмкіндік береді. Материалистік дүниетанымды тәрбиелеуге көңіл бөлініп, жеке жұмысында атеистік тақырып пайда болды.

Кітап оқу мәдениетіне баулу жұмысы жүйелі жүргізілді. Жас оқырмандармен «каталогты қалай пайдалану керек», «кітаптарды қалай оқу

керек», «ұсынылатын көрсеткіштер» және т.б. әңгімелер тұрақты түрде жүргізілді. «Біздің үздік оқырмандар және белсенділер» стенді кеңінен пайдаланылды. «Оқырмандар және кітаптар» бюллетені шығарылды, онда кітаптар мен мақалалар, оқу мәдениеті туралы, үлгілі және ұқыпсыз оқырмандар туралы үздік пікірлер жарияланды. 300-ден астам оқырман оқу күнделігін жүргізіп, оқығаны туралы пікірлерін жазды, «Біз қалай оқимыз?» ертеңгіліктеріне қатысты.

Анықтамалық-библиографиялық жұмыстарға көп көңіл бөлінді: ұсыным тізімдері мен картотекалар жасалды, өзекті тақырыптар бойынша газет-журнал қиындыларын жинақтау істері жүргізілді, бірінші кезекте балалар оқуының жетекшілеріне, пионер жетекшілеріне, ата-аналарға анықтамалар берілді.

1968 жылы кітапхана базасында облыстық балалар кітапханалары библиографтарының республикалық семинары ұйымдастырылып, онда балалармен жүргізілетін анықтамалық-библиографиялық жұмыстың жағдайы және одан әрі бағыттары қарастырылды.

Осы жылдары «қоғаммен байланыс» термині пайда болды, яғни кітапхананы насихаттауға радио және теледидар журналистері, сонымен қатар мұғалімдер, музей қызметкерлері тартылды.

Көптеген жетістіктеріне қарамастан, кітапхана осы кезеңде кадрлық қиындықтарды бастан кешірді, абонементтерде кезекте тұру жиі болды, кітап қорын тиісті тәртіпке келтіруге уақыт жетпеді, қызмет көрсету бөлімі қызметкерлерінің жұмысы бастан асып жатты. Бұдан басқа, кітапхана үй-жайының бір бөлігінде Жазушылар одағының облыстық филиалы орналасқан болатын. Оны шығарып, кітапхана аймағын кеңейту мақсатында кітапхана директоры М.Никитина жоғары тұрған ұйымдарға қолдаухатын беру шешімін қабылдайды.

1969 жылдың желтоқсанында Абай атындағы облыстық балалар кітапханасына жаңа директор болып Қаныш Қуандыққызы Абдрахманова тағайындалды, ол кітапхананы 40 жыл бойы басқарды.

1970-1980 жылдар балалар кітапханасының балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс тәрбиесінің маңызды институты ретінде қалыптасуының ең белсенді жылдары болды. ОБК балалар оқуын басқару орталығына, сонымен қатар облыстың балалар және мектеп кітапханалары желісінің жетекші әдістемелік орталығына айналды.

Дәл осы жылдары кітапханалардың қызметін реттейтін ресми құжаттар, атап айтқанда, «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру және ғылыми-техникалық прогрестегі кітапханалардың рөлін арттыру туралы» қаулы (1974 ж.) және «КСРО-дағы кітапхана ісі туралы ереже» (1984 ж.)

шығарылды. Бұл құжаттарды жүзеге асыру кітапхана саласының сапалы дамуына біршама әсерін тигізді.

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы 1971 жылдан бастап «Балалармен жұмыс жүргізудегі Қарағанды облысы кітапханаларының жұмысы туралы жиынтық жылдық есеп» жасауды тәжірибеге енгізеді, онда облыстың балалар кітапханаларының қызметіне шолу жасалды және ОБК есебі берілді.

1975-1978 жылдары облыста Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың басшылығымен мемлекеттік көпшілік кітапханаларды орталықтандыру жүргізілді. Балалар кітапханаларын орталықтандыру жұмысын жүргізуге облыстық балалар кітапханасы жауапты болды. Балалар кітапханасының қызметкерлерін оқыту және қорларды, каталогтарды, тұтастай алғанда, кітапханалардың барлық қызметін дайындауды бір жүйеге біріктіруде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Желіні орталықтандыруға байланысты аудандық, қалалық кітапханалар облыстық кітапханалардың басқаруымен әдістемелік жұмыстарды белсендіре түсті.

Әдістемелік нұсқаулық жүйелі сипат алады, «ОБК, ОЖК, ОҒӘК ғылыми және әдістемелік жұмысты үйлестірудің жиынтық жоспары» әзірленді. Еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің атқару комитетінде, облыстық мәдениет басқармасының отырыстарында, аудан, қалалардағы мәдениет бөлімдерінің кеңестерінде халыққа, оның ішінде балаларға кітапханалық қызмет көрсету мәселелері жүйелі түрде тыңдалып отырды.

Қалалар мен аудандарға бригадалық шығу сапарлары ұйымдастырылып, облыстық кітапханалардың әдіскерлері әр ауылға дейін барып, кітапханаларға фронталды тексерулер жүргізеді.

Семинарлар, практикумдар, сайыс-байқаулары, үздік кітапханашылардың озық іс-тәжірибесін жинақтау және тарату, әдістемелік-библиографиялық құралдарды дайындау және әдістемелік жұмыстың басқа да түрлері кең ауқымда жүргізіледі. Аудандық орталық балалар кітапханасының базасында ауқымды жұмыс бағдарламасымен 3 күндік семинарлар өткізіледі. Орталық қалалық балалар кітапханасы мен орталық аудандық балалар кітапханасының директорлары үшін тұрақты семинар-кеңес (2 айда 1 рет) жұмыс істейді. Н.В.Гоголь атындағы кітапханамен бірлесе «Ауыл кітапханашысының университеті» құрылып, арнайы білімі жоқ қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі айлық курстар өткізіледі.

Әдіскерлер мен кітапханашыларға көмекке арналған нұсқаулықтар, бюллетеньдер, ұсынымдар тізімдері, жадынамалар, парақшалар, бетбелгілер және т.б. баспа басылымдарының ауқымы кеңейеді.

Күшейтілген әдістемелік құрамдас бөлік кітапхананың барлық қызметінің сипатына ықпал етеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көпшілік жұмыста әртүрлі нысандар қолданыла бастайды: кездесу кештері, ауызша журналдар, кітаптарды талқылау, Көңілді Тапқырлар Клубы, байқаулар, театрландырылған көріністер және т.б. кітапханадан тыс жерлерде – «Родина», «Юбилейный» кинотеатрларында, «Буратино» қуыршақ театрында, Кеншілердің мәдениет сарайында, Пионерлер сарайында, балалар үйлерінде, балабақшаларда, аула клубтарында, жазғы лагерьлерде және мектептерде көптеген іс-шаралар өткізіледі.

Білім бөлімдері, мәдениет бөлімдері, комсомол ұйымдары, Кеншілер мәдениет сарайының балалар секторы, Пионерлер сарайы, кітапқұмарлар қоғамы, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институты, мектептердің педагогикалық және ата-аналар активі кітапхананың ең жақын достары және серіктестері бола бастайды.

Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының 50 жылдығына орай ел бойынша «Білім еліне», «Пионерстрой», «Зарница», «Жұлдызша», «Бейбітшілік және ынтымақтастық» бағыттарымен «Әрқашан дайынмын!» бүкілодақтық шеруі өткізіледі. Мәселен, «Ленин өсиетіне адалмыз!» пионерлер слеті Кеншілер мәдениет сарайының көгілдір залында 500-ден астам адамды жинады.

Архив материалдарынан: «КСРО - біздің Отанымыз» ұранымен оқыған кітаптарының желісінде ең үздік сурет, мүсіндеу және қолдан жасау бойынша жас оқырмандардың республикалық байқауының қорытындысы бойынша Абай атындағы ОБК директоры Абдрахманова Қ.Қ. байқауды ұйымдастырғаны және өткізгені үшін 90 сом көлемінде ақшалай сыйлықпен марапатталды» дегенді білеміз. Байқауға 3-4 сынып оқушыларынан 112 оқырман қатысып, олар 672 кітап оқыған.

Балалар кітапханалары КОКП, Бүкілодақтық лениндік комсомол жастары одағы съездерінің шешімдерін және КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежневтің еңбектерін насихаттау сияқты тақырыптарды назардан тыс қалдыра алмады. «Жетістіктердің жаңа көкжиектері», «Х бесжылдықтағы біздің облыс» және т.б. тақырыптарда коммунистік оқулардың циклдары мен лениндік парақшаларды өткізеді. Патриоттық, еңбек, құқықтық, атеистік және эстетикалық тәрбие беру, интернационализм және басқа елдер мен халықтармен ынтымақтастық сезімін қалыптастыру тұрақты түрде басты назарда болды.

Қалалық комсомол комитетімен, қалалық халыққа білім беру бөлімімен, балалар үйлерімен, кітапқұмарлар қоғамымен, ата-аналар комитеттерімен бірлесе отырып, тұңғыш рет Балалар кітабының айлығы өткізілді, оның мазмұнды бағдарламасына балабақшадан бастап жоғары сынып оқушыларына дейінгі кітапхана оқырмандарының барлық санаттарына арналған іс-шаралар енгізілді.

Балалардың музыка өнеріне деген қызығушылығын арттыру және эстетикалық талғамын дамыту мақсатында 1978 жылы ноталық әдебиет секторы ашылып, оған 2 штаттық бірлік бөлінді. Сектор тарапынан музыка және өнер мектептерімен, музейлермен жұмысты үйлестіру жоспары жасалып, ақпараттық күндер, балалар музыкасының апталығы, музыка мектептерімен кездесулер тұрақты түрде өткізілді. Сектор сонымен қатар бөлімдер өткізетін көпшілік іс-шараларға белсене қатысып, музыкалық-ноталық әдебиеттерді, өнер туралы кітаптарды, грампластинкаларды, диафильмдерді және басқа да аудио-бейнематериалдарды кеңінен насихаттады. Кітапқұмарлар қоғамымен бірлесе осы бөлімде «ОЛИМП» (өнер, музыка, поэзия әуесқойларының қоғамы) клубы құрылады. Клуб жұмысының барысында қарағандылық жазушылар Ж. Бектұров, А. Баркан, Г. Халкин, Т. Бондаренко, В. Прохоровскийлермен және басқаларымен; суретшілер Л. Дараев және А. Бегалинмен, Кривой Рогтың джаз тобымен, қазақ халық аспаптар оркестрінің директоры, музыкант А.Е. Берікболовпен, «Гэкку» би ансамблінің солисі М. Мұқышевамен және басқа да көптеген өнер адамдарымен шығармашылық кездесулер өткізіледі.

Балалар оқуына жетекшілік жасау әрқашанда кітапханалық педагогиканың негізгі қағидасы болды және кез келген балалар кітапханасы қызметінің бастауында тұрды. Оқырмандарды, олардың қызығушылықтары мен ерекшеліктерін білу және зерттеу - балалар оқуына жетекшілік жасаудың ең маңызды шарты. Оқырман балалармен әңгімелесу, топтық және жеке оқудың талдаулары оқу нұсқауы бойынша балалармен жұмыс жүргізудегі өте жиі қолданылатын әдіс болып табылады. Балалар оқуының жетекшілерімен, яғни ата-аналармен, тәрбиешілермен, мектеп кітапханашыларымен, пионер жетекшілерімен бөлек жұмыс жүргізіледі. Осы санаттағылар үшін «Сіздердің балаларыңыз нені оқиды», «Оқуға үйретудегі ата-ананың рөлі» атты арнайы көрмелер мен стендтер ресімделеді. Ата-аналар жиналыстарында балалардың оқуын талдау, мектептегі сынып сағаттарында оқырмандар формулярларын қорғау жұмыс тәжірибесіне берік енді.

Кітапханашылар кітапханалық жұмыстың әртүрлі әдістерімен жас оқырмандардың оқуға деген қызығушылығын оятуға, қызықты әдебиеттерді таңдауына, кітап оқуды ұнатуына көмектесуге бар жігерін салады.

Кітапханада «Балаларды кітапханалық қызмет көрсетумен қамтудың картотекасы» жүргізіле бастайды.

Анықтамалық - библиографиялық қызмет көрсету жетілдіріледі және 7 картотека, анықтамалықтар, энциклопедиялар, балдырғандарға арналған «Нені оқу керек?» иллюстрациялық каталогы және т.б. енгізілген сапалы анықтамалық-библиографиялық аппарат қалыптастырылады. Библиографиялық шолулар, Библиограф күндері, Ақпарат күндері, кітапханалық сабақтар, жаңа түсімдердің көрмелері, бюллетеньдер шығару, «Факультативтерге көмекке», «Үйірме сабақтарына көмекке» және т.б. жүйелі түрде өткізіледі.

Осы жылдары Қарағанды қаласының барлық мектептерінде 8-сыныптан бастап оқу пәндерін тереңдету мақсатында кітапханалық-библиографиялық білім бойынша факультатив сабақтары енгізілді.

1980 жылы облыстық кітапханалар үшін кітапханалық-библиографиялық жіктемені (КБЖ) енгізу басталады. Бұл кестелерді жасау кеңестік кітапханалардың идеологиялық жұмысын кеңейту және тереңдету қажеттілігіне байланысты болды және ол өткен ғасырдың 1930 жылдарынан бері қолданыстағы бұрынғы кестелерді ауыстыруды көздеді. Сонымен, кітапхана бүкіл кітап қорын жаңа жіктемеге көшіру жөніндегі тынымсыз жұмысына кірісті.

Бұл уақытта кітап қорында 200 мыңнан астам дана кітап болды. Жыл сайын баспалардың (*Педагогика, Политиздат, Просвещение, Қазақстан, Балалар әдебиеті, Жас гвардия, Өнер және т.б.*) 24-тен астам тақырыптық жоспарлары өңделді, одан балалар мен жасөспірімдерге, сонымен қатар балалар оқуының жетекшілеріне қажетті әдебиеттер іріктелді. Толықтыруға көмек ретінде ағымды толықтыру, қосымша толықтыру, мақсатты әдебиеттер, жазылу басылымдары, мерзімді басылымдар картотекалары сияқты анықтамалық аппараттары пайдаланылды. Кітап қорын пайдалануды зерттеу тұрақты түрде жүргізілді, кітаптар есептен шығаруға, басқа балалар кітапханаларына беруге, жөндеуге іріктелді.

Негізгі және қосалқы қорларды ұйымдастыру қорды бастауыш және жоғары жастағы оқырмандарға қызмет көрсететін әртүрлі бөлімдерге бөлінуін ескере отырып, КБЖ бойынша қайта топтастыру және орналастыру жөніндегі жүйелі жұмысты талап етті.

Кітапханада тарихи түрде каталогтар мен картотекалардың тармақталған жүйесі қалыптасты, өйткені балаларға қызмет көрсететін әрбір құрылымдық бөлімшенің қордағы өз бөлігінің каталогтары мен картотекалары бар еді. Кітап қорларын КБЖ-ге көшіру кітапхана каталогтарын толығымен қайта жіктеуге әкелді.

Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бергі облыстың мәдени өмірінің панорамасы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының, Қарағанды қаласының және Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің және басқа да көптеген мемлекеттік наградалардың иегері Рымбала Кенжебалақызы Омарбекованың есімімен тығыз байланысты. Рымбала Кенжебалақызы 20 жылдан астам Қарағанды облыстық мәдениет басқармасын басқарды. Қоғам дамуындағы мәдениеттің рөлін терең сезініп, түсінген Рымбала Кенжебалақызы облыста кітапхана ісін қалыптастыруға жан-жақты қолдау көрсетіп отырды.

Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының басшысы ретінде Омарбекова Р.Қ. кітапханалардың, соның ішінде Абай ОБК-ның жаңа бастамаларын, жобалары мен бағдарламаларын үнемі қолдап келді. Оның қолдауының арқасында балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға бұрынғыдан да көбірек тартуға септігін тигізген ауқымды жобалар жүзеге асырылды, республика мен көршілес елдердің кітапханаларына іссапарларға, кітапхананың материалдық-техникалық базасына қаражат бөлінді. Рымбала Кенжебалақызы басшының маңызды қасиеттерімен ерекшеленді – қарамағындағыларға сенім артып, сенім ұялатты, жасампаз идеяларды құптайтынын білдіріп, олардың жүзеге асуына көмектесті. Кітапхана мәселелеріне ұдайы назар аудару, оларды тиімді шешу Абай атындағы ОБК республиканың бірқатар жетекші балалар кітапханасы санатына қосуға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы елімізде болған экономикалық дағдарыстан кітапханалардың аман-есен өтуі Р.Омарбекованың мәдениет басқармасының басшысы ретіндегі ролінің көрінісі. Қарағанды облысындағы төрт облыстық кітапханасы, қала, ауыл кітапханалары өз мәртебесін сақтап қалып, бүгінде өз қызметін жалғастырып келеді.

Оның қолдауының арқасында Қарағанды баспасөз клубы ұзақ жылдар жалға алған кітапхананың сол қанаты облыстық балалар кітапханасына қайтарылып, кітапхана ғимаратын жекешелендіру мүмкін болды.

Кітапхананың табысты қызметі қызметкерлерінің кәсібилігі арқасында да мүмкін болды, осы жылдары ол сандық және сапалық жағынан артты. 1989 жылдың аяғында штатта 29 кітапхана қызметкері болып, оның 21-нің арнайы кітапханалық білімі бар еді. Сонымен бірге, кітапхана штатына жас маман суретші-көркемдеуші Садырбеков Жәлел Мәлікұлы қабылданады. Осы күнге дейін кітапханада қызмет етіп келе жатқан ол өз ісінің кәсіби маманы, Қазақстан Республикасының театр қайраткерлері одағының мүшесі, Жәлел Мәлікұлы артта қалған сол жылдарды былайша еске алады: *«Мен 1985 жылдан бері Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында*

көркемдеуші-суретші болып жұмыс істеймін. Мен үшін суретші жай ғана лауазым мен кәсібилік емес, ол өмір сүру салты. Суретші-көркемдеуші ретінде мен кітапхананың гүлденуі үшін, ал кішкентай оқырмандардың кітап оқығаннан, әртүрлі журналдарды парақтаудан ерекше шаттануы үшін бәрін жасаймын. Сол жылдары кішкентай оқырмандар үшін бейнелеу өнері үйірмесі ашылып, мен балалардың шығармашылық, жеке тұлғалық қабілеттерін ашуға тырыстым. Бұдан басқа мен балалар суреті байқауларында қазылар алқасының тұрақты мүшесі болып табыламын.

Қызметте суретші ретінде қылқалам мен плакатты сия қаламұшпен салып бастап, компьютерлік графикаға дейінгі жолдан өттім. Көркемдеуші-суретшіге «Готовальня» жиынтығы, «Конструктор» қарындаштары ең қажетті құралдар болды. Ватман парақтарында кітап көрмелері мен тақырыптық сөрелердің тақырыптарын, негізгі іс-шаралардың, ақпараттық стендтердің және т.б. атауларын жаздым.

Көрмелердің тақырыбы қазіргіден түбегейлі түрде өзгеше болды және сол кездегі идеологияға қатаң сәйкес келетін. Бояу түстерінің үйлесімі мен қаріптерді таңдауға өте жауапкершілікпен қарадым, өткені мәтіннің түсіне үлкен мән берілді, қаріптер қарапайым әрі алыстан оқуға оңай айқын әріптер болды».

80-жылдардың аяғында кітапханаларда еңбекті ғылыми ұйымдастыру енгізілді, әр түрлі кітапханалық рәсімдерді өткізу уақытының нормалары және оқырмандарға қызмет көрсетудің жүктеме нормалары енгізілді.

Елдегі қайта құру, саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асыру, қоғамдағы өмірдің барлық салаларында орын алған демократияландыру процестері кітапханалардың, оның ішінде балалар кітапханасының қызметіне де әсер етпей қоймады. Алаш партиясы басшыларының есімдері мен қызметіне байланысты «тарихтағы ақтаңдақтар» ашыла бастады, бұрын тыйым салынған А.Рыбаковтың «Дети Арбата», Б.Пастернактың «Доктор Живаго» кітаптары, А.Солженицын мен В.Набоковтың шығармалары пайда бола бастады. Жоғары сынып оқушыларына аға буын өкілдері естімеген авторлардың шығармаларын оқу ұсыныла бастады.

Кітапхана өзіне қолжетімді жұмыс әдістері мен түрлерін пайдалана отырып, оқырмандарына қайта құру және ашықтық идеяларын ұғындыруға тырысты. 1990 жылы ноталық әдебиет секторы өнер әдебиеті бөлімі болып өзгертіліп, оның негізгі қызметі балаларды Қазақстанның ұлттық мәдениетінің құндылықтарымен таныстыруға бағытталды. Кітапханада Қарағандының суретшілерімен және музыканттарымен көптеген кездесулер өткізіледі, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Д.Нұрпейісова, Ж.Елебеков,

Ш.Қалдаяқовтардың және басқа да қазақтың көрнекті өнер және мәдениет қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмелері, әдеби-музыкалық іс-шаралар ұйымдастырылады.

1991 жыл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жарияланған жыл. Егемендікке қол жеткізгеннен кейін елімізде кітапханалар жұмысының көптеген қырларын қайта қарау және жаңарту, ең алдымен, қазақ әдебиетін және қазақтың тарихы мен мәдениетінің оқиғаларын кеңінен танымал етуге, балалар әдебиетінің озық үлгілерін оқуға назар аударуды күшейту орын алды.

90-жылдардың басы еліміздің кітапханалары үшін дағдарыс кезеңі болды: кітапханалар жабылды, штаттары қысқартылды, кітапты толықтыруға қаражат тапшы болып, кітаппен қамтамасыз ету жүйесі күйреді, құрал-жабдықтарды сатып алу және іссапар шығындарын қаржыландыру тоқтатылды, қалалар мен аудандарға баруға көлік болмады.

Осыған қарамастан, кітапхана қиын жағдайларда өз миссиясын орындауды жалғастырды, ол қолда бар барлық ресурстарды пайдалана отырып, балалардың мәдени дамуы үшін, олардың білім алу, ақпараттық және коммуникативтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өте ұтымды нұсқаларды ұсынады.

Сол жылдары кітапхана тек кітап оқу орны ғана емес, сонымен бірге оқу, қарым-қатынас жасау және көңіл көтеру орнына айналды. Балаларға қызмет көрсету және бос уақытын ұйымдастырудың жаңа түрлері пайда болды. Кітапхана шығармашылықпен жұмыс істеді, басқа кітапханалардың озық тәжірибесін іздеп, енгізді, сонымен қатар балаларды әдебиетті оқуға баулудың, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің барлық заманауи әдістері сынақтан өткізілетін тәжірибе алаңы және балалармен жұмыс істейтін барлық ведомство кітапханашыларының біліктілігін арттыру базасы болды.

Дегенмен, 90-жылдардағы ел экономикасындағы дағдарысқа қарамастан мәдениет басқармасының қолдауымен кітапхананың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, күрделі жөндеу жүргізілді, лингафон кабинеті мен көбейту техникасы сатып алынды.

90-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде тақырыптық жылды жариялау тәжірибесі пайда болды, мәселен, 1997 жыл – Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Президенттің «Қазақстан-2030» халыққа Жолдауы, 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы, 2000 жыл – Мәдениетті қолдау жылы, 2001 жыл – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығы. Абай атындағы балалар кітапханасы әр

тақырып бойынша бұқаралық-ақпараттық жұмыстың кең ауқымы енгізілген әдістемелік әзірлемелер дайындап, ұсынады.

Әдістемелік орталық мәртебесі «Мамандығы бойынша үздік» облыстық байқауы сияқты ірі облыстық іс-шараларды дайындау және өткізу арқылы дәлелденді, байқау қорытындысында 6 адам облыстық мәдениет департаментінің грамоталарымен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Сол жылдары отбасылық кітап оқу мәселесі басты жоспарда болып, Молодежный ауданында озық тәжірибе мектебі құрылады.

Кітапханашылардың біліктілігін арттырудың дәстүрлі түрлерімен қатар «Өндірістік оқу күндері», «Озық тәжірибе мінбері», «Жас кітапханашы мектебі» қолданылады.

Баспа өнімдерінің түрлері екі тілдегі сериялық басылымдармен толықтырылады: «Сенің оқудағы көмекшілерің», «Қазақ жазушылары - балаларға», «Қазақстан жазушыларының тарихи кітаптары», «Еңбек тәжірибесінен», атаулы күндердің жыл сайынғы күнтізбелері және т.б. шығарылады.

Облыстық балалар кітапханасы жас оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыра отырып, отандық және әлемдік балалар әдебиетіне қызығушылықты ояту, жаңа оқырмандарды тарту жөніндегі әртүрлі және жан-жақты жұмыстарды жүргізді.

Облыс кітапханаларында қазақ халқының руханиятын, тарихын, мәдениетін, тілін жаңғыртуға бағытталған «Атамекен» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Қазақстан тарихы мен әдебиетін зерттеу - көпшілік жұмыстағы басты бағыт. Насихаттау жұмысының әртүрлі нысандары қолданылады, мәселен «Менің республикамның өмірбаяны» әдеби кеші, «Қазақстан – таңғажайып өлке» саяхат ойыны.

1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы республика көлемінде кеңінен аталып өтілді. Кітапхана жыл бойына ондаған іс-шаралар өткізіп, мерейтойлық жылды «Абай шығармашылығының үздік білгірі» сынақ байқауымен аяқтады.

1997 жылы елімізде кітапханалар желісін оңтайландыру үдерісі басталады – бірінші болып Қарағанды қалалық балалар кітапханасы жүйесі таратылып, оның нәтижесінде балалар кітапханалары көпшілік кітапхана жүйесіне берілді. Одан әрі барлық дерлік ОБКЖ оңтайландырылып, бұл кезең кітапханаларды балаларға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың жаңа нысандарын іздеуге мәжбүр етеді. Осы уақытта еңбекақы төлеудің жаңа әдістері енгізіледі, қызмет көрсету аймағын кеңейткені үшін қосымша ақы төлеу мүмкіндігі туды.

Кітапхана ақылы қызметтерді енгізу мүмкіндігін сынап көрді, яғни оқырмандарға түнгі абонемент, көшірме қызметтері, мультипликациялық фильмдер көрсетілімі ұсынылды. Түскен қаражатқа кітаптар сатып алынды. Бірақ бұл жұмыс түрі күтілген нәтижені берген жоқ, содан балалар кітапханасында ақылы қызмет көрсету тоқтатылды.

Осы жылдары облыстық балалар кітапханасының да штат санының қысқаруы орын алып, бұл ақпараттық-библиографиялық бөлімнің жабылуына және кітап қорын сақтау бөлімі мен әдебиеттерді толықтыру және өңдеу бөлімінің бірігуіне әкелді.

45-жылдық мерейтойына орай 1998 жылы Абай атындағы ОБК облыс аясында «Біздің балалар нені оқиды?» зерттеуін жүргізеді. Сауалнаманың «Сен үшін балалар кітапханасы нені білдіреді?» сұрағына, «білім бұлағы, кітапхана – дос, үй тапсырмасын орындаудағы көмекші» - деген жауаптар алынды. Сонымен қатар, балаларға: «Егер сен кітапхана директоры болсаң, нені өзгертер едің?» сұрақтар қойылып, оған «қорды толықтырар едім, қызмет көрсету бөлімдерінің дизайнын өзгертем, жұмсақ жиһаз сатып алар едім, кітапханашылар үшін бірыңғай форма енгізер едім, кітапханашыларға компьютер сатып алар едім», - деген жауаптар берілді.

Зерттеудің нәтижесі бойынша және өзгерту қажеттілігін сезінген кітапхана жаңа құрылымды, қорды орналастырудағы өзгерістерді және оқырмандарға қызмет көрсетуді қамтыған «Балалар кітапханасының үлгісін» әзірлеуге кірісті. Үлгіге сәйкес түрлендірулер жүргізіліп, ең кішкентай оқырмандар үшін «Ертегілер бөлмесі» ашылады. Осы жерде 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған «библионяня» жұмыс істеді, онда балалар сурет салады, ойнайды, кітапханашылар ертегі оқиды және т.б. Мультфильмдер, көркем және оқу бейнефильмдерін көруге арналған бейнезал құрылады. Жексенбі күндері «Туған күн иесі», «Отбасылық оқу күні» өткізіледі. «Родничок», «Поэзияға құштарлар», «Казахский для всех», «Кітап театры», «Шебер қолдар», «Подружка», балабақшалар үшін «Всезнайка» клубы, бастауыш жастағы оқырмандар үшін «Школа вежливых наук» клубы және т.б. үйірме жұмыстары белсенді түрде дамиды.

«Терра» радиосына тұрақты түрде шығу, өңірлік газеттерде мақалалар жариялау, «Непоседы» арнайы балалар бағдарламасы жүргізілетін «Дидар» телеарнасымен ынтымақтастық кітапхананы жарнамалауда зор рөл атқарды.

90-жылдардың аяғында кітапхана алғашқы компьютерлер сатып алды, бұл кітапханалық үдерістерді автоматтандырудағы маңызды оқиға болды. Осы жылдар ішінде қызметкерлерді бағдарламалармен, мәтіндік редакторда жұмыс істей білуге машықтанды.

2000 жыл – Мәдениетті қолдау жылы кітапхананың дамуына жаңа серпін берді. «Балалар кітапханасы – қосымша білім беру орталығы» бағдарламасын жүзеге асыру осы жылдың басты нәтижесі болды, оның мақсаты сыныптан тыс оқуды ұйымдастыруда мектептер мен кітапханалардың жұмыс жоспарларын біріктіре отырып, оқушыларды кітап оқуға баулудың нақты жүйесін әзірлеу болып табылды. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі тетігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен ҚР Үкіметінің «Балалардың мектепке дейінгі міндетті даярлау мәселелері туралы» қаулысының аясында жаңа «Дошкольник» орталығын және «Ерте әдеби дамыту орталығын» құру болды.

3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған «Дошкольник» орталығының міндеттері - оқуды ұйымдастыру, кітапқа деген сүйіспеншілікке және кітапханаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу, кітапханаға тарту, алғашқы мәдени-эстетикалық талғамын дамыту.

Библиографиялық бөлімнің базасында балалар оқуының жетекшілеріне арналған «Балалық шақ әлемі» ақпараттық орталығы құрылады, оның мақсаты – балалардың қызығушылықтары туралы ақпаратты жинау және тарату. Орталықта балалар оқуының проблемалары; балалар мен жеткіншектердің мәдениеті мен сәні; оқу, емдеу, демалу мәселелері және т.б. әртүрлі ақпарат жинақталды.

Мәдениетті қолдау жылы аясында кітапхана фандрайзингпен белсенді айналысты. Ынтымақтастыққа демеушілер мен донорларды табу және тарту үшін «Балалар және мәдениет» марафоны ұйымдастырылды, ол нәтижесін беріп, кітаптар мен іс-шаралар өткізуге сыйлықтар сатып алуға қаражат жиналды.

2001 жылы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығы жылында, патриоттық және құқықтық тәрбие жандандырылды, үйірмелер мен клубтар жүйесін пайдалану арқылы ақпараттық мәдениет енгізілді. Бұл жыл Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен де ерекше, ол кітапхананың барлық қызметіне әсер еткені сөзсіз, іс-шаралардың көпшілігі 2 тілде өткізілді, мемлекеттік тілді кеңінен оқытуға, сонымен қатар өңірде тұратын этностардың тілдерін үйренуге айтарлықтай назар аударыла бастады.

2000 жылдары балалар кітапханасының оқырмандары аудиториясының жас аралығы айтарлықтай кеңейгенін кітапхана қызметінің талдауы көрсетті. Кітапханаға 3-4 жастағы өте кішкентай балалар да, кітапхана қорын ынталана пайдаланатын 16-17 жастағы 10-11 сынып оқушылары да белсенді түрде келе бастады. Сонымен қатар, балалардың әрбір жастағы физикалық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқырмандар контингентін

зерттеу әрбір жастағы топпен жұмыс жүргізудің өзіндік әдістерін жасауға мүмкіндік берді. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің базасында «Дошкольник» және №38 мектеп-гимназияның базасында «Алғашқы әдеби даму орталығы» өз жұмысын одан әрі тереңдете жүргізуді жалғастырды.

№101 «Аян» нақты мектеп-лицейімен бірлесе мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал еткен жаңа «ОҒҰ» (Оқуды ғылыми ұйымдастыру) орталығы ашылады.

Кітапхананың жетекшілігімен жоғары сынып оқушылары «Әділет» қазақстандық тарихи-ағарту және құқық қорғау қоғамы және Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ұйымдастырған «Тарихтағы адам. Қазақстан. XX ғасыр» 2-ші республикалық тарихи зерттеу жұмыстары байқауына қатысады. Байқауға ғылым және білім беру ұйымдарымен қатар қатысқан Абай атындағы ОБК жалғыз кітапхана болды. Ол оқырмандарымен бірге академик Е. Бөкетовтің өмірі мен қызметі бойынша «Не болса да ..., Бақытты адам» («Счастливый человек, несмотря ни на что...») атты ғылыми зерттеу жүргізіп, нәтижесі бойынша орта және жоғары мектеп жасындағы оқушыларға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі С.Ж.Жүсіпова, оқырмандар - №1 гимназияның 9-сынып оқушылары Н.Ларочкина мен Ю.Синченко дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

Балалар үйлерінің, мамандандырылған мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін «Егемендікпен есейгендер» акциясы айтулы оқиға әрі үлкен мереке болды, 10 жастағы ең белсенді оқырмандар ынталандырылу сыйлықтарымен марапатталды.

2001 жылы Қарағанды қаласында Қазақстанның барлық кітапханаларының басын қосқан тұңғыш «Кітапхана астанасы» өтті. Абай атындағы ОБК балалар кітапханасы секциясының алаңына айналды.

2002 жылы персоналдың біліктілігін арттыру және кадрларды ұтымды орналастыруды жақсарту мақсатында алғаш рет қызметкерлерді аттестаттау жүргізілді.

2003 жылы 19-20 желтоқсанда Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Бағдарламада «Кітапхана қонақтарды қарсы алуда» салтанатты бөлімі және «Туған күніңмен, кітапхана!» балалар мерекесі болды. Кітапхана атына Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінен, облыстық әкімдік пен мәдениет басқармасынан, еліміздің республикалық және облыстық балалар кітапханаларынан көптеген құттықтаулар түсті.

Мереке қонақтарының қатарында Қарағанды облысының мәдениет басқармасының бұрынғы басшысы А.Есмұхамбетов, кітапхана ардагері – алғашқы кітапханашылардың бірі С.Ж. Жержісова, балалар жазушылары мен ақындары Е.Елубаев пен Ж.Қашқынов, балалар композиторлары Л.Мельникова мен Т.Бейсембек, облыстық және қалалық мәдениет мекемелерінің басшылары, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігінен музыкалық құттықтаулар болды. «Сарыжайлау» Достық үйі, жалпы білім беру және мамандандырылған мектептер, балалар үйлері мен мектеп-интернаттар, балабақшалар мен қайырымдылық қорлары, кітапхананың көптеген достары мен серіктестері атынан құттықтау сөздері айтылды. Барлық құттықтауларда «Абай атындағы кітапхана – кітап оқудың, білім алудың, танымдық білімнің, көңіл көтеру мен достықтың басты әрі маңызды орны» деген негізгі ой айтылды.

Балалар «ІІІ мыңжылдық жазушысы» циклі аясында өткен жазушы Қабдеш Жұмаділовпен кездесуден үлкен әсер алды.

Абайдың 160 жылдық мерейтойы қарсаңында дәстүрлі Абай оқулары ерекше үндестікке ие болды. Мектептерде әдеби және музыкалық сағаттар, поэзия оқулары өткізілді; кітапханада «Абай – қазақ әдебиетінің атасы» атты иллюстрациялық кітап көрмесі кеңінен ашылды. Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанының 100 жылдығына арналған Халықаралық поэзия фестивалі өткізілді, оның қонақтары жазушы Р.Сейсенбаев, ақындар С.Ақсұңқарұлы, З.Чумакова, Е.Зейферт, суретші М.Әлиакпаров болды.

Кітапханада жылдан жылға Балалар кітабының апталығы, Халықаралық балалар кітабы күні, Балаларды қорғау күні, Білім күні өткізіледі, олардың бағдарламаларына «Каскад» субұрқағы алаңындағы «Кітаппен өткен балалық шақ» фестивалі, «Қолдағы кітаппен және картамен Сарыарқаға саяхат» әдеби ойыны, «Білім мұхиты» ойын-саяхаты сияқты және т.б. көптеген танымдық іс-шаралар енгізілген. 2004 жылғы Балалар кітабының апталығы балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың 80 жылдық мерейтойы аясында өтті. «Абай ата ақылы» клубының ашылуы болып, онда қарағандылық жазушылар, ақындар, композиторлар, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Балалардың оқу феномені маңызды тақырыптардың бірі болып табылады, кітапхана қызметкерлері ол мәселелерді қарастырған көптеген республикалық семинарлар мен конференцияларға әрқашан қатысып отырған. Облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық ішкі саясат департаментінің қолдауымен кітапханада «Балалар оқуы мәдени мұра феномені ретінде» атты облыстық конференция өткізілді. Оған Е.Бөкетов

атындағы ҚарМУ оқытушылары, мұғалімдер, мектеп психологтары, ата-аналар, облыстың балалар кітапханаларының кітапханашылары қатысты.

Кітапханада 2000 жылдан бастап кітапхана үдерістерін автоматтандыру және оқырмандарға қызмет көрсету үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қызметкерлер мен оқырмандар үшін тораптық желіге қосылған 8 компьютер орнатылған. 2005 жылы кітапхананың web-парағы құрылды. Сол жылы «Кітапхана-5.4» бағдарламасы сатып алынып, қолда бар дерекқорларды іздеу мүмкіндіктерін кеңейтуде артықшылығы бар жаңа бағдарламаға айырбастау жүргізіледі. Электрондық каталогтың жалпы көлемі 12077 жазба құрайды. Автоматтандыру бөлімі кітапхана сайты үнемі жаңартып отырады, қызметкерлер үшін Интернет мүмкіндіктерімен жұмыс атқару бойынша сабақтар, мультимедиялық басылымдарды шығаруда оқыту жүргізіледі.

2008 жылы кітапхана өзінің 55 жылдық мерейтойын Абай оқулары аясында М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша «Ұлы Абай ұлы туындыда» оқырмандар конференциясымен атап өтті.

Әдістемелік бөлімге қайта ұйымдастыру жүргізіліп, ол инновациялық-әдістемелік жұмыс бөлімі болып аталады және әдістемелік жұмыс одан әрі дами бастады. Жыл сайын облыстың балалар кітапханаларының қызметіне жүргізілген талдаулар әлсіз және мықты жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижелеріне сәйкес әдістемелік жұмыс және бірінші кезекте өңір кітапханашыларының біліктілігін арттыру жүйесі жоспарлануда. Облыстық «Жылдың үздік балалар кітапханашысы» байқауы мерзімді өткізіліп тұрады, оның ішінде кәсіби құжаттаманың тұсаукесері, «Сәлеметсіз бе, кітапханашы!», сүйікті балалар кітабына аннотация ұсыну және т.б. жаңа кітапханашылар үшін тағылымдамалар үнемі жұмыс істейді, аудандар мен қалаларға жергілікті жерлерде практикалық көмекпен бару жүзеге асырылады.

Әдіскерлердің бастамасымен облыстың түкпір-түкпірінен көптеген балалардың қатысуымен түрлі облыстық байқаулар өткізіледі. Осындай маңызды оқиғалардың бірі 126 бала қатысқан «Ұлы даланың тарихы» атты үздік тарихи жобасына байқау болды.

Өз оқырмандарын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының іске асыру барысымен таныстыру мақсатында кітапхана музей қызметкерлерімен және Қарағанды облысының ескерткіштерді қорғау инспекциясымен ашық диалог ұйымдастырды.

Кітапхана «Бір ел – бір кітап» жалпы республикалық акциясының бүкіл кезеңінде қазақстандық авторлардың шығармаларын насихаттауға белсенді қатысып келеді. Акция тұжырымдамасы бойынша жыл сайын бүкіл ел болып

бір автордың шығармалары жыл бойына кітапханаларда, оқу орындарында оқылып, баспасөз беттерінде насихатталып отырады.

Көпшілік іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа инновациялық формаларын іздеу және енгізу, жеке жұмыс жүргізу әдістерінің нәтижесінде кітапханаға балалар мен ата-аналарды, мұғалімдерді оқуға көбірек тартылды. 2008 жылы оқырмандар саны - 17143 адам, келушілер саны – 170093, кітап беру – 366600. Кітап қоры 198466 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 23083 дана. Қор белсенді түрде аудиовизуалды құжаттармен, электрондық басылымдармен толықтырылуда.

2009 жылы кітапхана директорлары ауысты. Абдрахманова Қаныш Қуандыққызы осы лауазымда 40 жыл жұмыс істегеннен кейін зейнеткерлік демалысқа шығып, кітапханаға жаңа директор Жайлыбаева Нұржамал Өтегенқызы тағайындалды.

Оның басшы лауазымындағы алғашқы жұмысының басы кітапхананы күрделі жөндеумен және жаңартумен ерекшеленді. 2010-2016 жылдары басшының орынбасары қызметін атқарған Галина Анатольевна Колесникованың естеліктерінен: *«Кітапханада 2010 жылы үлкен күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Жұмыс көлемі өте ауқымды болды.*

Ұжым болып үлкен моральдық және физикалық үлкен жұмысты атқардық. Нұржамал Өтегенқызымен бірге қызмет жасаған адамдардың бәрі оны сарқылмас энергия мен орасан зор харизманың адамы ретінде біледі. Ол бірден үлкен жоспарлар жасады. Жұмыс орындарын компьютерлендіру, кітапхана үдерістерін автоматтандыру, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің автоматтандырылған режиміне көшу жұмыстары басталды, Кітапхана Интернет желісіне қосылып, WI-Fi желісі жасалды».

Абай атындағы ОБК басшысы Жайлыбаева Н.Ө. естеліктерінен: *«Бұл өте ауқымды жөндеу болды. Есіктер, терезелер, жылыту жүйесі, электр сымдары, ішкі бөлмелердің, фасадтың түс гаммасы және т.б. ауыстырылды. Жөндеу кезінде кітап қорын және кітап сөрелерін 100 пайыз сақтап, орналастыру белгілі бір мәселе болып, ол жалпы күш-жігермен шешілді. Кітап сөрелері шығарылып, байланған кітап қоры қажет болған жағдайда кітапхананың бір қанатынан екіншісіне ауыстырылып отырды.*

Жөндеу кезінде қиын жағдайларға қарамастан, қызметкерлер жоспарлы іс-шараларды штаттық режимде орындады. Бұл ұжымның үлкен моральдық және физикалық күш-жігеріне тұрарлық болды.

Кітапхананың материалдық-техникалық базасы көп жаңартылды, осыған байланысты компьютерлерді жаңарту үдерісі басталды. Ескі ағаш

сөрелері металға, каталог шкафтары жаңасына ауыстырылып, кітап көрмелеріне арналған шыны витриналар және т.б. сатып алынды».

Кейінгі жылдары кітапхананың қызметі оқырмандардың Қазақстан тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне деген қызығушылығын оятуға, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Кітапхана өз жұмысын «Қазақстан балалары», «Мәдени мұра», «Оқырман Қазақстан» республикалық бағдарламалары бойынша жалғастырды.

Қаладағы балалар үйлерімен, балабақшалармен, мектеп-интернаттармен, орта мектептермен және басқа да оқу орындарымен бірігіп жұмыс жасау жалғасты. Мәселен, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына кітапханада «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзімен» үздік балалар суретіне ауқымды байқау өтті. Қарағанды қаласы мен облысының балалар үйлері мен арнайы мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілеріне арналған (ДМШ (*даму мүмкіндіктері шектеулі*) балаларға арналған облыстық балалар үйі; Шахтинск қ. ДМШ балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты; Теміртау қ. ДМШ балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты; Қарағанды қ. ДМШ балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты; жетім балаларға арналған Литвин мектеп-интернаты; Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты; «Құлынишақ» балалар үйі) «Жақсылықты шеңбер бойымен беріңіз» атты кітап және оқу мерекесі маңызды іс-шарамен аталып өтті.

Жас оқырмандардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында клубтар, шығармашылық студиялар, үйірмелер жұмыс істейді; балалармен «Ақылды кітап, қағаз және қарындаш» үйірмесі, қазақ тілін үйренгісі келетіндерге арналған «Кел, қазақша сөйлейік» үйірмесі, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында «Абай жүрген ізбенен...» клубы жұмыс істейді.

Көпшілік жұмыста кітапхана қызметкерлері қызығушылық тудыру мақсатында фестивальдар, байқаулар, эстафеталар, викториналар сияқты сайыс түріндегі жұмыстың жаңа нысандарын пайдаланады.

Кітапхана ынтымақтастық шекарасын кеңейтеді. Ол қазақстандық кітапханалар арасында бірінші болып Мәскеу облыстық мемлекеттік балалар кітапханасының балаларға арналған белгілі бір әдебиеттерді жүйелі және бағыттау арқылы оқып, талқылауды көзейтін «Көк чемоданның саяхаты» халықаралық жобасына қосылды. Жобамен Қарағанды облысының барлық қалалары мен аудандары қамтылды.

Зерттеу жұмысы белсенді жалғасын тапты. Сонымен, «Балалар кітапханасындағы мерзімді басылымдарға сұраныс» зерттеуі мерзімді

басылымдар қорын жинақтаудағы олқылықтардың себептерін және қордың қазіргі пайдаланушының сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін анықтауға, сондай-ақ мерзімді басылымдармен толықтыруды түзетуге ықпал етті.

«Ата-аналар балалар оқуларының жетекшісі ретінде» тақырыбындағы тағы бір зерттеу кеңес сұраған және балаларды іс-шараларға алып келген ата-аналар арасында жүргізілді. Зерттеу ата-аналардың балалар оқуын ұйымдастырудағы білімі мен ұстанымын және ата-аналардың балалар оқуының жетекшілері ретіндегі рөлін анықтауға бағытталды. Сауалнама нәтижесі бойынша көп жағдайда ата-аналар мектеп пен кітапханаға сенім артып отырып, баланың оқуын қолға алмаған, өз баласының кітап оқудағы қызығушылығын білмейді, отбасында кітап оқу дәстүрі қалыптаспағаны белгілі болды. Осыған сүйене отырып, осы бағытта ата-аналармен отбасылық оқу дәстүрлерін жандандырудың маңыздылығы туралы түсіндіру әңгімелерін өткізу, ата-аналарды балалармен бірге іс-шараларға шақыру, баланың дамуы үшін отбасылық оқудың маңыздылығы туралы ақпаратпен жадынамалар мен басқа да баспа өнімдерін тарату сияқты мақсатты жұмыс істеу қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша алатын кітаптар мен әдебиеттерді сатып алуға бөлінетін қаражаттың жыл сайын ұлғаюының арқасында кітапхана қоры өсіп, қазақстандық басылымдар жинағы толықтырыла түседі. Кітапхана қорын жинақтау кезінде оқырмандардың қазақ тіліндегі көркем және салалық әдебиетке, білім беру үдерісіне көмектесетін әдебиетке, анықтамалық басылымдар мен энциклопедияларға деген сұранысының артуы ескеріледі.

2013 жылы Абай атындағы ОБК өзінің 60 жылдық мерейтойын «Балалар кітапханасы қазіргі заманның ақпаратты қоғамында» атты республикалық конференциямен атап өтті.

Бұл оқиға туралы Г.А. Колесникова егжей-тегжейлі еске алады: *«Конференция жұмысына жазушылар Е. Елубаев, О. Ахмет, К. Жүністегі, С. Бексеитов, Е. Пономаренко, Т. Дубовская, С. Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасының директоры С. Раева, Шығыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының және Ақтөбе, Шымкент облыстық балалар кітапханаларының, Қарағанды облыстық кітапханаларының басшылары және басқа да құрметті қонақтар қатысты. Цифрлық технологиялар дәуірінде балалардың оқу мәдениетін тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен перспективалары қарастырылды, сондай-ақ конференцияға қатысушылар баланың ақпарат алу құқықтары бойынша тәжірибелерімен алмасты.*

Мерейтой аясында «Біз әр түрліміз, бірақ біз біргеміз» толеранттылық марафоны өтті, оған Қарағанды мектептерінің 200-ден астам оқушылары мен Қарағанды облысының балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері қатысты».

Кітапхана оқырмандары С.Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасы ұйымдастырған «Қазақстан балалары өзі және өз құқықтары туралы» балалар суреті мен шығармаларының ұлттық байқауына белсене қатысты. Байқау қорытындысы бойынша БҰҰ мен ЮНИСЕФ-тің Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің қолдауымен БҰҰ Қоғамдық ақпарат департаменті бастамашылық еткен және демеушілік жасаған альбомда шығармалардан үзінділер басылып, онда 700-ден астам қатысушылар арасында 11 қарағандылық балалардың суреттері де ұсынылды.

2015 жылы Қарағанды облыстық балалар кітапханасына Абай есімінің берілгеніне 60 жыл толды. Осы күнге орай кітапхана «Абайға жол» on-line конференциясын ұйымдастырды. Іс-шараға Семей қаласындағы Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, Шығыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы, Қарағанды облысы Абай қаласының орталық балалар кітапханасы және Абай Құнанбаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы өкілдері, абайтанушы, № 101 мектеп-лицейінің ұстазы Б. Өмірзақова, кітапхана оқырмандары, қала мектептерінің педагогтары мен орта және жоғары сынып оқушылары қатысты.

Кітапхана тарихында Воронеж облыстық балалар кітапханасы ұйымдастырған «С.Я. Маршактың балалар кітапханаларындағы IV поэзия күні» халықаралық акциясына белсенді қатысуы маңызды оқиға болды. С.Я. Маршактың шығармашылық мұрасын насихаттап, халықаралық және өңіраралық ынтымақтастықты, сондай-ақ әлеуметтік әріптестікті кеңейткені үшін кітапхана дипломмен марапатталды.

Кітапхана қызметін оңтайландыру мақсатында бөлімдерді қайта құрылымдау қажеттігін назарға ала отырып, 2014 жылы өнер жөніндегі әдебиет бөлімін жабу туралы шешім қабылданады, оның штаттық бірліктері мен қоры қызмет көрсету бөлімдеріне берілді.

Осы кезеңдегі есептерде кітапханада ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетудің жеткіліксіз дамуы байқалады, өйткені 1996 жылдан бастап библиография бөлімі қысқартылған болатын. Дегенмен, картотекаларды қалыптастыру, әртүрлі жастағы оқырмандар үшін ұсынымдық көрсеткіштер жасау сияқты анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық жұмысты барлық кітапханашылар жүргізіп отырған.

Осы жылдары бүкіл ел бойынша кітапхана үдерістерін автоматтандыруды енгізудің жаңа жолдарын белсенді іздеу жүріп жатты.

2011 жылы ОБК облыстың ірі кітапханаларының көпшілігі жұмыс істеп, тәжірибеден өткен «ИРБИС 64» автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін (АКАЖ) сатып алу туралы шешім қабылдайды. Бастапқыда «Әкімші», «Каталогизатор», «Комплектатор» автоматтандырылған жұмыс орындары (АЖО) енгізілді. 2015 жылы «Оқырман» АЖО енгізілді. «Кітап беру» АЖО іске қосу үшін Қорды электрондық каталогқа енгізу бойынша жұмыс басталып, кітапхана «Кітаптар», «Мақалалар», «Кәсіби» және «Электрондық ресурстар» ДБ толтыру бойынша табысты жұмыс істеуде.

Кітапхана жаңалықтары, жұмыс жоспарлары туралы ақпарат бар сайттың мазмұны жаңартылып, толтырылады. 2016 жылы кітапхана сайтында З. Чумакова, Г. Бельгер, Р. Сейсенбаев, Е. Зейферт, Е. Елубаев, Т. Дубовская, Л. Мельникова, Е. Пономаренко, М. Азбанбаев, К. Жұмаділов және т.б. авторлардың қолтаңбалары қойылған кітаптардың кітап экспозициясын көрсететін «Қолтаңба» бөлімі пайда болды. Бұл бағыттағы жұмыс келесі жылдары жалғасады.

Бір-біріне сайттың басты парақшасында «On-line кітаптарды ұзарту», «Виртуалды анықтама», «Сіздерді шақырамыз» хабарландыру баннері «Jivosite» онлайн-кеңесшісі жаңа бөлімдері орналастырылады.

Уақыт талабы бойынша кітапхана «ВКонтакте», «Мой мир», «Facebook» әлеуметтік желілерінде тіркеледі.

Жаңа технологияларды енгізуге байланысты кітапханада балалар кітапханашыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға және қайта оқытуға бағытталған әдістемелік жұмыстар жанданады. Оқырмандардың қажеттіліктерінен туындаған кітапханалық қызмет көрсетудің жаңа дүниетанымын қалыптастыруға байланысты тақырыптар бірінші орынға шығады.

Облыстың балалар кітапханалары кітапханашыларының біліктілігін арттыру жүйесінде «Үлгілі кітапханалар: қазір және болашақ», «Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту», «Детская библиотека - пространство правовых знаний» тақырыптары қарастырылды.

Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай балалар кітапханалары қызметкерлерінің инновациялық шығармашылығын ынталандыру, дарынды кітапханашыларды анықтау, олардың кәсіби және шығармашылық жетістіктерін көрсету мақсатында «Отан.Тәуелсіздік.Біз» тақырыбында әдістемелік құралдар байқауын өткізді.

Кітапханада тәлімгерлік, тәжірибе алмасу бойынша жұмыстар жүргізіледі, жас қызметкерлерді оқыту дәстүрлі түрде ғана емес, сонымен қатар байқау түрінде де жүргізіледі. Облыстық «Жыл кітапханашысы» кәсіби

шеберлік байқауының жас кітапханашылар арасында өткізу дәстүрі жалғасын тапты, ал ОБК кітапханашылары арасында «Заманауи кітапханашы жастардың көзімен» шығармашылық байқауы өтті.

Бірыңғай әдістемелік орталық болып табылатын С.Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасында жыл сайын Қазақстанның балалар кітапханалары директорларының республикалық кеңестері, халықаралық конференциялар, съездер, форумдар өткізіліп тұрғанын атап өту қажет. 2015 жылы С.Бегалин атындағы кітапхананың мәртебесі өзгеріп, ол Алматы қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің филиалына айналуына орай облыстық балалар кітапханалары әріптестерінің тәжірибелерін белсенді түрде зерттеп, алмаса бастайды және өзара іссапарлар саны да артады. Осылайша, ОБК қызметкерлері Орал, Павлодар, Өскемен, Ақтөбе қалаларының кітапханаларына кәсіби сапарлармен барды. 2005 жылдан бастап кітапхана қызметкерлерінің халықаралық және республикалық кәсіби конференцияларға, семинарларға қатысуы жандануда:

- «Кітапханалық астана» кітапхана форумдары;
- «XXI ғасыр кітапханалары: жаңа көкжиектер» халықаралық кітапхана конференциясы (Алматы, 2014ж.)
- «XXI ғасыр кітапханалары: болашаққа кітаппен» халықаралық кітапхана конференциясы (Алматы, 2016ж.);
- ҚР Облыстық балалар кітапханаларында аймақтық республикалық конференциялар;
- «Оқу әлеміндегі оқырман ұлт» халықаралық симпозиумы (Астана, 2017 ж.);
- «Кітап. Кітапхана. Қоғам.» Ресей балалар кітапханалары қызметкерлерінің XV шығармашылық зертханасы (Геленджик, РФ, 2009 ж.);
- «Рухани жаңғыру: ұлт келбеті – жалынды жастар» жас кітапханашылар форумы (Астана, 2017 ж.);
- «Кітапхана – қоғамның көпфункционалды, көп деңгейлі әлеуметтік-мәдени институты» кітапханашылардың Бүкілқазақстандық съезі (Алматы, 2018 ж.) және т.б.

2017 жылы Н.Ө. Жайлыбаеваның зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты кітапханаға жаңа басшы болып 2016 жылдың қараша айынан бастап Уатаева Баян Қуанышқызы тағайындалады.

Кітапхана тарихындағы келесі кезеңі балалар кітапханасы қызметінің барлық бағыттарының қарқынды дамуына белсенді жұмыс істеуімен айқындалады.

Ең алдымен, балалар кітапханасының жаңа миссиясы жасалып, ол «барлық қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, балаларға мәдени даму, олардың білім беру, коммуникативтік және өзге де қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау, басқаша айтқанда, оқу, кітап, ойын, бос уақытты ұйымдастыру арқылы баланың жас ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени және жеке ерекшеліктерін ескере отырып баланың даму ортасын құру».

Жаңа басшының келуімен басқару технологиялары жетілдірілуде: бағдарламалар мен жобалардың ауқымы кеңейіп, персоналды басқару өзгеруде, сонымен қатар кітапхана кеңістігіне өзгерістер енгізілуде.

Кітапхананың оң имиджін құру, пайдаланушылар үшін қолайлы жағдай жасау жұмыстары бөлімдерді көркемдік безендіруден, заманауи функционалды сөрелердің эскиздерін, оқу орындарын ұйымдастырудан басталды. 2017 жылдың қараша айында кітапхана үй-жайларының бірі «Күншуақ» залына айналдырылды, ол қала мен облыстың кішкентай тұрғындарының кітап оқу, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту орнына айналып, болашақта қызықты іс-шаралар ұйымдастырылатын жайға айналады.

2018 жылы осы бағыттағы жұмыс жалғасып, мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің қорын толық қайта құру жүргізілді, ол толығымен ашық және оқырмандарға қолжетімді болды. Жиһаздың ыңғайлылығына, түс шешімдеріне ерекше назар аударылды. Балаларға ыңғайлы төмен сөрелер мен жылжымалы кітап жәшіктері ұсынылды. Кітапхананың 65 жылдығын мерекелеу аясында жаңартылған бөлімнің тұсаукесері жасалды.

Мүмкіндігі шектеулі балалар да назардан тыс қалмады. «Қолжетімді кедергісіз орта» жобасы аясында кітапхана мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ортаны ұйымдастыру бойынша жұмыстарды орындады.

«Nøtige» және «220 VOLT» компанияларының құрылтайшысы, кітапхананың үлкен досына, қолдаушысына айналған демеуші Ерлан Әшімнің қолдауының арқасында кітапхананың сыртына жарықтанған атауы орнатылды. Сонымен қатар ол орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөліміне жаңғырту жұмыстарына демеушілік көмек көрсетіп, кітапхана жасөспірімдер көңілінен шыққан заманауи дизайнға, ыңғайлы жиһазға ие болды.

Кітапхана үдерістерін автоматтандыру жағдайын егжей-тегжейлі талдау бұл жұмысқа айтарлықтай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етті. Мамандармен кеңестер өткізіліп, персоналды оқыту жүргізілді, бағдарламалық қамтамасыз ету және қажетті жабдықтар сатып алынды.

Осылайша, «ИРБИС» АКАЖ сауатты бапталды, барлық АЖО жұмысы жағдайына келтірілді. Электрондық каталог құру бойынша жұмыс күшейтілді және ретроенгізу бойынша жұмыс жанданды.

2021 жылы кітапхана «ИРБИС» АКАЖ бағдарламасын «web» нұсқасына дейін жаңартты, бұл кітапхана үдерістерін автоматтандыру жобасын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік берді, оның ішінде тіркеу және оқырмандар қозғалысы, қордың жинақталуы мен қозғалысы, кітап беру бағыттары қамтылды. Нәтижесінде қараша айында Абай атындағы ОБК электрондық каталогы кітапхананың ресми сайтына қойылып, интернет қолданушыларына қолжетімді болды.

2017 жылы облыс кітапханаларының кеңейтілген семинарында 2018 жылдан бастап қорды жүйелеу бойынша үш облыстық кітапхананы КБЖ кестелерінен ӘОЖ-ға көшіру туралы шешім қабылданады. ӘОЖ кестесін бейімдеу бойынша негізгі жұмысты Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды ОӘҒК ғылыми хатшысы В.И.Пак жасады. ОБК көркем әдебиеттің қорына қайта жіктеу жасады.

Кітапхананың әлеуметтік желілердегі аккаунттарына @odb_abai Instagram парақшасы қосылып, ол кейін кітапхананың барлық аккаунттарының ішіндегі ең көп қаралатын парақшасына айналады.

Балалар кітапханасының балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік-шығармашылық даму орталығы ретіндегі жаңа рөлін түсіну нәтижесінде клубтар мен қызығушылық үйірмелерін қайта құруға және жаңасын әзірлеуге әкелді.

1996 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Абай жүрген ізбенен...» клубы 2018 жылдан бастап негізгі мақсаты мен атауын өзгертті. Бүгінгі таңда «Қауырсын қалам» клубы әдеби шығармалар жазуға құмар жасөспірімдердің басын біріктіріп, қалам тербеп жүрген жасөспірімдермен бірге жұмыс жасауда. Өлкетану білімін насихаттау және балалардың туған жеріне патриотизмін тәрбиелеу мақсатында «Жәдігер» клубы өз қызметін бастады.

Кітапханада «Funny English» және «Кел қазақша сөйлейік» үйірмелерінде тіл үйрену ойындар, әндер және мультфильмдер арқылы жүзеге асады. «Қызықты ғылым» кітапханалық зертханасының құрылуына жазғы уақытта қызықты фактілер күндерінің жүзеге асырылуы себеп болды.

«Шуақ» және «Free Style» үйірмелері балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

2018 жылдан бастап кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту мақсатында, жаңа жылдық мерекелерден кейін кітапхана «Сен – біздің алғашқы оқырмансың» акциясын өткізеді, онда алғашқы оқырмандар медаль мен шағын сыйлықтарға ие болады.

Жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу барлық бөлімдердің, ең алдымен оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдерінің тәжірибесіне мықтап енді.

2017 жылдан бастап кітапхана «Жетістік формуласы» ұзақ мерзімді жобасын жүзеге асыруда. Жоба балалар мен жасөспірімдердің оқуға деген қызығушылығын арттыруға, Қазақстан Республикасының танымал, қызықты және табысты адамдарымен танысу және қарым-қатынас жасау арқылы өмір жолын таңдауға бағытталған. Жоба сәтті әрі қызықты болғаны соншалық, 2018 жылдың жазында ол «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобалары мен іс-шараларының республикалық тізіміне енді, ал 2019 жылы Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы жобаны телевизиялық нұсқада іске асыру үшін жобаға қаражат бөлді.

Бұл жобаны жүзеге асыру кітапхананың алдына жаңа міндеттер қойды, өйткені үлкен жобаны жүзеге асырудың жауапкершілігі зор еді, кітапханашыларға кездесу түрін ғана зерттеп қоймай, сонымен қатар теледидар асханасын танып білуге тура келді. Жыл сайын кітапхана 7 бағдарламаның түсірілімін ұйымдастырды.

Бағдарламаға әр түрлі сала өкілдері қатысты, олардың арасында қоғам қайраткерлері, дәрігерлер, мұғалімдер, әртістер, бизнесмендер, спортшылар, блогерлер және т.б. болды. Қонақтар арасында танымал адамдар да болды: Қазақстан Республикасының Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және халықаралық байқаулардың лауреаты, әнші М. Жүнісова; әлеуметтік кәсіпкер, «Green Tal» әлеуметтік шеберханасын қалаушы Э.Әскеров; әлемге әйгілі скрипкашы, виртуоз М. Бисенғалиев; марафоншы, Гиннестің рекордтар кітабының жеті дүркін рекордшысы М. Жыланбаев; «Дарынды бала» балалардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту орталығының құрылтайшысы, «Алтын алқа» төсбелгісінің иегері А.Хамитова; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры, ҚР Мәдениет қайраткері А.Жүдебаев және Қазақстанның басқа да көптеген жарқын тұлғалары болды.

«Кітап оқу қуанышы» жобасы кітапхана үшін ерекше және өте қызықты болды, оның мақсаты қала тұрғындары мен қонақтарын бейресми, жағымды жағдайда кітап оқуға тарту болды. Жоба идеясын «Үзіліс жаса – кітап оқы» ұраны баяндайды. Бейресми мекемелерге, кафелерге келушілерге арналған кітап сөрелерін жасау өте қызықты ойластырылған. Келушілер бір шыны шай немесе кофе ішіп қана қоймай, өздеріне ұнайтын кітапты немесе журналды оқу мүмкіндігіне ие болды. Жобаны «НеКафе» құрылтайшысы М. Мұхамедиев пен «Maison des Talents» білім беру орталығы қолдап, ол мекемелерде «Flip.kz» интернет-дүкенінің демеушілігімен оқу алаңдары

ашылды. Бұл жоба «НұрОтан» партиясының Қарағанды облыстық филиалының назарына ілініп, оң баға берілді.

Кітапхананың 65 жылдық мерейтойы жылында «Балалар оқуы елдің зияткерлік әлеуеті ретінде: проблемалары мен шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті, оған ҚР ҰАК, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстары кітапханаларының басшылары мен қызметкерлері және балалар ақын-жазушылары Т. Әбдірайым, Е. Сейдахмет, Д. Жұмагелдинова, балалар әдебиетінің зерттеушісі, ф.ғ.к., Е.Бөкетов атындағы ҚарУ доценті Ж. Рүстемова, серіктестер мен облыс жұртшылығы қатысты.

2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Дарынды жастарды қолдау және Қарағанды облысының жас авторларының, туған қаласы туралы лирикалық шығармалар жазатын дарынды балалардың шығармашылығын дәріптеу мақсатында қаламыздың 85 жылдық мерей тойына орай «Өлеңім – Қарағандым» атты байқауы ұйымдастырылған. Бұл байқау жаңадан бастаған ақындар мен оқырмандарды қызықтырды.

Сол жылы кітапхана «Киіз үй» этноконструкторын сатып алады. Оның ерекшелігі киіз үй ағаш пен киізден жасалған нағыз қазақ үйінің шағын көшірмесі болуы және оны балалардың өздері құрастыра алатынында еді. Киіз үй тігуді үйрету тренингілері өте танымал болды. әлемнің материалдық емес мәдени құндылықтарының біріне барынша көп бала қол жеткізуі үшін тренингтерді мектептерге ұйымдастыру туралы шешім қабылданады. Бұл балаларды көбірек қамтуға мүмкіндік берді, өйткені өз қолымен жасалған дүние өмір бойы есте сақталатыны сөзсіз еді.

2020 жылдың маңызды датасы – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуы. Абай есімін 65 жыл иемденіп келе жатқан кітапхана үшін оның мерейтойы ерекше даталар тізімінде екені аян. Мерейтойлық шара Қарағанды қаласының көптеген мектептері мен мемлекеттік мекемелерінде «Абай мұрасы-мәңгілік мирас» мультимедиялық көрме-инсталляциясының тұсаукесерімен атап өтілді.

Мерейтой жылы кітапхананы көпшілік үшін дәріс алаңына айналдыру идеясы келіп, дәріс оқуға ғалымдар, зерттеушілер, танымал спикерлерді шақыру көзделді. Кітапханада «Абай жаққан бір сәуле...» атты көпшілік қауымға арналған алғашқы дәріс өтті. Қала мектептерінің оқушыларына филология ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Б.С. Рақымов дәріс оқыды.

Идея сәтті жүзеге асып, келесі жылдары Ә.Бөкейханұлы, Н.Нұрмақов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Қайсеновтердің және т.б. өмірі мен қызметі бойынша дәрістер болды.

Мерейтойлық іс-шаралар аясында кітапхана сайтында «Кітапхана және Абай» бөлімі орналастырылып, онда кітапханадағы Абай мұрасы толық көлемде көрсетілген.

2020-2021 жылдар бүкіл адамзат үшін қиын жылдар болды, әлемде COVID-19 пандемиясына байланысты эпидемиологиялық жағдайдың қызыл деңгейі жарияланды. Бұл уақытта елдегі барлық кітапханалар қашықтан жұмыс режиміне көшті. Лексикада жаңа сөздер мен ұғымдар пайда болды: «ковид», «zoom», «қашықтықтағы іс-әрекет», «өзін-өзі оқшаулау», «офлайн», «онлайн».

Карантиндік шаралардың сақталуына байланысты балалар кітапханасы белгілі бір кестеге сәйкес оқырмандар үшін ашық болды. Іс жүзінде кітапхана қашықтан жұмыс істеуге және пайдаланушылармен интерактивті байланысқа көшті: бұл жазушылармен, ақындармен, кітапхана серіктестерімен онлайн-эфирлер; онлайн-сұраныстарды орындау; пайдаланушылардың өткізілген іс-шараларға пікірлерін күнделікті стористерде жариялау, бейне шолулар және т. б. туралы пікірлерін орналастыру.

Сол кезеңде әлеуметтік желілердегі кітапхана аккаунттарын ілгерілетіп, дамытуға үлкен күш-жігер бағыттталып, нәтижесінде кітапхананың пайдаланушыларымен байланысы жаңа деңгейге көтерілді.

Кітапхана облыс кітапханалары оқырмандары белсенді қатысушылары және жеңімпаздары болған «Молодежь и книга – за мирное будущее» Еуразиялық кітапханалық интернет – байқауы (Краснодар, Ресей), «Книжка на ладошке» халықаралық акциясы (Самара, Ресей), «На одной волне» халықаралық сурет салу байқауы (Киев, Украина), Л. Бартоның 115 жылдығына орай «Всем детям ровесница» онлайн-фестивалі (Мәскеу, Ресей) «Моя белорусская детская книга» book-look жасау бойынша халықаралық акциясы (Минск, Беларусь) және т.б. халықаралық жобалар, байқаулар мен фестивальдердің Қарағанды облысы бойынша үйлестірушісі болып табылады.

2021-2022 жылдары елде балаларға басты назар аударылып, 2021 жыл Балалар әдебиеті жылы, 2022 жыл Балалар жылы болып жарияланады.

Бұл жылдар кітапхана өміріндегі жарқын және маңызды оқиғалармен есте қалды. Осы кезеңдерде жаңа жобалар мен жұмыстың жаңа түрлері, көпшілік іс-шаралардың көп болуы, оқырмандар саны мен кітапханаға келушілер санының артуы айқындалды.

«Менің өмірімдегі кітаптың рөлі» жобасын ерекше атап өту қажет, оның мақсаты Қарағанды қаласының танымал адамдарының оқыған кітаптары туралы өз әсерлерімен бөлісуі нәтижесінде кітап және оқу туралы

12 проморолик жасау болды. Кітапхана оқырмандары жүргізген сұхбаттарға суретші, антиядролық қозғалыс белсендісі К. Күйіков; журналист, радио жүргізушісі А. Строкова; «Экомузей» директоры, эколог Д. Калмыков; ҚР еңбек сіңірген қайраткері, актер Қ. Кемалов; Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Е. Құсайын; джаз оркестрінің жетекшісі И. Андрейченко; ф.ғ.д. профессор Н. Букетова; медицина ғылымдарының докторы С. Лохвицкий; дирижер П. Грибанов; әнші М. Бекішев; «Nətige» және «220 VOLT» компанияларының құрылтайшысы Е.Әшім қатысып, кітап оқудың адам болашағы үшін маңыздылығы туралы промороликтер жасалды..

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімінің қолдауы нәтижесінде жүзеге асырылған «Үздік бол – кітап оқы!» әлеуметтік жобасы қала тұрғындарының оң назарын аударды. Қаланың орталық көшелеріндегі билбордтарда кітап пен кітап оқудың маңыздылығы туралы Ұлы Абайдан бастап Қазақстан мен Қарағанды облысының танымал тұлғаларының сөздері пайда болды. Жыл бойы билбордтарда ақын-жазушылар А. Құнанбайұлы, О. Сүлейменов, Ж. Ерман, Ғ. Жайлыбай және С. Ақсұңқарұлы, С. Сматаев, з.ғ.д., Е. Бөкетов атындағы ҚарУ ректоры Н. Дулатбеков, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Р. Омарбекова, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі В. Молотов-Лучанский, Қарағанды қаласының №61 ЖББМ мұғалімі Д. Төрекелдиналардың нақыл сөздері жарияланып тұрды.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында кітапханада «Менің ауылымның тарихы менің елімнің тарихында» атты облыстық зерттеу жұмыстары байқауының қорытындысы жарияланды. Байқауға 13-15 жастағы оқырмандар Қарағанды облысының Ақтоғай, Нұра, Жаңаарқа, Шет, Ұлытау, Қарқаралы, Осакаров, Бұқар Жырау аудандарынан 25 ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұсынды. Балалардың жұмыстары ауылының тарихына және оның мемлекеттің тәуелсіз дамуына қосқан үлесіне арналды. Оқырмандар өздерінің ғылыми еңбектерін жасау кезінде туған өлкені зерттеу арқылы тарихи-этнографиялық зерттеу дағдыларын игерді.

Балалар әдебиеті жылының маңызды іс-шараларының ішінде кітапхана ұйымдастырған «Қазіргі балалар кітапханасы-шығармашылық аумағы және балалар мен жасөспірімдер оқуын дамыту кеңістігі» республикалық онлайн семинарын атап өтуге болады.

Алғаш рет кітапханада «Ғылым мен техника әлеміне кітап арқылы саяхатта» ұранымен «Қарағанды Библиодайвингі» облыстық фестивалі өткізілді. Фестивальге облыстың барлық кітапханалары, мектеп оқушылары, балаларға арналған мекемелер мен басқа мәдени мекемелер, ата-аналар, педагогтар қатысты. Шығармашылық бағдарламаға дәрістер,

шығармашылық, танымдық ойын алаңдары, кітапханалық демалыс аймақтары кірді.

Кітапхана тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі де балалар әдебиеті жылында болды. 2021 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына–2021» республикалық фестивалінің қорытындысы бойынша кітапхана «Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік балалар немесе жасөспірімдер, немесе балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» номинациясының жеңімпазы атанды.

2022 жыл балалар жылы «Ұлттық және отбасылық дәстүрлерді сақтау мен дамытудағы балалар кітапханасының әлеуметтік-мәдени миссиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясымен атап өтілді, оған Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, АҚШ-тан 100-ден астам қатысушы қатысты.

Айта кету керек, Абай атындағы ОБК көптеген жобалары мәдениет басқармасының қаржылай қолдауымен болды. Олардың ішінде балалар мен жасөспірімдерді заманауи Қазақстандық әдебиетті оқуға тарту мақсатында оның авторларымен тікелей танысу арқылы ойластырылған «Балалар, сіздер үшін жазамыз!» жобасы ерекше орын алады. Жоба аясында балалар жазушылары Т.Әбдірайым, М.Қаназ, Е.Клепикова, М.Айымбетов, Н.Инжевская, С.Досжан, Д.Ораз, Б.Әлімжанов және басқа да ақын-жазушылармен кездесулер өтті. Сонымен қатар, оқырман балалар үшін маңызды сәтке барынша көп баланың қатысуы көзделіп, кездесулер тек Қарағандыда ОБК ғана емес, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларында және Абай, Бұқар Жырау, Шет, Нұра, Осакаров аудандарында ұйымдастырылды. Авторлармен кездесу балаларға, сондай-ақ шалғайдағы шағын қалалар мен ауылдарға жиі бармайтын балалар жазушыларының өздеріне ұмытылмас әсер қалдырды.

Қазақ балалар жазушысы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Молдахмет Қаназдың 80 жылдығына арналған «Сикырлы бояулар» кітап иллюстрацияларының халықаралық байқауы қатысушылардың есінде ұзақ сақталады. Бұл кітапхана тарихында халықаралық деңгейде ұйымдастырылған алғашқы байқау болатын және ол өте сәтті өткізілді. Байқауға әлемнің түкпір-түкпірінен: Қазақстан, Германия, Израиль, Франция, Ресей, Қырғызстаннан 11-14 жас аралығындағы балалардан 122 шығармашылық жұмыс келіп түсті. С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ академиялық драма театрында мерекенің құрметті қонағы Алматыдан арнайы келген Молдахмет Қаназдың қатысуымен байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Автор үшін шығармасының өміршеңдігі әрқашан маңызды екені аян, сол күні Молдахмет атада да, балаларда ерекше толқу болғаны сөзсіз.

2022 жылдан өткізіле бастаған Кітапханалық ымырттар (Библиосумерки) бірден балалар ғана емес, олардың ата-аналары арасында да үлкен танымалдылыққа ие болды. Жылына бір рет кітапхана балалар мен жасөспірімдер және олардың ата-аналары да аралайтын әртүрлі тақырыптық алаңдардың сиқырлы әлеміне айналады. Балалардың заман талабына сай қызықты іс-шаралар ұйымдастыра білу қызметкерлерден үлкен еңбекқорлықты, білімділікті, ұтқырлықты, мамандыққа деген сүйіспеншілікті талап етеді.

Соңғы уақытта елде болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер облыс кітапханаларының қызметіне әсер етпей қоймады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 4 мамырдағы «Елдің жаңа өңірлерін құру туралы» Жарлығына сәйкес ресми түрде үш жаңа облыс - Абай, Жетісу, Ұлытау құрылды. Нәтижесінде Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларының, сондай-ақ Жаңаарқа және Ұлытау аудандарының кітапханалары жаңа Ұлытау облысының құрамына енді. Осылайша, Қарағанды облысының кітапханалар желісінің қысқаруы орын алды.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысында балаларға 230 кітапхана қызмет көрсетеді (балалар кітапханасы – 28, ауылдық кітапханалар - 172, қалалық кітапханалар – 26, облыстық кітапханалар – 4).

Кітапханалар желісін қысқарту ұласпалы құбылыс, бірақ сонымен бірге цифрлық дәуірдің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, балаларға ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетудің балама әдісін табу маңызды.

Кітапхана саласына жаңа технологиялар келіп, ОБК қызметінің мазмұнында мүлдем жаңа бағыттар пайда болады. Бұл ретте балалар кітапханасының рөлін күшейтуге, мекемені қаржыландыруды жақсартуға, өзінің жеке имиджін құруға, балалар мен жасөспірімдердің, сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдердің қажеттіліктерінің өзгеруін ескере отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға үнемі назар аударылып отырады.

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы өзінің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында қарқынды даму үстінде, кітапхана қызметкерлері оқырмандарға қажет және пайдалы болу үшін кәсіби деңгейде дамуын тоқтатпауда. Алда кітапхананы цифрландыру дәуірінде балаларды білімге және кітап оқуға тарту және қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу бойынша көптеген жылдарға созылған қызықты әрі маңызды жұмыстар күтіп тұр.

II тарау

КІТАПХАНАШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Кез-келген кітапхананың жетістігін өз ісіне берілген адамдар жасайды. Кітапхананың тағдырын анықтайтын да, жұмыс мазмұнына әсер ететін де және өз қызметінде ұмтылған деңгейін айқындайтын да сол қызметкерлер. Бұл олардың эрудициясына, мәдениетіне, біліміне, өмірге деген көзқарасына, уағыздайтын құндылықтарына байланысты.

Балалар кітапханаларының ерекшелігіне міндетті түрде балалармен жұмыс істеу білетін адамдардың жұмыс істеуі жатады, оларды «балалық шақ адвокаты» деп бекерге айтпаған. Балаларға деген сүйіспеншілік, балалар психологиясын түсіну және балалар әдебиетін білу сияқты өзгеше белгілер балалар кітапханашыларына тән.

Балалар кітапханалары, ең алдымен, балалардың кез келген түрде қажетті ақпарат алу мүдделерін қорғауға, олардың білім алуына және мағыналы демалыс пен қарым-қатынасты ұйымдастыруға жағдай жасауға арналған.

Балалар кітапханаларының бұл басты миссиясын Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы басшылары ұстанған. Кітапхананың 70 жылдық тарихында кітапханада 5 басшы ғана ауысқан.

КІТАПХАНА ДИРЕКТОРЛАРЫ

Асаинова Сахиш Шаитқызы

(27.12.1927 - 07.12.1998)



Кітапхананың алғашқы директоры Сахиш Шаитқызы Асаинова 1927 жылы 27 желтоқсанда Қарағанды облысы Тельман ауданы Көкпекті кентінде дүниеге келген. 1944 жылы Қарағанды қаласының №20 орта мектебін аяқтады. Сол жылы Алматы қаласындағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түседі. Бірақ отбасылық себептерге байланысты ол 2-курста оқуды тоқтатуға мәжбүр болды. Қарағандыға оралып, 1946-1947 жылдары №20 орта мектепте мұғалім болып

жұмыс істеді. 1948 жылы Қарағанды ЛКЖО қалалық комитетінің мектеп жастары арасындағы жұмыс жөніндегі хатшысы болып тағайындалды.

29.05.1950 жылы Қарағанды қаласының облыстық кітапханасына кітапханашы болып қабылданды. 1953 жылдың шілдесінде жаңадан құрылып жатқан облыстық балалар кітапханасының директоры болып тағайындалады. Оның мойнына жаңа кітапхананы жайластыру бойынша барлық ұйымдастырушылық іс-шаралар жүктелді. С.Асаинова өзінің барлық кәсіби білімін Абай атындағы облыстық балалар кітапханасын құруға және қалыптастыруға жұмсады. Сонымен бірге сол жылдары ол В.М. Молотов атындағы Мәскеу мемлекеттік кітапхана институтында «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуын аяқтайды.

1959-1971 жылдары Сахиш Шаитқызы Қарағанды облыстық мәдениет басқармасында басшының орынбасары, кейін бастық лауазымында қызмет атқарды. Ол бастық болған жылдары облыстың көптеген мәдениет мекемелері қалыптасты. Ол клуб қызметін дамыту бойынша облыстық ғылыми-әдістемелік орталықтың, көркемөнерпаздар ұжымдарын құру, мұражай жұмысын дамыту және т.б. маңызды шаралардың бастаушысы болды.

1971-1990 жылдары облыстық кәсіподақтар кеңесінің хатшысы қызметін атқарды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін облыстық кәсіподақтар кеңесінің баспасөз орталығының басшысы болды, Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды ОӘФК жұмыс істеді. Ширек ғасырға жуық уақыт бойы ол қоғамдық негізде Шет елдермен достық және мәдени байланыстар бойынша қазақ қоғамының облыстық ұйымын басқарды.

Сахиш Шаитқызы білімділігімен, мақсат қоя білетіндігімен, жұмысқа белсенділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, талапшылдығымен және табандылығымен ерекшеленді.

С.Ш. Асаинованың еңбегін мемлекет пен қоғамдық ұйымдар жоғары бағалады. Оған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері құрметті атағы берілді. Ол «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен, шет елдермен достық қоғамының құрмет белгілерімен марапатталды.

Никитина Мария Тихоновна



Никитина Мария Тихоновна кітапхананы 1959 жылдың сәуірінен 1969 жылдың желтоқсанына дейін басқарды. Ол - облыстық балалар кітапханасының құрылуы мен қалыптасуының басында тұрған алғашқы кітапханашылардың бірі. Өкінішке орай, Мария Тихоновнаның жеке деректері бар құжаттар архивтерде сақталмаған.

В. Молотов атындағы Мәскеу мемлекеттік кітапхана институтының түлегі Мария Тихоновна еңбек жолын Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық кітапханасында бастайды. Ұйымдастырушылық қабілеті мен кітапхана ісін терең білуінің арқасында жас маман М.Т. Никитина 1951 жылы кітапхананың негізгі және күрделі бөлімдерінің бірі – әдістемелік-библиографиялық бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалды.

Облыстық балалар кітапханасының құрылуына және ұжымды кәсіби мамандармен нығайтуға байланысты 1953 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Н.В. Гоголь атындағы облыстық кітапхананың әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мария Тихоновна ОБК библиография бөлімінің меңгерушісі болып қабылданады.

1959 жылы С.Ш. Асайынова облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары қызметіне ауысуына байланысты М.Никитина кітапхана директоры болып тағайындалды.

Кітапхана басшысы ретінде Мария Тихоновна ұйымдастырушылық қабілетке ие болғаны сөзсіз. Сол жылдардағы кітапхананың есептеріне сүйенсек, ол өз ісінің жоғары деңгейлі маманы болған. Кәсіби менеджердің білімі мен дағдыларын нақты меңгергені де аңғарылады. Оның басшылығымен кітапхананың барлық жұмыстары өзгертілді: қорларға ашық қолжетімділік ұйымдастырылды; мектептермен, атап айтқанда пән мұғалімдерімен байланыс нығайды; әдістемелік жұмыс жүйелі сипатқа ие болды; көпшілік жұмыста Кеңес Одағының балалар кітапханаларының тәжірибесі белсенді зерттеліп, пайдаланылды; оқырман формулярының жаңа нысанын енгізумен жеке жұмысқа көп көңіл бөлінді; қазақ әдебиетін кеңінен насихаттау жүргізілді; радио және теледидар журналистерімен байланыс орнатылды және т.б.

Мария Тихоновна жұмысқа деген жауапкершілігі және қайратты мінезінің арқасында Жазушылар одағының облыстық бөлімшесінің еншісінде болған кітапхана үй-жайының бір бөлігін алып қалды. Облыстық

мәдениет басқармасы оның дәлелді сөздері мен ұсыныстарына құлақ асып, қызметтік хаттары, атап айтқанда, кітапхана штатын ұлғайту бойынша жазбалары ескеріліп, назарда болып отыратын.

1963 жылдың наурыз айынан бастап облыстық мәдениет басқармасының бұйрығына сәйкес Абай атындағы облыстық балалар кітапханасына облыстың барлық өнеркәсіптік қалаларының бөлімдерінің кітапханалары үшін әдістемелік орталықтың функциялары жүктелді. Мұндай шешім Н.В. Гоголь атындағы облыстық кітапхананың ауылдық облыстық мәдениет басқармасының құзырына берілуіне орай болды.

14 штаты ғана бар директор Жезқазған өңірін ескере отырып, облыстың өнеркәсіптік қалаларының барлық ведомстволарының кітапханалары үшін әдістемелік орталықтың функцияларын орындаумен байланысты күрделі өндірістік жағдайдан абыроймен шықты. Облыс кітапханаларының көп бөлігі қалаларда болғанын ескере отырып, қолда бар штатпен әдістемелік қызметті ұйымдастыру директордың мойнына қандай жүктеме мен жауапкершілік жүктегенін түсінуге болады. Мария Тихоновна бүкіл облыс бойынша, соның ішінде мәдениет басқармасының тапсырмасы бойынша іссапарларға жиі баратын.

1960 жылы М.Т. Никитина Алматы қаласындағы кітапхана қызметкерлерінің I республикалық съезіне делегат болып сайланды. Әрине, жылдар көкжиегіне қарай отырып, Мария Тихоновнаның әріптестерінің арасында беделге ие болғаны анық.

Әбдірахманова Қаныш Қуандыққызы

(13.09.1937 –25.10.2021)



Қаныш Қуандыққызы Әбдірахманова – бір кездері кітапханашы мамандығын таңдап, өмір бойы адал қызмет еткен, мамандығы оның өмірінің мәніне айналған тұлға. Кітапхана саласындағы жалпы еңбек өтілі 55 жыл, соның 40 жылын үздіксіз кітапхананы басқарған басшыны кітапхана ісінің тарихында табу қиын.

Қ. Әбдірахманова 1937 жылы 13 қыркүйекте Семей облысы Аягөз ауданы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы Абай атындағы кітапханалық техникумды бітірген соң, еңбек жолын 1955 жылы Н.В. Гоголь атындағы облыстық кітапхананың кітапханашысы болып бастаған. Н.К. Крупская атындағы Ленинград

мемлекеттік мәдениет институтын 1965 жылы «Кітапханатану және ғылыми және көпшілік кітапханалардың библиографиясы» мамандығы бойынша аяқтаған.

1969 жылдың желтоқсанында Қаныш Қуандыққызы Әбдірахманова Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының директоры болып тағайындалды. Ол бар өмірін бір мамандыққа арнаған кәсіби кітапхана жетекшілерінің үлкен саңлақтарының жарқын өкілі.

Қ.Қ. Әбдірахманова республиканың кітапхана ісінің тәжірибелі жетекшілері мен ұйымдастырушыларының бірі болды. Қаныш Қуандыққызы жұмыс істеген кезеңде кітапхана ісінің өркендеуі де, еліміздің кітапхана желісін оңтайландыру жұмыстары да болды. Тек Қ.Қ. Әбдірахманованың табандылығы мен мәдениет басқармасының қолдауының арқасында кітапхана облыстық балалар кітапханасы мәртебесін сақтап қалды. Оның басшылық еткен кезінде кітапхана Қазақстанның ең ірі балалар кітапханаларының біріне, Қарағанды облысының балалар кітапханаларының әдістемелік орталығына айналды. Қаныш Қуандыққызының жұмысқа толықтай берілгені сонша, кітапхана ол үшін шынымен екінші үйі болатын. Кітапхананы басқарған жылдары кітапхана қызметіне оқуға тартудың әртүрлі әдістерінен бастап, әдістемелік қамтамасыз етудің нақты жүйесін құруға дейінгі көптеген жаңалықтар енгізілді.

Қ.Қ. Әбдірахманова еңбекке қабілетті және шығармашыл, ұйымшыл ұжым құра білді. Басшы ретінде жас мамандарға қамқорлық жасап, тәлімгерлікті дамытып, қиын сәттерде қолдау көрсетіп, тұрғын үй мәселелерін ұйымдастыруға қатысқан. Ол қызметкерлер арасындағы қарым-қатынаста әдептілігімен, сыпайылығымен, ұстамдылығымен ерекшеленді.

Қаныш Қуандыққызымен көп жылдар бірге қызмет атқарған Р.Ш. Дүкенбаева оны ерекше ықыласпен еске алады: *«Ол директор болып тағайындалған кезде 30 жастан енді ғана асқан еді. Оны нағыз көшбасшы, табанды және берік мінезді, біртұтас ұжым құра білген басшы деуге болады. Оның басшылығымен балалар кітапханасы қорын қалыптастыруда, балалар, мектеп кітапханаларына әдістемелік және практикалық көмек көрсетуде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қаныш Қуандыққызы облыстың кітапхана жүйесін орталықтандыру, компьютерлендіру үдерісіне қатысты. Біздің кітапхана базасында одақтық, республикалық маңызы бар семинарлар мен конференциялар өтті.*

90-шы жылдары кітапхананы жекешелендіру және үй-жайды Қарағанды баспасөз клубына жалға беру мәселесі көтерілді. Міне, осы жерде басшының берік және қайсар мінезі анық көрініп, балалар кітапханасын сақтап қалу үшін көп күш жұмсады.

Осындай нәзік әйелдің арқасында балалар кітапханасы өмір сүріп, кішкентай оқырмандарын қуантатып отырғаны қандай керемет!»

Қаныш Қуандыққызы мінезі қатты адам болғанымен, оны білген адамдар мейірімді жүрегі мен мықты күш жігерлігін ерекше атап өтеді. Ол туралы суретші-көркемдеуші Ж.М. Садырбеков былай дейді: *«Суретші ретінде енді ғана еңбек жолын бастаған мені жұмысқа қабылдаған алғашқы директорым Қаныш Қуандыққызы туралы шынайы сөздер айтқым келеді. Сыртқы түрі қатал болғанымен, жүрегі жұмсақ мейірімді адам еді. Жас кезімде жіберген қателіктеріме кешіріммен қарап, дұрыс бағдар бере білді. Көптеген жылдар бойы біздің кітапхананы ақыл парасаттылығымен басқарып келді.*

1999 жылы кітапхананың бір бөлігі Ұлттық баспасөз клубына берілген болатын. Тек Қаныш Қуандыққызы және мәдениет департаментінің басшысы Р.К.Омарбекованың қажырлы еңбектері мен табандылығының арқасында 2002 жылы ғимараттың жалға алынған бөлігі кітапханаға толығымен қайтарылды.

Ол табандылық, жауапкершілік, әртүрлі күрделі мәселелерді шешуге әріптестерін жұмылдыра білу қабілеті сияқты қасиеттерімен ерекшеленді.

Қ.Қ. Әбдірахманова «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл» және «Еңбегі үшін» медальдарымен; КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еңбек ардагері» белгісімен, ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған.

Жайлыбаева Нұржамал Өтегенқызы



Жайлыбаева Нұржамал Өтегенқызы Қарағанды облысының Қарсақпай кентінде 1955 жылы 4 мамырда дүниеге келген. 1976 жылы «Кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітірген. Абай атындағы ОБК директоры лауазымына тағайындалғанға дейін Ж. Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасының негізгі қорды сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Алматы, Жезқазған, Мәскеу кітапханаларында қызмет етіп, мол тәжірибе жинаған маман кітапханашыдан бастап кітапхана басшысына дейінгі өсудің барлық кезеңдерінен өтті.

Қарағанды облыстық балалар кітапханасына 2009 жылдың қазан айында тағайындалып, 2017 жылы зейнетке осы жерден шықты.

Нұржамал Өтегенқызы Абай атындағы ОБК-дағы жұмыс істеген жылдары туралы осылай еске алады: *«Кітапханада балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелейтін қазақстандық және әлемдік балалар әдебиетінің шығармаларын оқуға және дәріптеуге тартуда сауатты, жоғары дәрежелі мамандар жұмыс істеді және жұмыс істеуде. Жаңа бастамаларды қолдау үлкен маңызға ие екенін атап өтпеу мүмкін емес. Директордың орынбасары Г.А. Колесникованың, бөлім басшылары Е.О. Кучаева, Қ.М. Қалиева, С.Ж. Жүсіпованың қолдауына, ынта-жігеріне, тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, кітапхана жаңа ақпараттық технологияларды, кітап пен оқуды насихаттаудың формалары мен әдістерін енгізу арқылы жаңа имиджге ие болды.*

Менің жұмыс істеген уақытымның алғашқы жылдарында кітапханада жұмыс орындарын компьютерлендіру, кітапхана үдерістерін автоматтандыру жұмыстары басталды, кітапхана Интернет желісіне қосылды, Wi-Fi желісі іске қосылды, бұл пайдаланушылар үшін де, кітапханашылар үшін де өте маңызды сәт болды. 2010 жылы сайт жаңартылды. Кітапхана сайтындағы мәселелердің бірі ағылшын тіліндегі нұсқасының болмауы болды, бірақ ол 2011 жылы құрылып, іске қосылды.

2010 жылы оқырмандарымызға арналаган «Кітапхана хабаршысы» атты кітапханалық газетін шығаруды ұсындым, тоқсан сайын атаулы күндер туралы материалдар жинағы, жаңа кітаптар, үйірмелер мен клубтардың жұмысы туралы материалдар жарияланған газет шығып отырды.

2012 жылы кітапханада аудармашы мен библиографтың штаттық бірліктері пайда болды (1997 жылы кітапхана штаты қысқартылған кезде библиография бөлімі толығымен жабылды).

2013 жылы кітапхананың 60 жылдығына арналған «Балалар кітапханасы қазіргі заманның ақпаратты қоғамында» атты республикалық конференцияның бастамашысы болдым. Конференцияның мақсаты кітапхана ісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, балалардың оқуын ілгерілету және кітапхана жұмысын жемісті, сұранысқа ие етіп қана қоймай, қоғамның өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне жауап беретін басқа да мәселелер бойынша тәжірибе алмасу болды»

Нұржамал Өтегенқызы басшы ретіндегі өз жұмысын былай бағалайды: *«Менің басшылық қызметін атқарғандағы қағидам - кітапхана жұмысында басшылық пен ұжым арасындағы үйлесімділік пен өзара түсіністік маңызды, басшы мен ұжым арасындағы түсіністік кітапхананың*

қалыптасуына, жандануына, жылдар бойы істелініп келе жатқан жұмыстардың сақталуына және де уақыт талабына сай кітапхананың белсенді дамуына бар жігерін салады.

Н.Ө. Жайлыбаева Мәдениет министрлігінің, Қарағанды облысы әкімінің және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының құрмет грамоталары мен алғыс хаттарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, халықаралық әріптестердің дипломдарымен марапатталған. 2013 жылы Нұржамал Өтегенқызы «Мәдениет және өнердің үздік менеджері» номинациясы бойынша Қарағанды облысы әкімінің сыйлығымен марапатталды.

Уатаева Баян Қуанышқызы



Уатаева Баян Қуанышқызы 1970 жылы 30 қазанда Қарағанды қаласында дүниеге келген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Филолог. Орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы» біліктілігі бойынша аяқтаған. Жалпы жұмыс өтілі-30 жыл. Еңбек жолын 1992 жылы Жезқазған қаласының орта мектебінде орыс тілі мұғалімі болып бастаған. 1993-2009 жылдары О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ тілі кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы болып жұмыс істеді.

Кітапхана саласындағы жұмысын 2009 жылы Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды ОӘФК кітапханаларды дамыту бөлімінің кітапханашысы болып бастаған. 2011-2012 жылдары Челябинск мемлекеттік мәдениет және өнер академиясының (РФ) қосымша кәсіптік білім беру институтында «Кітапханалық-ақпараттық қызмет» бағдарламасы бойынша кәсіптік қайта даярлаудан өтті. Сондай-ақ, Санкт-Петербург мемлекеттік мәдениет және өнер университеті ұйымдастырған Халықаралық жазғы кітапхана мектебінен сабақ алды. (РФ, 2014ж.).

Баян Қуанышқызы жаңа нәрселерді үйренуге деген табиғи дарынының, сондай-ақ еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында жаңа мамандықты тез игеріп, кітапхана саласында өсуге қол жеткізді. Ол Н.В. Гоголь атындағы ҚОӘФК ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету және облыс кітапханаларын дамыту сияқты жетекші бөлімдеріне басшылық етті. *«Кітапханашы мен үшін кездейсоқ ашқан екінші мамандық болды.*

Кітапхана әлеміне іштей сүңгіп, оның шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндіктері мол екенін, бұл мені әрқашан қызықтыратын дүние екенін түсіндім», - дейді ол өз мамандығы туралы.

Б.Уатаева 2016 жылғы қарашада Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы басшысының орынбасары лауазымына, ал 2017 жылғы қаңтар айында Н.Ө. Жайлыбаеваның зейнетке шығуына байланысты кітапхана басшысы қызметіне тағайындалды.

Баян Қуанышқызы Абай атындағы ОБК жұмысына жаңа тәсілдер мен мықты серпін берді. Командада жұмыс істей білу, кәсіби білімділігі және талапшылдығы облыстық балалар кітапханасының жұмысын әрі қарай дамытып, жоғары деңгейге көтеруіне себін тигізді.

Кітапхана дизайны қайтадан жаңашаланып жасалынды, жайлы оқу орындары ұйымдастырылып, жұмыс және отбасылық оқу залдары ашылды. Оның басшылығымен 2017 жылдан бастап 5-тен астам жоба жасалып, іске асырылды. Солардың ішіндегі ең табысты - ел мен облыстың танымал тұлғаларының қатысуымен болған «Жетістік формуласы» телевизиялық жобасы.

Ақпараттық дәуірдің заманауи талаптарын терең түсінуінің арқасында Баян Қуанышқызы кітапхана үдерістерін автоматтандыруды жүзеге асыруда табысқа жетуіне ықпал етті. 2018-2021 жылдар аралығында «Ирбис» АКАЖ барлық модульдерін «web» нұсқасына дейін толыққанды енгізу жұмыстары, сондай-ақ қорды ретроенгізу, мәліметтер базасы, электрондық каталог құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде 2021 жылдың соңында Абай атындағы ОБК электронды каталогы кітапхананың ресми сайтында жарияланды.

Жаңғырту үдерісі инновациялық-әдістемелік жұмыстарға да әсер етті. Облыстың балалар кітапханашыларының кәсіби құзыреттілігін одан әрі арттыру жаңа тыныс алды. Кітапхана халықаралық және республикалық ауқымдағы іс-шараларды ұйымдастырып отырды.

Нақты кадрлық саясатты жүргізу Баян Қуанышқызына кітапхананы маңызды жетістіктерге жетелеген мақсаты бір кәсіпқойлар командасын құруға мүмкіндік берді. 2019 жылы Абай атындағы ОБК Республикалық байқау қорытындысы бойынша республиканың бастауыш кәсіподақ ұйымдары арасында 2-ші орынға ие болды. 2021 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына–2021» республикалық фестивалінің қорытындысы бойынша кітапхана «Үздік облыстық маңызы бар мемлекеттік балалар немесе жасөспірімдер, немесе балалар мен жасөспірімдер кітапханасы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Б.Уатаева - балалар оқу мәселелері бойынша халықаралық, республикалық және облыстық семинарлардың, шеберханалар мен конференциялардың қатысушысы. Қазақстан Республикасы мен Ресейдің кәсіби баспасөзінде, ғылыми еңбектер жинақтары мен журналдарында жарияланымдары шыққан.

Мәдениет және спорт министрлігі, облыс әкімі және Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталған.

Б.Қ.Уатаеваны табысты басшының негізгі мінезі ретінде қандай да жағдайда дұрыс шешім таба білу ерекшелейді. Жауапкершілік, бастамашылдық, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге ұмтылу, коммуникативті дағдылар, мемлекеттік және орыс тілдерін жетік білу сияқты жеке қасиеттері оның ел ішінде де, шетелде де әріптестері арасында шынайы құрмет пен лайықты беделге ие болуының себебі деуге болады.

КІТАПХАНА БӨЛІМДЕРІ МЕН КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ ТАРИХЫ

Абай атындағы ОБК кітапханашылары – кітапхана тарихын жасаған тұлғалар десек артық айтқандығымыз емес. Кітапханада көптеген қызметкерлер жұмыс атқарды, ал олардың көпшілігі өздері жұмыс істеуге тиіс бөлімдер мен секторлардың тарихында адал еңбектерімен елеулі із қалдырған жандар. Шындығында олар үшін бұл жай жұмыс емес, өмірлік кәсіп болып есептелді.

Осы тұрғыда кітапхана ардагері Г.А. Колесникованың Абай атындағы ОБК кітапханашыларына берген мінездемелері өте құнды: *«...кітапхана жұмысы қашанда кітапхана қызметкерлерінің ынта-жігеріне, олардың өз ісіне деген адалдығына негізделген. Е.О. Кучаева – бұрыннан бері жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлердің бірі, жігерлі, белсенді, кітапхана ісін жетік меңгерген көпшілік жұмысты үнемі назарда ұстайтын жан. С.Ж.Жүсіпова, зерек, әрқашан жаңашылдыққа ұмтылып тұратын, жоғары ұйымдастырушылық қабілетке ие тұлға. О.М. Мусинаның кітап қорын өңдеу және толықтыруда алар орыны ерекше, ИРБИС бағдарламасын жүзеге асырудағы еңбегі орасан зор. Л.В. Кирина – бөлімдегі ең адал әріптестердің бірі және де жоғары білікті маман. Б.М. Боханова – салмақты, ұқыпты, өзіне сенімді жан. М.Н. Подгайнова – кітапхана ісінің*

жанкүйері, есімі бас әріппен жазылатын кітапханашы, белсенді басшы. Қ.М. Қалиева – жүрегі мейірімге толы, еңбексүйгіштік қасиетімен дараланған адам.

Әдетте, Абай атындағы ОБК қызмет ететін кітапханашылар жоғары білім деңгейін көрсетеді. Олардың көпшілігінің жоғары кітапханалық білімі бар, оның ішінде Мәскеу мен Ленинградтың кітапхана институттарын, Алматы, Шымкент, Көкшетаудағы жоғары оқу орындарының кітапхана факультетін бітіргендер де бар. Соңғы кездері кітапханашылардың қатары ұстаздармен толығып отыр.

Кітапхана құрылымы, жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының облыстық балалар кітапханалары туралы ережеге сай. Сонымен қатар, уақыт талабына, кадрлық мүмкіндіктерге, оқырмандардың үнемі өзгеріп отыруы, олардың қызығушылықтарына байланысты кітапхана құрылымында бірқатар өзгерістер орын алып, жаңа бөлімдердің құрылуына, бөлімдердің бірігуі мен атауларының өзгеруіне әкеліп соқты. Мәселен, 1960 жылы құрылып, 1969 жылға дейін жұмыс істеген жылжымалы бөлім кітапхаға оқырмандарды көптеп тартуда үлкен жұмыс атқарды. Оңтайландыруға байланысты 1997 жылы кітап сақтау және әдебиеттерді жинақтау және өңдеу бөлімдері бір бөлімге біріктірілді, ал библиографиялық бөлім қысқартылып, жабылды. 1978 жылы ашылған өнер әдебиеті секторы 1990 жылы өнер туралы әдебиет бөлімі болып өзгертіледі. Ал 2014 жылы оңтайландыруға байланысты оның штаттық бірліктері мен қоры қызмет көрсету бөлімдеріне берілген, яғни дербес бөлім ретінде қызмет көрсетуі тоқтатылған.

Әрине, еліміздің әлеуметтік-мәдени өміріндегі барлық өзгерістер бөлімдер мен секторлардың қызметтерінің шекарасын жақсартуға және кеңейтуге әкелді. Бүгінгі күні кітапханада 5 бөлім жұмыс жасайды:

- құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімі;
- мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі;
- орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімі;
- инновациялық-әдістемелік жұмыс бөлімі;
- кітапхана үдерісін автоматтандыру бөлімі.

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының ұжымы бүгінде қазіргі заманғы жоғары технологиялар әлемі талап ететін міндеттерді шеше алатын кәсіпқойлар достастығын орнатып отыр.

ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚОРДЫ САҚТАУ БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Абай атындағы ОБК өз тарихын 13000 томдық кітап қорымен бастайды. 1953 жылғы 30 қарашадағы бұйрыққа сәйкес әдебиеттерді жинақтау және өңдеу бөлімінің бірінші меңгерушісі болып Н.П. Тюменцева тағайындалды. Оған кітапхана қорын қалыптастыру, өңдеу және сақтау мәселелері жүктелді. 1955 жылғы есеп бойынша «20004 дана кітап тіркелген болса, оның ішінде қазақ тіліндегісі 536 кітап, 6919 дана түскен кітаптардың ішінде 153-і облыстық әдеби бірлестік тізімдері бойынша алынған» делінген.

Бөлім жұмысын ұйымдастыруға 50-70 жылдары бөлімді басқарған Фаломеева (Комлева) Екатерина Павловна мен Салова Клавдия Яковлевна орасан зор үлес қосты. Бұл қызметкерлер балалар кітапханасының кітаптарын іріктеу, ЭОЖ бойынша әдебиеттерді жүйелеу, қорларды, каталогтар мен картотекаларды ұйымдастырудың негізгі принциптерін әзірледі.

Сақтау және толықтыру бөлімінің қызметкері, еңбек және тыл ардагері Екатерина Павловна Комлеваның есімін ерекше атауға лайықты тұлға. Ол кітапханада құрылғаннан бастап 1999 жылға дейін жұмыс істеді, 46 жылдан астам еңбек өтілі бар. Екатерина Павловна әр жылдары кітапхананың жетекші бөлімдерін басқарды және барлық жерде жоғары кәсібилік танытты. Е.Комлева - тыл ардагері, Ұлы Отан соғысы кезінде теміржолда жұмыс істеген. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, Жеңістің 40 жылдығына арналған «Еңбек ардагері» мерейтойлық медалімен, КСРО Мәдениет министрлігінің «Үздік жұмысы үшін» екі төсбелгісімен марапатталған. Облыстың кітапхана ісін құрудағы зор еңбегі үшін Е.П. Комлева есімі облыстық Құрмет кітабына енгізілді.

Кітапхана ардагері Дүкенбаева Р.Ш. кітапханда жұмыс істеген адамдар мен істері туралы естеліктерінде әріптестерінің жоғары кәсібилігі мен адами қасиеттерін ерекше атап көрсетеді. Атап айтқанда, ол Е.П. Комлева туралы былай еске алады: *«Екатерина Павловна Комлева – сақтау бөлімінің ең байырғы қызметкері, ОБК-ның алғашқы кітапханашыларының бірі. Кітапханалық білімі жоқ Екатерина Павловна жинақтау бөлімінің бірінші меңгерушісі болды. Оның каллиграфиялық қолжазбасы алғашқы түгендеу кітаптарын, есеп құжаттарын толтырды. Е. Комлева үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен жұмыс жасады. Біз оны «Шерлок Холмс» деп атадық, өйткені ол гана мұқабасы жоқ кітапты кездестірсе кітаптың авторы мен атауын дөп басып анықтай алатын. Ол сыпайы, көп сөйлемейтін, бірақ онымен жұмыс істеу оңай болды, ол әрқашан қиын*

уақытта әріптестеріне дер кезінде көмекке келетін. Мен оны үлкен жылылықпен және құрметпен еске аламын. Катя Павловна, оны бәріміз осылай атайтынбыз, сақтау бөлімінің бойтұмары еді.»

1980 жылдардың басында бөлім кітапхана қоры мен каталогтарын жаңа КБЖ кестелеріне көшіру жұмыстарын бастады. Осы жылдары бөлімде жоғары кітапханалық білімі бар тәжірибелі кітапханашылар қызмет етті. Кітапхана ардагері С. Жукова қорлар мен каталогтарды жасауға үлкен үлес қосты. Оның еңбек өтілі 43 жылдан астам болды. Светлана Викторовна Н.Крупская атындағы Ленинград кітапхана институтын бітіргеннен кейін Н.В. Гоголь атындағы облыстық кітапханада, Жезқазған қаласының қалалық кітапханасында қызмет етті. 1962 жылы Абай атындағы кітапханаға қабылданды. Библиограф, аға кітапханашы, әдіскер болып әр түрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 1980 жылы жинақтау және өңдеу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды, бұл қызметте ол 2002 жылдың аяғында зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет етті. Светлана Викторовна өз ісін жетік білетін, кітапханалық үдерістерді сауатты ұйымдастыруды білетін тәжірибелі маман болды. Түрлі курстарда, семинарларда, тағылымдамаларда өз тәжірибесімен бөлісіп, жас кітапханашыларға тәлімгер болды. Ол алфавиттік-пәндік көрсеткішті, мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған иллюстрациялық жүйелі каталогты, тақырыптар картотекасын ұйымдастыруды бастап берген болатын. Ол басқалардан өзінің жоғары адамгершілігі мен даналығымен ерекшеленді.

2000 жылы Қазақстандағы Мәдениетті қолдау жылында Жукова С.В. «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталды.

Р.Ш. Дүкенбаеваның естеліктерінен: «Кітапханамыздың тағы бір қарт қызметкері Жукова Светлана Викторовна. Ол өз мамандығына берілген адам еді. Светлана Викторовна өз кәсібін өте жақсы көретін, әсіресе каталогтармен жұмыс істеуді, сенсеңіз де сенбесеңізде мойындау керек, бұл жұмыс кез келген кітапханашыға ұнай бермейді, өйткені ол ерекше зейінділікті және табандылықты қажет етеді. Мен С.В. Жуковаға өз тәжірибесі, білімі, шеберлігімен бөлісе білгені үшін дән ризамын. Көптеген жылдар бойы Светлана Викторовна балалар, ауыл, мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру курстарында дәріс оқыды, облыстық және аудандық семинарларда кеңес берді, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты. Ол кітапхана ісінің өте сауатты және жоғары білікті маманы болды. Оның тікелей қатысуымен кітапхананың электрондық каталогы құрылды. Өмірде Светлана Викторовна қарапайым, ақылды, жұмсақ және жанашыр адам болды. Біз

бір-бірімізбен жақсы түсіністікте болдық. Онымен кез келген тақырыпта шын пейілмен сөйлесе алатын едік».

Пухальская Татьяна Даниловна 1982 жылдан 1992 жылға дейін кітапханада жинақтау бөлімінде жұмыс істеді, каталогтар мен картотекалардың редакторы болды. Жоғары кәсіби білімі бар, Челябинск мәдениет институтын бітірген. Бөлімдегі әріптестері оның сауатты, білімді маман болғанын тілге тиек етеді.

Бөлімнің негізгі функциялары әрдайым нақты орындалды, қызметкерлер бөлімнің басты құжатын – тақырыптық-типологиялық жоспарды (5 жылға жасалатын), қызметтік, алфавиттік, жүйелі каталогтарды ұйымдастыру, жүргізу, редакциялау бойынша үлкен жұмыс жасады. Сонымен қатар, жинақтау бөлімі облыстағы балалар кітапханаларына тұрақты кеңестік және әдістемелік көмек көрсетті. С.В. Жукова, Р.Ш. Дүкенбаева, Т.Д. Пухальская мектеп кітапханашыларының біліктілігін арттыру курстарында дәрістер оқыды, республикалық және облыстық семинарларға қатысты.

60-90 жылдары балалар кітапханасы орталықтан, кітапханалық коллекторлар арқылы жинақталды, сондай-ақ оқырмандардан сый ретінде кітаптар алына басталды. Балалар қорымен жұмыс істеу кезінде іріктеудің нақты критерийлері қолданылды: бірінші кезекте балалардың жас ерекшеліктері ескерілді, сондай-ақ кітаптар жалпы адамзаттық принциптерді насихаттауы керек, оларда жаңа және сенімді ақпарат болуы керек еді.

Кітап сақтау бөлімі – кітапхана қорын ұйымдастырудың негізгі буыны, әдебиеттерді шығару, қабылдау және қайта таратуға байланысты барлық жұмыстар жүргізілетін диспетчерлік орталықтың бір түрі. Сондай - ақ, бұл бөлім қорды сақтау, оны зерделеу, белсенді пайдалану және уақтылы тазарту жөніндегі іс-шаралардың бас ұйымдастырушысы болып табылады.

Бөлімнің алғашқы қызметкерлері Зябликова Зинаида Яковлевна, Шолкова Валентина, Козубекова София Таштанқызы болды. 70-90 жылдардағы кітап сақтау бөлімінің жұмысына үлкен үлес қосқан кітапханашылар – Илиясова Кауһар Жәлелтайқызы, Рахымбекова Күләш Ескендірқызы, Дүкенбаева Рымкеш Шаматовнаны ерекше атап өтуге болады.

Дүкенбаева Рымкеш Шаматовна еңбек жолын 1970 жылы оқу залында кітапханашы болып бастады. 1982 жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесін, кейін 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын сырттай бітірген. 1981 жылдан бастап әдіскер, 1988 жылы сақтау бөлімінде үйлестіру жөніндегі аға әдіскер болып тағайындалды, 2011 жылға дейін кітап сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Оның бас сақтаушы ретіндегі жұмысы абыроймен бағаланып, Қарағанды

облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Қарағанды облысының мәдениет басқармасының сыйлығымен марапатталды.

Р.Ш. Дүкенбаеваның естеліктерінен: *«Менің еңбек жолым 1970 жылдың 7 қыркүйегінде Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің оқу залына аға кітапханашы болып қабылданған күннен бастап басталған еді.*

Осы жылдар бойы мен Қ.Қ. Абдрахманова, Е.П. Комлева, Л.Т. Мацук, С.В. Жукова сынды тамаша кітапхана ісінің майталмандарымен жұмыс істедім».

Сақтау бөлімінде жұмыс істеген жылдары Р.Ш. Дүкенбаева мен Е.П. Комлева кітапхана қорларын сақтау, орналастыру, бөлу, есептен шығару, тексеру, нөмірлеу каталогын құру және жүргізу бойынша үлкен жұмыстар жүргізді. Бұл мұқият болуды, ыждақатты назар аударуды, шыдамдылықты және зейінді қажет ететін өте ауыр жұмыс.

Бөлімде балалардың көркем және салалық әдебиетінің ең бай жинақтары сақталған.

Кітапхананың кітап қоры тек заманауи балалар басылымдардан ғана құрылмаған, мұнда 400-ден астам сирек және құнды кітаптар, оның ішінде ХІХ ғасырдың аяғы - ХХ ғасырдың басы мен ортасындағы кітаптар, миниатюралық кітаптардан тұратын ретро қор жинақталған. Сирек қордың өзегін Қарағанды қаласының тұрғындарынан 50-60 жылдары сыйға алынған кітаптар құрайды.

Оқырмандары үшін кітапханада «Ғасырларды еңсерген кітаптар» атты сирек кездесетін әдебиеттердің көрмесі жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл басылымдар туралы ең қызықты ақпарат әлеуметтік желілерде, сондай-ақ кітапхана сайтындағы «Ресурстар» - «Сирек кездесетін басылымдар» айдарынан табуға болады, ол жерде «Қазақстан тарихы», «Балалар әдебиеті» «Миниатюралық басылымдар», «География және тарих», т.б. тақырыптарымен ұсынылады.

1997 жылы оңтайландыруға байланысты кітап сақтау бөлімі мен кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімі бір бөлімге біріктірілді.

Елдегі саяси-экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты облыстық бюджеттен қаржы бөлу, кітапқа мемлекеттік тапсырысты енгізу жағдайы да бірте-бірте жақсара бастады. 2000 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша әдебиеттер түсе бастады, бұл қор аясында қазақ тіліндегі кітаптардың көбеюіне оң әсерін тигізді.

2010 жылы кітапхана жинақтау бағдарламасын қабылдады, ондағы басты мақсат ретінде - қазақ тіліндегі жаңа түсімдердің санын 56,6% - ға дейін жеткізу көрсетілген.

Кітапхананың электронды каталогын құрудың бастауында С.В. Жукова, Р. Ш. Дүкенбаева, А. К. Карашова, С. Ж. Үйсенбаева, Б. М. Боханова болды. Кітапхананың электронды каталогын құрудың негізі 2001 жылы «Кітапхана 4.02», одан кейін «Кітапхана 5.02» бағдарламасы алынған кезде қаланды. 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап кітапхана «ИРБИС-64» кітапханалық бағдарламасына ие болды.

2012 жылдың қаңтар айынан бастап бөлімді Қарағанды мәдени-ағарту училищесі мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі Мусина Орал Маратқызы басқарады. Ол 1972 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген.

Абай атындағы ОБК жұмыс істегенге дейін Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың Қарағанды филиалында әдебиеттерді жинақтау және ғылыми өңдеу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімінің басшысы О.М. Мусинаға Абай атындағы ОБК басшысы Б.Қ.Уатаева берген шығармашылық мінездемесінен: «Абай атындағы ОБК қорын қалыптастырудың сапасы мен толықтығы Орал Маратқызының біліктілігі мен кәсібилігіне байланысты... Ол өзіне жүктелген функционалдық міндеттерді ерекше жауапкершілікпен орындайды, оның ішінде балалар кітапханаларын толықтыру мәселелерінде үлкен әдістемелік көмек көрсетеді. Орал Маратқызы ЭК құру, оның жұмыс істеуі мен пайдалануы бойынша іс-шараларды басқарады және үйлестіреді. «ИРБИС 64» жұмысты тиімді ұйымдастырудың арқасында ЭК барлық пайдаланушылар үшін онлайн режимінде қолжетімді болды.

Әріптестері О.М. Мусинаны кәсібилігі, бастамашылдығы және жауапкершілігі үшін құрметтейді және жоғары беделге ие.

Орал Маратқызы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің, Қарағанды облысы әкімінің, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған».

Қазіргі кезеңде бөлімнің алдында жаңа міндеттер тұр – қорды заманауи балалар әдебиетімен толықтыру, балалар кітапхана қорының сақталуын қамтамасыз ету, кітапхананың электрондық каталогының, WEB каталогтың сапалы және сауатты жүргізілуін бақылау, бөлім жұмысында инновациялық технологияларды кеңейту және пайдалану.

Бөлімде кітап қорын КБЖ кестелерінен ЭОЖ кестелеріне қайта жіктеу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды.

Қазіргі уақытта кітапхана қорын сапалы жинақтау және жақсарту үшін жетекші қазақстандық және шетелдік баспалардың сайттары, әлеуметтік желілер, интернет пайдаланылуда.

Қорды толықтыру үдерісінің өзі облыстық бюджеттен тұрақты қаржыландырудың арқасында жақсы жаққа өзгерді. Әдебиеттерді жеткізушілер ауқымы айтарлықтай кеңейді, «Фолиант», «Мазмұндама», «Qasym», «Алтын сақа», «Отбасы Хрестоматиясы», «Big Dream», «Өлке» және т.б., сияқты белгілі қазақстандық баспалармен тікелей ынтымақтастық мүмкіндігі ашылды, сонымен қатар жекелеген авторлармен және кітап дүкендерімен байланыс орнатылды. Кітап нарығында қазақ тілінде әртүрлі жастағы балаларға арналған сапалы баспа өнімдер көптеп шықты. Десе де, қазақ және орыс тілдеріндегі салалық әдебиеттер, Қазақстанда шығарылатын жасөспірімдерге арналған көркем әдебиеттер жетіспейтіндігі анық.

2021 жылды Балалар әдебиеті жылы деп жариялауға байланысты бөлім қызметкерлері облыс көлеміндегі балалар әдебиетінің толық есебін анықтау және жүргізу туралы ұсыныс жасалып, «Балалар әдебиетін есепке алу жөніндегі нұсқаулығы» әзірленді. Балалар әдебиеті қорын есепке алу кезінде «Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оқырманның мақсаты мен басылымдардың таңбалануын көрсету туралы шешім қабылданды.

Кітапхана қорын сақтау - бөлімнің негізгі функцияларының бірі. Осы бағытта бөлімде ескі және мазмұны ескірген әдебиеттерді іріктеу және есептен шығару жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Мерзімді баспасөз басылымдарын сақтау мерзімін қорды сақтау жөніндегі комиссия белгілейді.

Бүгінде бөлімде О.М. Мусина, Л.В. Кирина, Б.М. Боханова, П.Б. Байболатова сынды білікті мамандардан тұратын тату ұжым жұмыс істейді. Бөлімнің барлық қызметкерлерінің кітапханада үлкен жұмыс тәжірибесі бар адамдар, олар балалар басылымдарын толыққанды жинақтау, әдебиеттерді уақтылы өңдеу, қордың сақталуы, электрондық каталогты жүргізу сынды жұмыстар кітапхананың тиімді қызметінің негізі екенін ерекше түсінеді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Кітапқа апаратын жол көбінесе балалар кітапханасының табалдырығынан және кітапханашының жақсы көңіл-күйінен басталады. Сондықтан кітапханаларда әрқашан тартымды рухани қасиеттері бар,

педагогикалық бейімділігі мен жоғары кәсібилігі бар адамдар ерекше жоғары бағаланды.

Балалар кітапханасында кітапханашыларға ерекше талаптар қойылады. Мұнда жұмыс істеуге ниет білдіргендерде басты ерекшелік – балаларға деген сүйіспеншілік болуы, маңызды болып келеді.

Ал бұл қасиет бірінші кезекте мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашыларында көрінуі тиіс.

Жалпы абонементтің бірінші басшысы 1950 жылдары Мәскеу мәдениет институтын сырттай бітірген Жержісова Сұлтания Жержісқызы болды. 1953 жылы 01 желтоқсанда С.Ж.Жержісова абонемент меңгерушісі болып жұмыс істей бастады. Ол еңбек жолында Н.В. Гоголь атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында, облыстық балалар кітапханасында, Қарағанды кітапхана жүйесінде адал қызмет атқарған Болат Жалелтайқызы және Кәухар Жалелтайқызы Ілиясовалар бар кітапханашылар әулетінің аға өкілі.

Облыстық балалар кітапханасының 1954 жылғы жұмысы туралы есепте абонементте 1300 бала мен БОЖ (балалар оқуының жетекшілері), жазғы оқу залында 300 адам және 18-бис шахтасының стационарлық жылжымалы балалар кітапханасында 120 адам жазылғаны атап өтілген.

1954 жылы бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған жеке оқу залы құрылды, оның меңгерушісі болып Фаломеева (Комлева) Екатерина Павловна тағайындалды.

1955 жылдың желтоқсанында кітапхана жаңа ғимаратқа көшіп, кітапхананың сол жақ қанатында жалпы ауданы 200 шаршы метрге жуық үй-жайда мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің абонементі мен оқу залы орналасады. Бөлім 1956 жылдың жаңа күнтізбелік жылынан бастап толық жұмыс істей бастайды.

50-60 жылдары бөлімді орта арнаулы білімі бар, Ленинград мәдениет институтын сырттай бітірген, кітапхана ісі бойынша танылған кәсіби маман Гаврилова Валентина Порфирьевна басқарды.

Бөлім жұмысының алғашқы күндерінен бастап экскурсиялар ұйымдастырылып, бөлім мен кітапхананың кітап қоры туралы әңгіме жүргізілді. Бөлім қызметкерлері ата-аналар жиналысында, мұғалімдер жиналысында және сынып сағаттарында шолулар мен әңгімелер, балалар мен отбасылық оқуды ұйымдастыру бойынша баяндамалар жасау үшін мектептер мен балабақшаларға барып отырды. «Кітаптың жас достары» үйірмесі белсенді оқырмандарды жинады, олар үлкен ықыласпен жаңа оқырмандар тартуға, кітаптарды жөндеуге, борышкерлермен жұмыс істеуге, іс-шараларға қатысуға үлкен көмек көрсетті.

1971 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана факультетінің түлегі Исаинова Күлпаш Темірқызы келді. Ол 1948 жылы Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданындағы «Қазақстанға 40 жыл» ауылында дүниеге келген.

Күлпаш Темірқызы жұмысының алғашқы жылдарында-ақ өзін кәсіби, ұйымдастырушылық және шығармашылық әлеуетін көрсете білген маман ретінде танылды. Қарапайым, үні жайсаң қыз кітапханашыдан Қарағанды мәдени-ағарту училищесіндегі мұғалімдікке дейін өсті. 1981 жылы бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындалып, оны 16 жыл басқарды. Ол бөлім ұжымында ынтымақ, бірлікті қалыптастыра білді, тату-тәтті атмосфера үйлесімді жұмысқа ықпал еткендіктен жас оқырмандардың үлкен ағынын тартуға мүмкіндік берді.

70-80 жылдар бөлімнің белсенді қалыптасу жылдары болып табылады, бұл кезде оқырмандардың негізгі топтары: туғаннан 12 жасқа дейінгі балалар, ата-аналар мен балалар оқуының жетекшілері нақтыланды.

Ұзақ жылдар бойы қаланың «Родина», «Ленин», «Юбилейный», «Октябрь» кинотеатрларында тақырыптық пікірталастар жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Сондай-ақ, Пионерлер сарайында, Кеншілер мәдениет сарайында, қала мен облыстың барлық мүдделі қоғамдық ұйымдарымен тығыз байланыс орнатылған болатын.

Бөлім «Медок», «Гвоздичка» және т.б балабақшалармен өте тығыз жұмыс жасап, мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін оятуға себепкер болды.

Комсомолдың 30 жылдығы саябағында кітапхананы кеңінен насихаттау мақсатында жеке қоры 7060 кітап пен журналдан тұратын жазғы оқу залы аптасына 4 күннен жұмыс істеді.

1997-2005 жылдар аралығында бөлімді Қарағанды мәдени-ағарту колледжінің түлегі, кейін Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде сырттай жоғары кітапханалық білім алған жас маман Абсадинова Сандуғаш Хамитқызы басқарды. Сандуғаш Хамитқызы тамаша ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби шеберлігін көрсете алды. Ол басқарған кезең тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының қиын кезеңдеріне түспа түс келген болатын, сонымен қатар бұдан да басқа балалар кітапханаларының жұмысындағы жаңа тенденциялар, кадрларды ұстаудың күрделі мәселелері болды.

90-шы жылдары іс жүзінде қаржыландыру болған жоқ, осыған байланысты жаңа басылымдар түспеді, көпшілік іс-шараларды толыққанды ұйымдастыруға мүмкіндік болмады, бірақ кітапхананың кітап қорының

өзегін пайдалана отырып, жеке жұмысқа бейімділікпен басымдықтарды қайта бағдарлаған бөлім қызметкерлерінің ынта-жігері бар еді.

Қызмет көрсетудің жаңа түрлері – «Библионяня» және «Ертегілер бөлмесі» енгізілді. 2001 жылы бөлімде бөлім қызметкері Л.А.Пугачтың жетекшілігімен бастауыш мектеп жасындағы балалар паннолар мен қолөнер бұйымдарын, кітап театры үшін қолдан жұмсақ ойыншықтар жасайтын, бізбен тоқыма тоқу сабақтары өткізілетін «Инжу-маржан» шығармашылық клубы ашылды. Кейіннен бұл үйірме «Ақылды кітап, қағаз және қарындаш» үйірмесі болып қайта құрылады, ал 2017 жылдан бастап ол жаңа бағыт алып, «Шуақ» шығармашылық студиясына айналды. Үйірме сабақтарында балалар Қазақстан және дүние жүзі балалар жазушыларының ертегілері мен әңгімелерін оқығаннан кейін қолөнер арқылы өз ойларын шығармашылықпен көрсетуге үйренеді.

2005-2011 жылдары бөлімді Гордиенко Лариса Александровна басқарды. Еңбек жолын 1994 жылы бөлімнің қатардағы қызметкері болып бастаған ол 2004 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін сырттай бітірді. Ол көпшілік іс-шараларды ойын және театрландыру арқылы өткізуге белсене атсалысқан бөлім басшысы.

Балалардың көктемгі мектеп демалысы күндері дәстүрлі «Балалар кітабының апталығы» өткізіліп, онда Қарағанды балалар жазушыларымен кездесулер ұйымдастырылды. Көптеген жылдар бойы бөлім «Жаз. Балалар. Кітап» жобасы аясында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысады. Маусымнан қыркүйекке дейін қаланың жас тұрғындары ата-аналарымен бірге кітапханада уақыттарын белсенді және пайдалы өткізеді. Олар қорға түскен жаңа басылымдармен танысып, байқауларға, викториналық сұрақтар шешіп және әртүрлі мазмұндағы, тақырыптағы ойындарға қатысады.

Осы жылдар ішінде бөлімде қызмет еткен Попова Александра Александровна, Былина Эмма Александровна, Кухаренко Тамара Ивановна, Денисенко Валентина Ивановна, Цапова Валентина Васильевна, Присекина Руфина Емельяновна, Крылова Татьяна Борисовна, Пугач Любовь Андреевна, Самойлова Анна Михайловна, Позднякова Татьяна Петровна сынды кәсіби кітапханашылар ерекше жақсы ахуал құрай алды.

2015-2023 жылдары бөлімді Елена Олеговна Кучаева басқарды, ол ұзақ жылдар бойы орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің басшысы болған еді. Елена Олеговна кітапханаға 1984 жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесін бітіргеннен кейін жас маман болып келіп, 1991 жылы сырттай әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық

мәдениет институтын «кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша бітіреді.

Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Елена Олеговна Кучаеваға Абай атындағы ОБК басшысы Б.Қ. Уатаеваның берген шығармашылық мінездемесінен:

«Елена Олеговна - өз жұмысына жауапкершілікті терең сезінетін кәсіби маман, ол балаларды кітап оқуға баулудың жаңа жолдарын, атап айтар болсақ, электронды ойындар мен викториналар, біріктірілген ойындар, бейнесаяхат және әдеби шолулар, танымдық және интеллектуалды ойындар, фотоколлаждар, шоу-квест саяхаты және т. б. шаралардың жаңа нұсқасын табатын маман.

Ол көптеген халықаралық, республикалық, облыстық конференциялар мен семинарлардың қатысушысы. Е.Кучаева балалар кітабы және балалар оқуы мәселелері бойынша мерзімді басылым беттерінде мақалалар жариялап, жергілікті телеарналардағы хабарларға қатысып отырады.

Елена Олеговна кітапханаға сіңірген еңбегі үшін Қарағанды облысы әкімінің және Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ол - Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы премиясының лауреаты».

Балалар жылында отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» жобасы әзірленіп, жүзеге асырылды. Осы жоба аясында 10 дауыстап оқу өткізілді, онда шығармаларды оқуға кітапханашылар емес, басқа саланың мамандары тартылды. Оқу форматының өзгеруі тыңдаушылардың әсіресе кішкентай оқырмандардың тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Мұндай кездесулер ертегілер мен әңгімелер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге, сондай-ақ мәнерлі сөйлеуге баулуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осы жобаның сәтті жүзеге асуының нәтижесінде Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған аудиокітап дайындап, басып шығарды.

Бөлімнің кітап қорында мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына арналған 40 мыңнан астам қызықты кітаптар мен 20-дан астам атаудағы журналдар бар. Бөлім қоры үнемі жаңа басылымдармен толықтырылып отырады.

Соңғы жылдары жүзеге асырылған жарқын жобалардың бірі оны жаңғырту, бөлімде коворкинг форматында ыңғайлы, жайлы жағдай жасалған.

Балалар тек кітап оқып қана қоймай, ойнап, түрлі сайыстарға қатысып, бір-бірімен танысып, араласып, демалады.

Мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімі жұмыс істеген жылдары көптеген түрлі іс-шаралар өткізілді, бөлім (кітапхана) қабырғасында кітапты жақсы көретін көптеген жас оқырмандар қала кітапханалары жүйесінің белсенді пайдаланушыларына айналды.

Ертеректе жас кезінде кітапханаға келіп, кітап оқыған оқырмандар бүгінде өз балаларын, одан кейін немерелерін әкеліп тұратыны кітапханашылар үшін өте ыстық сәттер. Үлкендер балалық шақ пен балалардың оқу атмосферасына ену үшін, сондай-ақ кітапханамен кездесудегі балалық шақтағы тәжірибелерін еске алу үшін де жиі келіп тұрады.

2023 жылдың наурыз айынан бастап бөлімді Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжін бітіргеннен кейін кітапханаға жас маман ретінде келген Черникова Ирина Николаевна басқарады. Кітапхананың аға әріптестерінің тәлімгерлік қызметі жас мамандардың өз орнын тауып, мансаптық өсуіне мүмкіндік берді. И.Черникова Челябинск мемлекеттік мәдениет университетін сырттай бітірді және бүгінгі күні ол өзінің жетістігімен мақтана алады, өйткені кітапхананың негізгі бөлімдерінің бірінің басшысы болу үлкен жауапкершілік жүктейді, кітап оқуға баулуда жаңа формалар мен әдістерді іздеуді талап етеді.

Бүгінгі таңда бөлімде өз ісін ғана емес, барлық оқырмандарын сүйетін үлкен тәжірибесі бар мамандармен қатар жас мамандардан тұратын тату кітапханашылар ұжымы жұмыс істейді – бұл О.И. Вольф, Б.М. Абулгазинова, К.Е. Болатбекова.

Солардың арқасында біз болашақ оқырмандарымызды өсіріп келеміз. Балалар кітапханасындағы әдет бойынша олар балалармен бірінші болып танысады, кітап оқуға, кітапханаға деген сүйіспеншілікті оятады. Ал баланың жас ерекшелігіне байланысты басқа бөлімге ауысатын уақыты келгенде орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөліміне ертіп, әрбір оқырман туралы құнды мәліметтерді жеткізеді. Осылай кітапханада оқырмандар қозғалысы жүріп жатады, кітапханашылар олардың жетістіктерін қуана бақылайды. Өйткені, бала мен үлкеннің арасында сенім болған кезде ғана оқырманды өсіруге болады, оның құны да аз емес.

ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Балалар кітапханасы құрылған күннен бастап-ақ кітапханашылар өздерін ұстаздармен бірге өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызды да қажетті жұмыстармен айналысатын адамдар санатына жатқызды.

Орта және жоғары мектеп жастағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің оқырмандары - 11 жастан асқан жасөспірімдер. Оқырмандардың бұл санаты жас оқырмандар мен ересек оқырмандардан айтарлықтай ерекшеленеді. Жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін білу және ескеру бөлімді ұйымдастыруда бірінші орынға қойылады.

1953 жылғы 30 қарашадағы бұйрықпен Р.Г. Ахметова абонементтің аға кітапханашысы болып, К. Я. Салова жоғары жастағы балалар оқу залының кітапханашысы болып тағайындалды.

50-60 жылдардағы кітапханашылар барлық қызықты пионерлік іс-шараларды: фестивальдерді, митингілерді және жарыстарды қолдады. Осылайша, ҚЛКЖК қалалық комитеті және қалалық халыққа білім беру бөлімімен бірлесіп «Кітап – пионердің досы» озық бөлімшелерінің слеті және пионерлермен басқа да көптеген іс-шаралар өткізілді. Кітапхана оқырмандары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығына арналған әдеби кешке қатысушылар болды. Кітапханашылар «Жастар фестивалі», «Денсаулығыңды сақта» т.б. стендтерді безендірді, кітаптар бойынша кітапхана плакаттарын әзірледі. Бөлім меңгерушілері мұғалімдердің жиналыстарына, балалар оқуы бойынша баяндамаларымен семинарларға белсенді қатысқан. «Кітап достары» үйірмесін ұйымдастырған.

1955 жылы Мәскеу мемлекеттік кітапхана институтын бітіргеннен кейін Юлия Степановна Князева Қарағандыға келеді. Жас маман еңбек жолын Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында жоғары жастағы балалар бөлімінің меңгерушісі болып бастады.

Юлия Степановна бар кәсіби күш-қуатын жасөспірімдермен жұмысты дамытуға бағыттады. Ол кітаптар туралы алғашқы теледидарлық әңгімелерді, поэзия кештерін және т.б. ұйымдастырды. Ол баладан үлкенге дейін кез келген сұхбаттасушыны баурап алатын қасиетке ие, өз жұмысы туралы, кітаптар, поэзия жайлы шабытпен айта алатын кітапқұмар, жан-жақты жан болатын.

60-жылдардың басында Юлия Степановна Қазақ КСР ҒА Химия-металлургия институтының кітапхана меңгерушісі қызметіне шақырылды. Ал 1966 жылы Ю.С.Князева Н.В. Гоголь атындағы ОӘҒК директоры болып тағайындалды. Н.В. Гоголь атындағы ОӘҒК ғылыми хатшысы Пак В.И.

«Қарағандыдағы алғашқы кітапхана: тарих беттерінен. 1934-2009 жж.» атты кітапта Юлия Степановнаны былай сипаттайды: *«Осы жылдар оның дарынды басшы және кітапхана ісін ұйымдастырушы ретіндегі ең жақсы қасиеттерін көрсетті... Жоғары кәсіпқойлығы, іскерлік біліктілігі, өткір ой-өрісі, шынайы парасаты, шығармашылық бастамасы оны Қазақстанда және оның сыртында кітапхана әлемінде танымал етті. Ю.С.Князева 45 жылдық кәсіби қызметінде төсбелгілерімен, Құрмет грамоталарымен, КСРО және Қазақ КСР Мәдениет министрліктерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол - Н.К.Крупская атындағы медальмен марапатталған Қазақстандағы санаулы кітапханашылардың бірі».*

Князева Юлия Степановна – Қарағанды облысы және Қазақ КСР кітапхана ісінің талассыз корифейі.

Оқуды жеке басшылыққа алу бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілді, оқырманның қызығушылықтары, оның сүйікті мектеп пәні туралы мәліметтерді көрсететін жаңа оқырман формуляры енгізілді. 4-6 сынып оқушыларының оқуына талдау жүргізілді, 300-ден астам оқырман оқу күнделіктерін жүргізді, оқылған кітаптар туралы 100 пікір және оқылған кітаптар бойынша 200 сурет жиналды, 170 оқу сипаттамалары құрастырылды.

Оқырман активімен жұмыс істеуге ерекше назар аударылды. Кітап түптеу үйірмесі мен «Жас кітапханашы» үйірмесі құрылып, оқырмандардан қабырға газетінің редакциялық алқасы құрылды. Белсенділер кітап беруге көмектесті, кітаптарға ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізді, бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатысты, кітапханада тазалық күн өткізуге көмек көрсетті.

1962 жылдан бастап бөлім меңгерушісі болып Қарағанды облысының жарқын кітапханашыларының бірі Салова Клавдия Яковлевна тағайындалды. Кітапхана архивінде сақталған мінездемеде былайша жазылған: «К.Я. Салова ОБК-да құрылған күнінен бастап жұмыс істейді. Өртүрлі лауазымдарда – кітапханашы, әдіскер, аға кітапханашы болып жұмыс істеді. Жұмыс барысында ол өзін ойшыл, жігерлі, тәртіпті қызметкер ретінде көрсете білді. Өз жұмысын жақсы біледі. Ол кез келген іске бар жанын салады, жалпы кітапхана жұмысын жақсарту үшін көп жұмыс істейді, қызметкерлер арасында лайықты бедел мен құрметке ие. Ұзақ жылдар жергілікті комитеттің төрағасы болды.

Адал және көп жылдық жұмысы үшін ол бірнеше рет алғыс алып, облыстық мәдениет басқармасы мен Мәдениет қызметкерлері одағы облыстық комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Кеңес өкіметінің 50 жылдығына орай Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Үздік

еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Облыстағы кітапхана ісін дамытуға белсене қатысқаны үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген кітапханашысы» атағы берілді, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің атаулы сағаттарымен марапатталды».

Сондай-ақ архивтерде К.Я. Салованың Қарағанды қаласының Құрмет тақтасына ұсынған мінездемесі сақталған.

Р.Ш. Дүкенбаева сондай-ақ оны талантты әнші ретінде еске алады: *«Ол Қарағанды радиосының солисі болды, біз оның ән айтқанын кітапхана мерекелерінде бір емес, бірнеше рет естіген едік».*

Осы жылдар ішінде кітапхананы насихаттау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді, кітапхана қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапты. Ертеңгіліктер, оқырмандар конференциялары, сайыстар, диспуттар, оқулар, әдеби кештер өткізілді. Сол кездегі көрнекі жарнаманың негізгі түрі патриоттық тақырыптағы стендтер мен плакаттарды безендіру, сонымен қатар «Пионерлерге 40 жыл», «Ұлы партияның ұлы ұлдары» т.б кітап көрмелері болды.

Оқырмандардың, келушілердің және оқудың өсуі байқалады. Осы жылдардағы есептерде бөлімде жеке жұмыстарды жүргізу қиынға соғатындығы – 4 адам 3764 оқырманға қызмет көрсететіндігі, сондықтан штат санын көбейту қажет екендігі атап өтілген.

70-жылдары кітапхананың орта және жоғары мектеп жасындағылар бөлімін 1960-1996 жылдар аралығында кітапханада жұмыс істеген аңыз адам Лидия Тарасовна Мацук басқарды. Н.К. Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік кітапхана институтының түлегі Украинадан отбасымен Қарағандыға келген. Еңбек жолын Абай атындағы кітапханада жоғары жастағы балалар бөлімінде бастады, кейін 1989 жылы жинақтау бөліміне ауыстырылды.

Р.Ш. Дүкенбаева бұл туралы былай деп еске алады: *«Мацук Лидия Тарасовна қызмет көрсету бөлімінің бірінші меңгерушісі ретінде мені кітапхана тарихымен және міндеттеріммен таныстырған, кітапхана ісінің барлық қырларын үйреткен бірінші адам болып табылады. Әрине, алғашында қиын болды, бірақ Лидия Тарасовна бірте-бірте маған өзі білгенінің бәрін үйретті. Ол әзілқой, көңілді, ақжарқын, үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысып кететін адам болды, онымен сөйлесу және онымен жұмыс істеу өте оңай еді. Оның айтқан әзілдері, сөздері әлі де құлағымнан кетер емес...»*

Балалар кітапханасының алдында әрқашан маңызды және күрделі мәселе тұрды: ол - жоғары сынып оқушыларына кітап арқылы еңбектің мәнін түсіндіру, оларға мамандық таңдауға, өмірде дұрыс жолды табуға

көмектесу ... Ол үшін бөлім әртүрлі көрмелер, «Қабілеттілік! Оны қалай табуға болады?», «Қаламызға қажетті мамандықтар» сұрақ-жауап кештері, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер және т. б. ұйымдастырылды.

Орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашылары Қарағанды жазушыларымен, ақындарымен жиі кездесулер жасап тұрады. Кеңес Одағының белгілі жазушыларымен болған кездесулер ерекше қызығушылық тудырған.

Осындай кездесулердің бірін Дүкенбаева Р.Ш. былай деп есіне алады: *«...Сол жылдардағы жарқын оқиға – балалар жазушысы Илья Туричиннің Қарағандыға келуі болды. Кітапханамызда танымал автордың жас оқырмандармен кездесуі ұйымдастырылды. Осы кездесуді еске салатын Илья Туричин, кітапхана директоры Қаныш Қуандыққызы және біздер, бөлім кітапханашылары – Бусахина Лариса Сергеевна, Козубекова Софья Таштановна, Пак Адель Санненовна, Исакова Көшен Жантасқызы және мен бейнеленген фотосурет сақтаулы тұр».*

Попова Валентина Кузьминична бөлімді 80-90 жылдары басқарды. Ол 1940 жылы Тамбов облысында дүниеге келген. 1963 жылы Маршан кітапхана техникумын бітіргеннен кейін Ресейдің Воронеж облысының кітапханаларында жұмыс істеді. 1970 жылы Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтын бітіріп, 1972 жылы Қарағандыға қоныс аударып, Абай атындағы кітапханаға жұмысқа орналасады. Дүкенбаева Р.Ш. естеліктерінен: *«Валентина Кузьминична біраз уақыт кітапхана әдіскері қызметін атқарды. Бірақ ол қызмет көрсету бөлімінің нағыз маманы еді. Сол жылдары кітапхананың міндеті жаңа оқырмандар тарту болды. Мектеп оқушыларын барынша қамту мақсатында оқушыларды тіркеуге арналған картотека жасады. Оның сүйікті хоббиі жеке оқуға нұсқау беру, оқырмандарды жеке оқу жоспарларына тарту, қызығушылық топтарын құру болды. Ұқыптылығымен, жауапкершілігімен ерекшеленді, жас кітапханашылардың тәлімгері болды, кітапхананың ғылыми-әдістемелік жұмысына қатысып, қалалық, аудандық, республикалық деңгейдегі іс-шараларда сөз сөйледі. Ол ұжымда үлкен құрметке ие болды, қарапайымдылығымен, әріптестеріне мұқияттылығымен ерекшеленді.*

Осы жылдары Присекина Руфина Емельяновна бөлімнің абонементінде кітапханашы қызметін атқарды, кейін ол ұзақ жылдар облыстық мәдениет басқармасында қызмет етті. Ол сауатты, өте байсалды және өз ісіне адал адам ретінде облыстың кітапхана мәселелеріне жетекшілік етті. 90-жылдардың басында бөлімде Карипова Жанар, Мусина Орал, Сұлтанова Жанна, Жақыпова Гүлнара, Жангалова Гүлнар жұмыс істеді.

Карипова Ж.М. естелігінен: «Мен Абай атындағы ОБК-ға 1993 жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесін бітірген соң келіп, еңбек жолымды жоғары жастағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашы болып бастадым. Ол кезде бөлімді Попова Валентина Кузьминична басқарды. Ол үлкен тәжірибесі бар кітапханашылардың бірі болды. Кітапхана қызметкерлерінің арасында ол кезде кадрлық ауысулар күшті болды, ешкім ұзақ тұрмады. Бір жылдан кейін мәдени-ағарту училищесінің жас түлектері Гордиенко Лариса мен Редькина Юлия келді. Алғашында жас кітапханашылар үшін бәрі ойдағыдай болмады, біраз сәтсіздіктер болды, бірақ оларға аға кітапханашылардың қолдауы, тәжірибелері, кеңестері көмектесті. Біз іс-шараларды: кездесу, кештер, конференцияларды өткізуді үйрендік.

Директорымыз Қаныш Қуандыққызы, мамандар Жұмағұлова Рабига Садыққызы, Жукова Светлана Викторовна, Мацюк Лидия Тарасовна, Кучаева Елена Олеговна жас мамандарға кітапхана жұмысының барлық қыр-сырын үйретті: кітап көрмелерін безендіру, бұқаралық іс-шараларды өткізу, жаңа кітаптарға шолу жасау және т.б.

Көктемнің Наурыз мерекесі ерекше есімде қалды. Ресми түрде бұл мереке 1991 жылы тойлана бастады. Ал кітапхана алдында ең қиыны кітап көрмесіне материал жинау және залды безендіру міндеті тұрды. Осы жылдары кітапхана суретшісі Жәлел Мәлікұлы үлкен көмек көрсетті. Ол оқу залында киіз үй түріндегі инсталляцияның жобасын жасап, оған кітап көрмесіне арналған сөрелер мен көктемнің символы қызғалдақты қойды. Ол уақытта интернет жоқ болғандықтан, кітапханашылар өздері сценарий жазып, түрлі викториналар құрастырып, көрмеге арналған кітаптар мен журналдарды әзер тауып, біразын өз қолымен істеуіме тура келді.

Бұл ұжым менің алғашқы еңбек жолымның бастамасы болғандықтан, көп нәрсені үйретті. Кітапхана ісіне адал жандар көп емес еді, бірақ тәлімгерлеріміз сауатты және талапшыл болғандықтан, біз бәрін білдік және істей алдық».

90-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басындағы қиын жылдары бөлім меңгерушісі Сәуле Жаманбайқызы Жүсіпова қызмет атқарған уақыт болды (ол туралы толығырақ «Инновациялық-әдістемелік жұмыс бөлімінің тарихы» тарауынан қараңыз). Жастығына қарамастан, Сәуле Жаманбайқызы табиғи талантының арқасында жаңашылдық іздеп, жұмысты тура жолға қойып, кітапхананың шығармашылық хал-ахуалын қалыптастыра алды.

Кітапхана элеуметтік жағынан қорғалмаған балаларды, сондай-ақ мүгедектерді назардан тыс қалдырмайды. «Бөбек», «Қарағанды», «Бота»

қайырымдылық қорларымен бірлесіп, Н.Крупская атындағы балалар үйінде, «Березка» санаторийінде, сауықтыру лагерлерінде іс-шаралар өткізеді.

Осы жылдары мемлекеттік тілді дамытуға ерекше көңіл бөлінуде: «Мен қазақша сөйлеймін» үйірмесі ашылды; «Қазақ тілі оқулығының беттерінен тыс» әдеби шоу өткізіледі; «Өзгеріс»-«Перемена» педагогикалық газетінің беттерінде қазақ және орыс тілдерінде «Отбасы және ана тілі» циклынан әңгімелер шығады.

Облыста 1997 жылдың сәуір-қазан айлары аралығында «Балалар және кітаптар» байқауы өтіп, 63 мектептен 400-ден астам бала қатысты. Байқау бойынша көркем шығарма оқуда, кітаптарды иллюстрациялауда, қолдан жасалған кітаптар жасауда өз күштерін көрсеткен оқушы оқырмандардың таланттары мен мүмкіндіктері анықталды. Байқау облыстық білім басқармасымен, Журналистер мен Суретшілер одағымен, «Бота» қоғамдық қорымен бірлесіп өткізілді. Байқаудың Бас жүлдесін «Болашақ кітапхана үлгісі» жобасы бойынша Теміртау классикалық лицейінің оқушылары жеңіп алды.

Ал «Жас дарындар слеті» Қарағанды облысының қалалары мен аудандарындағы 50 мектептен 300-ге жуық баланы жинады, олар оқылған кітаптарға пікірлер айтып, өлеңдер, ертегілер мен әңгімелер жазды.

11 жылдан астам осы бөлімнің оқу залында кітапханашы болып жұмыс істеген кітапхана ардагері Әбілсейітова Сәулеш Балтабайқызы кітапханашылық қызметін Қостанай облысы Амангелді ауданына қарасты аудандық кітапханадан бастады.

Сәулеш Балтабайқызының естеліктері бойынша: *«оқу залында оқырмандар саны «теңіздей» көп болатын, орын болмады, балалар кезекте тұрды. 1999-2010 жылдар аралығында кітапханада оқырмандарға арналған компьютерлер, интернет желісі болмағандықтан барлық балалар оқу залында эссе, хабарлама, баяндама оқуға және жазуға келді, қағаз каталогтарды белсенді пайдаланды.*

Сол кезде оқырмандар арасында «Техника молодежи» журналы танымал болды, Қазақ совет энциклопедиясы үлкен сұранысқа ие болды, балалар классиканы оқыды, Гарри Поттерді жақсы көрді. Д.Роулингтің кітаптарына кезек болды, оқырмандар сиқыршы бала мен оның достары туралы келесі бөлімдердің шығуын асыға күтті. Ол кезде қазақ тіліндегі әдебиеттер көбейіп, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көп оқитын. «Маруся» сияқты кейбір жасөспірімдер журналдары оқырмандарды қызықтырды, кітапханашылар мерзімді басылымдарды бір-бірден тексеріп отырды, өйткені оқырмандар парақтарды жұлып алып,

танымал суретшілер мен әншілердің суреттерін кесіп алып кететін, бірақ бақытымызға орай, олардың саны аз болатын....».

2002 жылдан 2016 жылға дейін бөлімді Кучаева Елена Олеговна басқарды (ол туралы «Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің тарихы» тарауын қараңыз).

Ол бөлім жұмысына жаңа инновациялық формалар мен әдістерді, ақпараттық технологияларды енгізеді. Бөлімде «Отан тарихының беттерін парақтау», «Ер – елге мұра, ұрпаққа ұран» зияткерлік ойындары, «Менің Қарағандым: өткен шақ: қала шежіресі» виртуалды саяхаты оқырмандар арасында танымал болды.

Бөлім жүйелі түрде ауқымды қоғамдық іс-шаралар өткізеді, атап айтқанда: Абайдың 160 жылдығына орай «Қазақ даласының ұлы ақыны» қолдан жазылған кітап сайысын, «Ұлы даланың тарихы» үздік тарихи жоба байқауын, «Кітап маскарады» және «Біздің балалық шақтың кітаптары» фестивалін және басқаларын жоғары деңгейде ұйымдастырады.

«Сарыжайлау» кинотеатрымен бірлесіп бөлім кино сабақтарын өткізуге белсенді қатысты.

Осы жылдар ішінде іс-шараларды өткізудің жаңа түрі – телекөпір кеңінен таралды. Осындай шаралар қатарына Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының облыстық балалар кітапханаларымен бірлесіп өткізілген (қазақтың белгілі жазушысы Б.Сөкпақбаевтың 90 жылдығына арналған «Балалық шаққа саяхат...», Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады», О.Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған «Айналып, айналайын, өлкем», және т.б.) телекөпірлерді жатқызамыз.

2014 жылдан 2018 жылға дейін бөлімді Қалиева Қалқатай Мағиқызы басқарды. 1993 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институтын «Кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша бітірген Қалқатай Мағиқызы еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай орталық аудандық кітапханасында кітапханашы болып бастады. 2000 жылы Абай атындағы облыстық балалар кітапханасына кітапханашы болып қабылданып, сосын өнер әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

Өз өмірін кітапхана ісін дамытуға және жетілдіруге арнаған жоғары дәрежелі маман Қ.М. Қалиева кітапхананың дамуына елеулі үлес қосты. Ол өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен орындайды, ал еңбекқорлығының, қызығушылығы мен білімінің арқасында ұжымда құрмет пен беделге ие болған маман.

2018 жылдан бастап кітапхана директорының орынбасары. Оның негізгі міндеттері кітапханалық іс-шараларды ұйымдастырумен байланысты

және де ол әдеттегідей барлық кітапхана қызметкерлеріне әрдайым ақыл-кеңес беретін құнды кеңесші болып табылады.

Абонемент бөлімінде еңбек жолының 20 жылын Абай атындағы кітапханаға арнаған Сағираш Әлиқызы Тұтқабекова да жұмыс істеді. М.С. Смағұлова мен М.С. Төлетаева өткізетін іс-шаралар үнемі мазмұнды және қызықты болатын.

2018 жылдан бастап орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімін Подгайнова Марина Николаевна басқарады.

Марина Николаевна Арқалық педагогикалық институтын бітірген, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде кітапханалық білім алған. Абай атындағы кітапханадағы кітапханашылық баяны 2010 жылы мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балаларға қызмет көрсету бөліміне кітапханашы болып қабылдануынан басталады. Содан кейін ол баға жетпес кәсіби тәжірибе жинақтағауға мүмкіндік берген әдіскер лауазымын атқарады.

Абай атындағы ОБК басшысы Б.Қ. Уатаеваның Подгайнова Марина Николаевнаға берген шығармашылық мінездемесінде былай делінген: «Марина Николаевна - белсенді және бастамашыл қызметкер, жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау үшін жоғары кәсіби білімі мен тәжірибесі жеткілікті.

Іс-шараларды өткізу кезінде М.Н.Подгайнова жаңа инновациялық тәсілдерді қолданады. Оның тікелей жетекшілігімен, ұйымдастырумен тек қалалық, облыстық деңгейдегі байқаулар ғана емес, «Сиқырлы бояулар» атты халықаралық байқауы да сәтті өтті.

Марина Николаевна біліктілігін арттыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге көп көңіл бөледі және өз тәжірибесімен белсенді түрде бөліседі. Сонымен қатар, республикалық және облыстық мерзімді басылымдардағы кітапхананың қызметі туралы мақалалардың авторы.

Марина Николаевна – кітапхананың кәсіподақ ұйымының төрайымы ретінде кәсіподақ қызметін белсенді түрде жүзеге асырады. 2018 жылы кітапхана кәсіподағы республикадағы үздік кәсіподақ ұйымы ретінде құрмет грамотасымен марапатталды, ал өзі «Мықты бастауыш ұйым – мықты кәсіподақ» республикалық байқау қорытындысы бойынша «Үздік кәсіподақ көсбасшысы» дипломының иегері атанды.

2023 жылы Қарағанды облысы әкімінің сыйлығын иеленіп, «Үздік кітапханашы» номинациясы бойынша марапатталды.

Ол ұжымда құрметке ие, кітапханашы мәдениетінің әдебін меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті бар жақсы маман».

Әрине, бөлімге креативті басшының келуі бөлімнің барлық қызметтің нәтижелілігіне бірден әсер етті.

Бөлім жанында сәндік-қолданбалы қолөнерді үйрету бойынша «Free Style» арт-студиясы, сондай-ақ «Қауырсын қалам» әдеби клубы жұмыс істейді. Десе де, «Кел, қазақша сөйлейік» үйірмесі әлі де танымал.

Балалар кітапханасының кітапханашылары оқырмандардың алдына көшбасшылық қасиеттерін дамыту, үлкен аудитория алдында сөз сөйлеу және тыңдау сияқты міндеттер қойды. Осы мақсатта бөлім жаңа әлеуметтік жоба болып табылатын «Мен-тұлға» атты коучинг орталығын әзірлеп, іске қосты. Жыл бойы 12-15 жастағы жасөспірімдер үшін кітапханаға шақырылған мамандар, яғни коуч-жаттықтырушы мен психологтардың қатысуымен тренингтер өтеді.

Орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінде олардың оқуға бейімділіктерді білу және хабардар болу маңызды. Осыған байланысты «Кітап және жастар: қарсы қозғалыс» деген зерттеулер, «Оқу беделі. Оқу сәнді ме?» деген оқырмандар арасында жедел сауалнамалар «Қиял. Қорқыныш. Мистика» атты интерактивті сауалнамалар жүргізілуде.

Қазіргі уақытта бөлімде Г. Жангалова, О. Маторина, Ж. Зейкенова, Ж. Ыбрайым сияқты тәжірибелі және жас кітапханашылар жұмыс істейді, олар өз мамандықтарының қыр-сырын терең игеріп, кітапсүйер қауымды кітаппен сусындатуда. Кітапханашылар бөлімнің жұмысын жақсартуға, оқырманның жүрегіне жол табатын жаңа тәсілдер іздеуге, заманауи технологиялар мен жұмыс тәсілдерін меңгереуге атсалысуда, олар үнемі ізденіс үстінде.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Кез келген кітапханадағы әдістемелік бөлім – бұл талдау орталығы. Барлық идеялар мен жаңалықтардың бастауы осы жерден табылады. Әдіскерлер – ерекше халық: әмбебап кәсіпқойлар, әрқашан идеяға толы, ізденімпаз және бастамашыл жандар.

Абай атындағы ОБК әдістемелік қызметі ерекше кәсіби тақуалығымен ерекшеленді. Мұнда қашанда өте талапшыл, тиянақты, жауапкершілігі мол әдіскерлер жұмыс істеді.

1954 жылы қыркүйекте бірінші кітапханашы-әдіскер болып Морошек Елена Александровна тағайындалды. Әдістемелік жұмыс алғашқы күннен

бастап халық ағарту бөлімімен, облыстық комсомол комитетімен, Пионерлер сарайымен, мектептермен, балабақшалармен және басқа да ұйымдармен тығыз байланыста жүргізілді.

1960-1970 жылдары облыстағы мәдени өмір, әсіресе кітапхана ісі күшейе түсті, соның ішінде балалар кітапханалары көбейе түседі.

Сол себепті толық әдістемелік қызметті құру қажеттілігі туындайды, өйткені әдіскерлердің міндеттерінің аясына каталогтарды ұйымдастыру, кітап қорын толықтыру, көпшілік жұмысты ұйымдастыру және т.б. мәселелерді шешу енгізілген болатын. Жергілікті жерлерде практикалық көмек көрсету үшін өңірлерге ұзақ мерзімді іссапарларға бару ОБК жұмысындағы әдеттегі құбылыс болып табылды. Кітапхананың бұйрығымен әр кітапханашыға облыстың аудан, қалаларына жетекшілігі бекітілген еді. Бұл жылдары әдіскер болып Денисенко В.И., Жержісова С.Ж., Цапова В., Салова К.Я., Жабская Н.С қызмет атқарған.

60-жылдардың ортасында әдістемелік бөлімді Зинаида Григорьевна Максимова басқарды. Мұрағаттарда Зинаида Григорьевнаға жасалған мінездеме сақталған, онда «Максимова З.Г. - тәжірибелі, білімді, жігерлі, парасатты қызметкер, жұмысқа жауапкершілікпен қарайды. Ол ОБК қызметкерлері арасында да, облыстың балалар кітапханаларының кітапханашылары арасында да лайықты беделге ие, олармен көп жұмыс істейді. Ол үнемі өз біліктілігін арттыру жолында жұмыс істейді, жұмыстың жаңа түрлерін үнемі іздестіреді, кітапхана өміріне белсенді қатысады. Жақсы жұмысы үшін бірнеше рет мақтауларға ие болды ».

1970-1980 жылдары еліміздегі барлық көпшілік кітапханалары сияқты балалар кітапханалары да жаңа кітапханалық-библиографиялық классификацияға көшу, көпшілік кітапханалар желісін орталықтандыру, оқырмандарға қызмет көрсетудегі басымдықтарды өзгерту, жасөспірімдер кітапханасын құру сияқты маңызды процестерге қатысты..

ОБК жалпы әдістемелік басшылықты жүзеге асырып отырды, ол облыс кітапханалары үшін инновациялық идеялардың генераторы, шығармашылық зертхана болды. Басшылық облыстық, аудандық семинарлар, шеберлік мектептері, аймақтық іс-шаралар, экскурсиялар, баспа жұмыстары арқылы жүзеге асырылды.

Жұмыс бірыңғай ведомствоаралық жоспар бойынша жүргізіліп, озық тәжірибені зерделеу мен жалпылауға, енгізуге бағытталды. Жыл сайын облыстың бір аудан немесе қалаларына кешенді тексерулер жүргізілетін. Әдістемелік-библиографиялық материалдар жинақталып, таратылды, ғылыми-практикалық конференциялар, облыстық семинарлар мен кеңестер өткізілді.

1970 жылдары әдістемелік бөлімді Кәкеева Балдырған Әбішқызы басқарды. Бұл жылдар әр елді мекендегі балаларды кітапхана қызметімен 100% қамтуға көңіл бөлумен сипатталады.

1975 жылдан бастап облыстың балалар кітапханалары орталықтандырылған қызмет көрсету жүйесіне көшу басталғандықтан, Абай атындағы ОБК Н.В.Гоголь атындағы облыстық кітапханамен қатар орталық аудандық, қалалық балалар кітапханалары арқылы жергілікті жерлерде әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерін шешу жұмыстарын жүргізеді. ОКЖ балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері міндетті түрде ескеріліп отырды, әр ОКЖ-да директордың балалармен жұмыс жөніндегі орынбасарлары болды және олар үшін 5-7 күндік семинарлар, ауыл кітапханашылары үшін екі айлық курстар өткізілді.

1976 жылы Қарағанды облысында облыстық жасөспірімдер кітапханасы ашылып, ол жастар оқуына әдістемелік жетекшілік етудің бір бөлігін өз міндетіне алды.

1987 жылы Жұмағұлова Рабиға Садыққызы ғылыми-әдістемелік бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалды.

Рабиға Садыққызы Қарағанды облысы, Тельман ауданы (қазіргі Бұқаржырау ауданы) Токаревка ауылында дүниеге келген. 39 жылын кітапхана ісіне арнаған ардагер кітапханашы кітапхана саласындағы еңбек жолын 1973 жылы Абай атындағы ОБК әдістемелік бөлімнің аға кітапханашысы болып бастады. 1977-1985 жылдары Тельман аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде аға әдіскер, аудандық орталық кітапхананың директоры болып қызмет етті. Абай атындағы ОБК аға әдіскер болып оралып, зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеді.

Адал және көп жылғы еңбегі үшін Рабиға Садыққызы Жұмағұлова Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Құрмет грамоталарымен, 2002 жылы «Облыстың жыл кітапханашысы» номинациясы бойынша Қарағанды облысы әкімінің сыйлығымен марапатталды.

Рабиға Садыққызы еңбек жолын Баян Рамазанқызы Майлыбаева, Кауһар Жәлелтайқызы Ілиясовамен қатар жүріп өтті. Олардың есімдері Қарағанды облысының балалар кітапханаларымен тығыз байланысты екені сөзсіз, өйткені олардың 30 жылдан астам әдістемелік қызметінде облыста бармаған балалар кітапханасы қалмады деуге болады!

Майлыбаева Баян Рамазанқызы орта мектепті бітіргеннен кейін Шығыс Қазақстан облысы Маралиха ауылындағы орта мектепте кітапханашы болып қызмет атқарды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының кітапхана факультетін үздік бітіріп, Шығыс Қазақстан облысының

кітапханаларында қызмет атқарады. 1977 жылы Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасына аға кітапханашы болып жұмысқа орналасады. Отбасылық және қоғамдық өмірді ұштастыра білген ол жоғары санатты біліктілігі жоғары маман – әдіскерге айналды. Басшылық облыстағы жұмысты сапалы жаңа деңгейге көтеру қажет болған жағдайда балалар кітапханаларына әдістемелік және кеңіс беру мақсатымен Баян Рамазанқызын жіберіп отыратын.

Әдіскер ретінде әріптестеріне ғана емес, ең алдымен өзіне деген талаптылық танытып, тапсырманы барынша іске асыра білгенін айта кеткен жөн. Әдістемелік бөлімде жұмыс істеген уақытында мемлекеттік тілді белсенді түрде насихаттап, балаларды кітап пен кітап оқуға тарту, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын шығару, облыстық, республикалық семинарлар, байқаулар ұйымдастыру арқылы қазақ тілі мен ұлттық салт-дәстүрін сақтауға зор үлес қосты. 2011 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста.

Ілиясова Каухар Жалелтайқызы Қарағанды қаласында дүниеге келген. Мектепті бітірген бойжеткен Н.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың кітапханашылар курсына түсіп, 1968 жылы курсты бітіргеннен кейін Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада абонемент кітапханашы болып жұмыс істейді.

1970 жылдың наурыз айынан бастап Абай атындағы облыстық балалар кітапханасына кітапханашы болып қабылданады. 1974 жылы еңбек жолын үзбей Көкшетаудағы кітапхана техникумының кітапхана ісі бөліміне оқуға түседі. Қауһар Жәлелтайқызы қала мен облыстың тарихи-мәдени мұрасын сақтауға, арттыруға және кеңінен насихаттауға зор үлес қосты, балалар кітапханасының оқырмандарына ерекше жылы лебізбен, ілтипатпен қарап, оқырман сұранысын, библиографиялық анықтамаларды орындады. 2010 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан.

Ілиясова К.Ж. естеліктерінен: *«1980 жылдарға дейін кітапханада библиограф бірлігі қарастырылмағандықтан, көп уақыт бойы кітапханашы болып тізімге алынып, әдістемелік бөлім құрамында барлық іссапарларға шығып, әдістемелік бөлімнің жұмысын ұйымдастыруға - анықтамалық аппарат құрастыру, аудандар мен қалалардың ақпараттық-библиографиялық қызметін дамытуға жетекшілік еттім. Барлық облыстық семинарларда библиографиялық жұмыстар бойынша кеңестер бердім.*

1980 жылдың басында библиографиялық бөлімнің меңгерушісі бірлігі беріліп, кітапханашыларға библиографиялық білімдерін жетілдіру арқылы

жұмыс ауқымы кеңейтілді. Жақсы нәтижелерге де қол жеткіздік, тіпті библиографиялық бөлімдердің республикалық байқауына да қатыстық».

Р.С. Жұмағұлованың естеліктерінен әр кезеңде қызмет еткен ОБК әдіскерлері туралы білуге болады: «1987 жылға дейін Какеева Балдырған Әбішқызы, Слепенко Ольга Ивановна, Бойко Лариса Александровна бөлім меңгерушілері болды. Әдістемелік бөлімде жұмыс істегендер: Брезгулевская Людмила Евгеньевна, Майлыбаева Баян Рамазанқызы, Ильясова Тамара Жалелтайқызы, Сағындықова Баян, Жұмағұлова Күлзия, Дүкенбаева Рымкеш Шаметқызы.

Какеева Б.А. кітапхана ісін жақсы білетін. Ол өте білімпаз болатын, қазақ әдебиетін жақсы білетін. Облыстық теледидарда қазақ жазушыларының, оның ішінде балалар жазушыларының шығармашылығымен таныстыратын қазақ тіліндегі хабарды жүргізді.

Слепенко О.И. қала-ауылдардағы кітапханалардың жұмысынан үнемі хабардар болатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, көптеген қызықты шаралардың бастамашысы болды.

Бойко Л.А. жұмысына шығармашылықпен қарады, идеялары көп болды, жұмыстың мәнін және оның жүзеге асуын ұғынықты түрде түсіндіретін.

Майлыбаева Б.Р. жұмыс барысында алған білімдерін қолданып, кітапхананың цифрлық көрсеткіштеріне жауап беріп, бақылап отырды, бөлімдегі құжаттарды қазақ тілінде жүргізіп отырды. Оның әдістемелік құралдары кітапханашылардың қызығушылығын тудыратын.

Ильясова Т.Ж. кітапханадағы және облыс кітапханаларындағы библиографиялық жұмыстарға жауапты болды. Осы салада ұзақ жылдар қызмет ете жүріп, көп уақытын ұсыныс библиографиясына арнады, картотека жүргізді, үнемі библиографиялық шолулар жүргізді, облыстық семинарлар ұйымдастырды».

Рабиға Садыққызының 1990-2000 жылдардағы бөлім жұмысы туралы естеліктері ерекше құнды: «Кітапханадағы әдістемелік жұмыс облыстағы балалар кітапханаларының, балаларға қызмет көрсететін кітапханалардың жұмысын жақсартуға ықпал етті.

Әдістемелік бөлімнің басты назарында балалар кітапханаларының желісін құру болды. Абай атындағы ОБК әр қалада, ауданда орталық балалар кітапханаларының немесе балалар филиалдарының болуына қол жеткізді. Кітапханаларды орталықтандыруға байланысты Қарағанды, Теміртау қалаларында балалар кітапханасының орталықтандырылған жүйелері құрылды. Ол үшін Орталық кітапханаларда бірыңғай каталогтар, картотекалар, бірыңғай кітап қорлары, т.б. қажет болатын. Бөлім

қызметкерлері ең шалғайдағы кітапханаларды аралап, каталогтар мен картотекаларды құрастыруға және өңдеуге көмектесті. Бөлімнің әр қызметкеріне 1 қала және 2 аудан бекітілген болатын.

1997 жылы Жезқазған облысының Қарағанды облысына қосылуына байланысты Жезқазған қаласында балалар мен жасөспірімдер кітапханасы құрылды. Сондай-ақ, құрамында Баршын ауылындағы аудандық балалар кітапханасы бар Теңіз ауданының кітапханалары да Қарағанды облысына қосылды.

Бір жыл ішінде әдістемелік бөлім 4 облыстық, 2 көшпелі топтастырылған семинарлар өткізетін. Сонымен қатар 30-ға тарта іссапар жасап, 12-ден кем емес әдістемелік материал шығаратын. Бес жылда бір рет балалар кітапханасы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып отырған, Абай атындағы ОБК мамандары мектеп кітапханаларының, ауылдық кітапханалардың курстарына белсенді қатысты. Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты біздің мамандарды мектеп кітапханашыларына оқырмандарға қызмет көрсету, құжаттаманы жүргізу, қорды ұйымдастыру бойынша дәріс оқуға және практикалық сабақтар өткізуге тартты. Институтпен бірлесе отырып мектеп-интернаттар мен арнаулы мектептердің кітапханаларының арасында байқау сайыс өткізілді.

Талдау жұмыстарына ерекше мән берілді. Әрбір ОКЖ-нің жылдық есептері талқыланып, қызметкерлер кітапхана қорының статистикалық мәліметтері, жұмыс мазмұны, олардың бір жылдағы қызметінің жағдайы бойынша талдаулар дайындады. Жазбаша талдаулар жасалып, одан әрі нәтижелі жұмыс жасау үшін кітапханаларға жіберілетін. Міндетті түрде жұмыс қорытындысы бойынша жыл басындағы жиындарда жарияланған іс-шараларға шолулар жасалып, ұсыныстар берілген.

Кітапханамыздың базасында бірнеше рет республикалық семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. 1975-76 жылдары оқырмандарға қызмет көрсету мәселелері бойынша, 1986-87жж. анықтамалық және библиографиялық жұмыс бойынша ұйымдастырылды.

Біздің кітапханаға тәжірибе алмасу үшін Қазақстанның көптеген кітапханаларынан әріптестеріміз келетін. Солардың ішінде Шығыс Қазақстан, Шымкент, Павлодар облыстарынан келген әріптестерім есімде. Көпшілігін кітапхана жұмысы, әсіресе жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, әдістемелік жұмыстарды тұжырымдау, әдістемелік материалдардың электронды картотекасы қызықтыратын».

2000 жылдардағы бөлім жұмысының шешуші мәселелері балалар кітапханасын компьютерлендіру, үлгілі балалар кітапханасын құру болды.

Жаңа технологияларды енгізуге байланысты облыс кітапханаларына компьютерлер алынып, кейбір кітапханаларға «Кітапхана 4.02» кітапханалық бағдарламасы орнатылып, қызықты жұмыс түрлері пайда болды. Біліктілікті арттыру курстарында компьютерлік білімді меңгеру, «Кітапхана 4.02» бағдарламасымен жұмыс жасау сабақтары өткізілді. Өңірлік семинарларда жаңа технологияларды қолданатын іс-шаралардың формалары берілді. Үздік балалар сайтына байқау жарияланып, Шахтинск қаласының кітапханалары жеңімпаз атанды.

Балалар кітапханаларын жаңғырту және үлгілі кітапханаларды құру өзгермелі жағдайларды ескере отырып, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде балалардың дамуына, кітап, ақпараттық ресурстар арқылы білім алуына қолайлы жағдай туғызуды көздеді.

Өңірде үлгілі кітапханалар саны ұдайы өсіп отырды. Алғашқылардың қатарында Осакаров, Шет, Бұқаржырау аудандарының балалар кітапханалары болды. 2000 жылдары облыста 9 үлгілі балалар кітапханасы құрылып, жұмыс жасап жатты.

2000 жылдардың аяғында балалар кітапханаларының тұрақты желісі дамыды және қалыптасқан кітапханалар желісін жақсарту, оны ретке келтіру басты назарға алынды. Кітапханалар қызметіндегі жаңа бағыттардың қатарында отбасылық оқуға, өлкетану, кітапхананы демалыс орталықтарына айналдыру және т.б. болды.

Кітапхана мен білім беру ұйымдарының байланысы жаңа деңгейге көтерілді. Мектеп кітапханаларымен әдістемелік жұмыстың шеберлік мектебі қалыптаса бастады.

Осы жылдары ғылыми-әдістемелік бөлім инновациялық-әдістемелік бөлім болып өзгертілді. Инновациялық-әдістемелік бөлім балаларды оқуға тартудың жаңа түрлерін енгізуді қолға алады. Оқырмандар арасында түрлі байқаулар өте танымал және тиімді еді.

2011-2014 жылдар аралығында инновациялық-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Карипова Жанар Маратқызы болды. Әдістемелік қызмет облыстағы балалар кітапханаларының табысты жұмысын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-функционалдық негіз бола білді.

Осы кезеңде Мәскеу облыстық мемлекеттік балалар кітапханасымен ынтымақтастық ұйымдастырылып, нәтижесінде 2014-2017 жж. «Көк чемоданның саяхаты» халықаралық жобасы жүзеге асырылды.

Кітапхана тәжірибесіне жаңа технологияларды енгізу әдістемелік жұмыстың өзгеруіне әсер еткен жетекші факторлардың біріне айналды. Электронды орта мен цифрлық формат кітапхананың әдістемелік қызметін сапалы жаңа деңгейге шығарды.

2015 жылы бөлім меңгерушісі болып Жүсіпова Сәуле Жаманбайқызы тағайындалып, Қарағанды қаласының жетекші кітапханаларында қызмет еткен тәжірибелі маман ретінде әдістемелік бөлім қызметіне тың жаңашыл ағын әкелгені анық.

Жүсіпова Сәуле Жаманбайқызының кітапханадағы жалпы еңбек өтілі 25 жылдан астам. Еңбек жолын Қарағанды қаласындағы Орталықтандырылған балалар кітапханасы жүйесінде бастаған. Жүйе жабылғаннан кейін біраз уақыт Қарағанды қаласының кітапханаларында жұмыс істейді, 2012 жылдан бастап Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында қызмет етеді.

Сәуле Жаманбайқызы кітапты және оқуды насихаттау бойынша «Жаз. Балалар. Кітап», «Соғыс туралы кітап оқы!», «Қазақтың 100 салт-дәстүрі» жобаларын әзірлеп, жүзеге асырды.

Еңбек жолында Сәуле Жаманбайқызы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Алғыс хаттарымен, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, ҚР ҰАК «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамоталарымен, оқу орындарының алғыс хаттары, «Қазақстан Республикасы жылының үздік маманы» Республикалық патриоттық байқауының бірінші дәрежелі дипломымен марапатталған.

Дәстүр бойынша бөлім облыстың балалар кітапханасы қызметкерлеріне арналған облыстық және аймақтық көшпелі семинарлар, біліктілікті арттыру мақсатында түрлі тақырыптарда кәсіби сайыстар өткізіп отырады. Олардың негізгі идеясы - балалар кітапханасының кәсіби құзыреттілігін дамыту, саланы цифрландыру, оқу проблемалары және т.б.

Біліктілікті арттыру мақсатында бөлім «Жыл кітапханашысы – 2015», «Заманауи кітапханашы жастар көзімен», «Бір кітаптың дефилесі», ReshaKucha нұсқасында «Бүгінгі және болашақ: кітапханашы көзқарасы» және басқа да байқауларды өткізіп отырады.

Әдіскерлер кітапханалармен және пайдаланушылармен «сұраныс-жауап» режимінде қашықтықтан кеңес беру сияқты сапалы жаңа қызметті белсенді пайдалануда. Әдістемелік қызметтің тақырыптары мен бағыттары виртуалды ортамен және ақпараттық технологиялардың дамуымен көбірек байланысты. Электрондық ортаның мүмкіндіктері әдістемелік жұмыс технологиясының өзін де елеулі өзгерістерге әкелді.

Соңғы жылдары баспа қызметі электронды форматқа көшірілді, бұл әдістемелік-библиографиялық материалдарды жылдам таратуға мүмкіндік береді.

Қазіргі әдіскерлер алдыңғы буын қалдырған дәстүрлерді лайықты жалғастыруда. Әр жылдары А.Қ. Қарашова, М.Н. Подгайнова, М.С.Смағұлова, М.С. істесе, қазіргі уақытта бөлімде С.Ж.Жүсіпова, Қ.Т.Құрманбекова, Т.А.Побокина, Ж.Қ.Шаймұханбетова сияқты білікті әдіскерлер қызмет етеді.

Инновациялық-әдістемелік бөлім жаңа міндеттерді шешуге бағытталған даму жоспарларын батыл жасайды.

КІТАПХАНАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ БӨЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Автоматтандыру бөлімі кітапхананың ең жас бөлімі. Жеке бөлім болып құрылуының алдында 90 жылдың аяғы 2000 жылдың басында алғашқы компьютерлерді алу және қызметкерлерді дербес компьютермен жұмыс істеуге үйрету, слайдтар, презентациялар жасау, оқу-әдістемелік кешендерді құру сияқты белгілі бір қызметтерді енгізу жұмыстары жүргізілді.

Көптеген кітапханалар сияқты, кітапханалық үдерістерді автоматтандырудың басында Абай атындағы ОБК да кезеңдердің реттілігін және қызметтің жаңа бағытын іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігін анықтауда қателіктерден аулақ болмаған. 2001 жылы кітапхана «Кітапхана 4.02» АКАЖ бойынша жұмыс істей бастады, ал 2003 жылы кітапхана жұмысын автоматтандыру секторы құрылады.

Тиімді жолдарды іздеу 2004 жылы толыққанды кітапханалық үдерістерді автоматтандыру бөлімін құру туралы шешім қабылдауға әкелді. Бөлімнің бірінші басшысы болып Айман Камел тағайындалып, штаттағы жүйелік инженер бірлігіне Мұратша Бірлан қабылданады.

2005 жылы кітапхана «Кітапхана 5.4» АКАЖ бойынша жұмыс істеуге көшті. Сол жылы ОБК тарихында интернет желісіне қосылуымен есте қалып, кітапхананың web-парағы жасалады.

2009 жылы кітапхананың жаңа директоры Жайлыбаева Н.Ө. үлкен мақсаттар қойып, жұмыс орындарын компьютерлендіру, кітапханалық үдерістерді автоматтандыру, оның ішінде пайдаланушыларға қызмет көрсетудің автоматтандырылған режиміне көшу жұмыстары басталды. WI-FI желісі іске қосылды, бұл пайдаланушылар үшін де, кітапханашылар үшін де өте маңызды кезең болды.

2009 жылдың есебінде жыл ішінде кітапханада жергілікті торап жүргізілгені туралы айтылады, бұл кітапхана қызметкерлерінің жұмысының тиімділігі мен ұтқырлығына әсер еткені сөзсіз. Кітапханашылар «Абай»,

«Бала жанды ақын», «Сиқырлы жер асты патшалығы Қарағанды» дискілерін жасап, «Әбілхан Қастеев», «Несіпбек Айтөв», «Тәкен Әлімқұлов» басылымдары электронды түрде шығарылды.

Кітапханада «Кітаптар», «Мақалалар», «Жас таланттар», «Қарағанды жазушылары мен ақындары», «Балалар құқығы» және т.б. мәліметтер қорлары жасалады.

Кітапхана қызметкерлері үшін Office қосымшаларында мәтіндер, кестелер және слайдтармен жұмыс жасау бойынша сабақтары үнемі жүргізіліп отырды.

2010 жылы сайт жаңартылып, контенті толықтырылады, 2014 жылдары ВКонтакте, Мой мир, Facebook әлеуметтік желілерінде кітапхана парақшалары ашылады.

Кітапхананы автоматтандыру тарихында 2011 жыл жаңа кезең ретінде болды, өйткені 1 сервер, 1 ноутбук, 11 дербес компьютер, принтер, компьютерлік үстелдер сатып алынған болатын.

Колесникова Г.А. кітапхананы автоматтандыру үдерісін былайша еске алады: *«2011 жылы кітапхана «ИРБИС» бағдарламасының 64 нұсқасын сатып алып, «Каталогизатор», «Комплектатор», «Әкімші» модульдері іске қосылды. Электрондық каталог жазбалары «Кітапхана 5.4» бағдарламасынан көшірілді. Кітаптарды цифрландыру жұмыстары басталды».*

2017 жылдан бастап кітапхананы автоматтандырудың жай-күйіне толық аудит жүргізілгеннен кейін бөлімнің функциялары сайтты жүргізу, контентті толтыру, әлеуметтік желілермен жұмыс істеу, машиналар паркін техникалық қолдау және «ИРБИС» АКАЖ-ның барлық автоматты жұмыс орындарын іске қосу болып анықталды. Ал одан кейінгі жылдары автоматтандыру үдерістерін оңтайландыру және жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

2020 жылы термотрансфер принтері және штрих-код сканерлері сатып алынып, ол кітаптарға штрих-кодтар орнатуға мүмкіндік берді. Бөлім қызметкерлері барлық кітапханашыларға жаңа бағытта жұмыс істеу бойынша сабақтар жүргізді.

«Web-ИРБИС64+» www-серверінің шлюз модулін сатып алу ИРБИС-те құрылған электронды каталогтарға, библиографиялық деректер қорына және веб-браузер арқылы толық мәтінді құжаттардың электрондық жинақтарына қолжетімділікті ашуға мүмкіндік берді.

«ИРБИС 64+» бағдарламасы «ИРБИС 64+ 2021.1» нұсқасына ауыстырылды. Оның көмегімен оқырман билетіне штрих-код орнату мүмкіндігі туып, «Кітап берілімі» модулі іске қосылды, осылайша

кітапхананың статистикалық деректерін автоматты түрде жүргізуге мүмкіндік берілді. 2021 жылдың қараша айында кітапхананың толыққанды электронды каталогы интернет пайдаланушыларына қолжетімді болды.

Кітапханалық үдерістерді автоматтандыру бөлімі кітапхананың жоғары технологиялық даму орталығы ретіндегі имиджін қалыптастыратын бөлім болып табылады. Кітапхананы автоматтандыру деңгейін ұдайы арттыру қажеттілігі – заман талабы екенін бөлім басшылары үнемі назарда ұстап отырды. Әр кезеңде бөлім меңгерушісі болып А.С. Сәдуақас, Н.Қ. Мұхашева, Б.М. Мұратша істеген.

Кітапхана үдерістерін табысты автоматтандыру, әрине, кітапхана басшылары мен мамандарының амал-тәсілдеріне, АКАЖ нақты мүмкіндіктеріне және пайдаланушылардың – балалар кітапханасы оқырмандарының нақты қажеттіліктерін білуіне байланысты екені сөзсіз. Бүгінде бөлімнің жұмысын тәжірибесі мол білікті маман Е.О. Кучаева басқарып, С.Үсенов, Ж.Қонқақов, Н.Мұқашева, Н.Жәкен сияқты білікті мамандар үйлестіріп отырады.

III ТАРАУ

БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН

XX ғасырдың ортасында құрылған Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы қазақстандық қоғам дамуының барлық кезеңдерін басынан өткеріп, XXI ғасырға цифрлық дәуірде кітапхананың жаңа рөлін түсінумен қадам басты.

Бізді қоршаған әлем – күнделікті өзгеріп отыратын, адамдардың, соның ішінде балалардың қажеттіліктеріне үнемі әсер ететін, кітапханалардың миссиясы мен функцияларына түзетулер енгізетін цифрлық технологиялар әлемі.

Соңғы бірнеше жылда кітапхана қоғамдастығында кітапханалардың болашағы мен кітапханашы мамандығы туралы пікірталастар болды. Сөзсіз, белгілі бір кезеңде әрбір кітапхананың алдында басты сұрақ туындайды – қазір қоғамға қандай кітапхана қажет? Еліміздегі көптеген жетекші кітапханалар осы көкейтесті сауалға жауап іздеуде.

70 жылдық мерейтойдың табалдырығын аттаған, ұзақ жолды қорытындылаған Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы да **Балалар кітапханасы қандай болуы керек? Ертеңгі балалар кітапханасында ең**

бастысы не болуы керек? Болашақтың кітапханашысы қандай болуы керек? деген сауалдарға жауап іздейді.

Бұл сұрақтарға Абай атындағы кітапхананың әр буын кітапханашылары мен оқырмандары жауап береді.

Кітапхана ардагері **Рымкеш Шаматовна Дүкенбаева:**

Мен ескі формацияның кітапханашысы болғандықтан, кітапхананың болашағына баға беру мен үшін қиын, бірақ менің ойымша, қазіргі заманғы кітапханашы өз оқырманынан биік тұру үшін үнемі жетілдіріп, бала тілінде сөйлеуі керек деп ойлаймын. онымен бірге заманауи технологияларды меңгеруі қажет. Бірақ басты назар әрқашан кітапта болуы керек.

Сонымен қатар қазіргі кітапханалар тек кітаптар қоймасы ғана емес. Бұл нағыз мәдениет ошақтары. Бүгінгі кітапты насихаттау өз шекарасын кеңейтті. Енді бұл дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар ең стандартты емес формалар: театрландырылған қойылымдар, телешоулар, дәстүрлі емес көрмелер және т.б. Оның үстіне бұл іс-шаралар ұлттық және халықаралық ауқымда ұйымдастырылады.

Кітапханашылардың жұмысы түбегейлі өзгерді. Бүгінгі таңда олардан өткір ой, кең эрудиция, зеректік, өнерпаздық, сүйкімділік, тартымдылық, тапқырлық, кез келген адаммен қарым-қатынас таба білу талап етіледі. Бүгінгі күні іс-шараларды ұйымдастырғанда балалар кітапханашысы автор, сценарист, режиссер, қоюшы, журналист, т.б. болып табылады Әлеуметтік желілер мен веб-сайттар кітапхана өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар арқылы балалар кітапханаларының қызметі туралы ақпараттың негізгі ағымы жүреді. Бүгінде кітапханашылар әлеуметтік желілерде жазбалар жазып, кітап пен оқуды қызықты, қолжетімді және әсерлі түрде насихаттауды үйренеді. Бұл уақыт талабы, бір орнында тұрмайды. Жаңа технологиялар мен жетістіктер заманында, көптеген балалар гаджеттерге құмар болып жатқанда, балалар кітапханасының кітапханашылары алдында балаларды кітап оқуға баулу, кітапқа құрметпен қарау қиын міндеті тұр. Бүгінгі кішкентай оқырман – еліміздің болашағы. Кітап оқитын адам – ойшыл, зейіні жоғары, білімді адам.

Мен сүйікті кітапханамның қызметін үнемі қадағалап отырамын, инстаграмдағы бір жазбаны жіберіп алмауға тырысамын, пікір жазамын. Мен өмірімді Абай кітапханасымен байланыстырғанымды мақтан тұтамын және бақыттымын, мұнда өмірімнің көп бөлігі өтті. Оған табыс пен шексіз гүлдену тілеймін!

Кітапхана ардагері Галина Анатольевна Колесникова:

Меніңше, адам ғана жасы ұлғайған сайын қартайады, ал кітапхана, керісінше, заман талабына сай жасарып, көркейіп келеді. Абай атындағы балалар кітапханасының келбеті көптен бері Қарағандының визит карточкаларының біріне айналған. Кітапханаға өздері балалық шақтарында келіп, одан кейін балаларын, қазір немерелерін алып келіп жүргендері туралы айтқан әжселердің әңгімелерінің әріптестеріммен бір емес, бірнеше рет куәсі болдық. Менің ойымша бұл дегеніміз ұрпақтар байланысын кітап арқылы сақтаудың кітапхана ісіндегі тағы бір дәлелі.

Ыбрайм Жайна Ыбраймқызы, орта және жоғары сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы:

Болашақта балаларға арналған балалар кітапханасы білім алуға, достармен кездесуге, маңызды қарым-қатынас, қызықты іспен айналысуға болатын ең қызықты орынға айналуы құптарлық еді. Бүгінгі күні кітапханалар осыған ұмтылуда, бірақ көптеген балалар мен жасөспірімдер әлі де кітапханаларға баруға асықпайды. Бүгінгі күні кітапхананың мәртебесі төмендеп, жеке тұлғаны қалыптастырудағы балалар кітапханасының рөлі өте маңызды.

Оқырманды тарту үшін кітапханашылар бағдарламалар мен жобалар әзірлеп, үнемі шығармашылық ізденісте болуы қажет. Балалар өткізілген іс-шаралардан көптеген қызықты ақпараттар мен эмоциялар алады, бірақ, өкінішке орай, кітапханаға үлкен қуанышпен келетіндер көп емес. Ендеше, болашақта техникалық жабдықталған, кітап қоры мол, кәсібіне жаны құмар кітапханашылар мен оқитын, жазатын, араласатын балаларға толы залдар бар кітапхананы көремін.

Болатбекова Күміс Ерланқызы, мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы:

Қазіргі таңда кітапхана оқырманға кітап ұсынып, оны қайта қабылдап алатын орын емес. Заман талабына сай кітапхана қызметі де түрленіп келеді. Болашақта балалар кітапханасы озық технологиялармен жабдықталған және көпфункционалды болады деп ойлаймын. Сонымен қатар мұнда виртуалды көрмелер, бай және әртүрлі әлем қорлармен, ақпараттық ресурстармен, анықтамалық және іздеу құралдары болады. Болашақта кітапхана халықтың ұлттық ерекшелігін, бірегейлігін сақтай отырып заман талабына сай сәулетті болса, бірте-бірте балалардың ең жиі келетін орнына айналары сөзсіз.

Жалпы кітапхананың дамуы кітапханашыға байланысты. Болашақ кітапханашы ең алдымен ұйымдастырушы қабілеті бар, заман талабына сай білімді, технологияны меңгерген, оқырмандармен жұмыс істей алу дағдысы жоғары, ізденімпаз болу керек.

КІТАПХАНА ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ СҰХБАТЫ

1. XXI ғасырда кітап оқу маңызды ма?

Григоркевич Яна (Қ.Сәтбаев атындағы гимназия, 7-сынып):

Иә, 21 ғасырда кітап оқу маңызды. Оқу барлық жерде және әрқашан маңызды болды, әлі де маңызды және маңызды болады. Кітаптарда адамдар ешкім жауап бере алмайтын сұрақтарға жауап табады. Кітап – біздің тарихымыз. Тарихты ұмытсаңыз, көп қателіктер жібересіз. Кітаптар маңызды болған, бар және бола беретін нәрсе, өйткені олар адамдарды жаман істерден, зерігуден, қайғыдан құтқарады. Олар тамаша достар. Ал тамаша достар әрқашан маңызды.

Никита Таранович («Әділет» мектебі, 10-сынып):

Сөзсіз. Шынында да, біздің заманымызда көптеген фильмдерге бейімделулер, аудио кітаптар, шығармалардың қысқартылған нұсқалары және т.б. пайда болғанымен, қарапайым қағаз кітапты оқумен ештеңе салыстыруға келмейді. Сіз бұл процеске қатысқан кезде сіздің көз алдыңызда қызықты оқиғаларға, фактілерге, тарихқа және ғаламға толы бүкіл әлем қалқып тұрады. Әр кітапты бөлек алып, бөлек дүние деп талдасаңыз, біздегідей емес бұл дүниенің ерекшелігін көресіз.

Сағит Лейла, 18 жас:

Иә, 21 ғасырда кітап оқу маңызды әрі қажет деп есептеймін. Электронды және қарапайым кітаптарды оқығанда, сезім мүлдем басқаша болады. Екеуі де бірдей ақпаратты бере алады, бірақ ұзақ мерзімді жад парақтарға қол тигізіп, сезінуге болатын нақты кітаптар болып қала береді. Әртүрлі блогтар мен мақалаларға қарағанда кітаптарда әрқашан көбірек ақпарат бар. Кітап ақпараттан басқа эмоцияларды, сезімдерді, ойларды, автор жеткізгісі келгеннің бәрін жеткізе алады. Көптеген өмірді кітаптарда өткізуге болады. Мұны кітаптардан басқа еш жерде жасай алмайды. Олар бізге бүгін қалай өмір сүру керектігін үйрету үшін бізді басқа шындыққа батырады. Кітаптар жұбаныш береді және алға жылжуға көмектеседі.

2. Оқудан ләззат алған кітап есіңізде ме?

Григоркевич Яна (Қ.Сәтбаев атындағы гимназия, 7-сынып):

Бұл атақты ертегіші Г.Андерсеннің «Дюймовочка» кітабы болатын. Анамсыз оқыған алғашқы кітабым. Бұған дейін мен кітап оқитынмын, бірақ анамның қасында оған дауыстап оқитынмын. Сол күні анам ас үйде бірдеңе пісіріп жатыр еді, мен келесі кітапты оқуға ынталанып, сөреден Дюймовочканы алдым. Бірінші кітапты өз бетімше оқығаннан кейін оқудың қандай ганибет екенін түсіндім.

Никита Таранович («Әділет» мектебі, 10-сынып):

Мен оқуды ұнатқан бірінші кітап Наталья Щербаның «Часодеи» сериясы болды. Мен оның жанкүйері болып қала беремін. Бұл оқырманды құпияларға, сиқырларға, құпиялар мен интригаларға және тағы басқаларға толы керемет әлемге жіберетін керемет кітаптар. Мұндай шығармалар ұмытылмайды.

Сағит Лейла, 18 жас:

Бұл Фрэнсис Бернеттің «Құпия бақ» шығармасы болды. Мейірімділік және жақсылыққа деген үміт туралы әңгіме. Ауыр науқас бала анасы қайтыс болғаннан кейін жалғыз қалады. Қайғыдан тайған әкесі баласын қызметшілерге қалдырып, өзге елге кетеді. Үйге қызды жалдайды, ол бір кездегі құдіретті қожайынның ерке ұлына жақсы әсер етеді. Екеуі бірге қараусыз қалған бақшаны тауып, оны тазалауды шешеді. Балалар арасындағы достық, бау-бақша тұрғындарының, құстардың, түрлі жануарлардың көмегі және бұл әлемде жалғыз емес екеніңізді түсіну гажайыпқа айналады. Бала толық қалпына келеді, ол жүре бастайды. Қараусыз қалған бақ оның марқұм анасының бақшасы екені анықталды. Кітап мені қатты таң қалдырды, мен бұл кітапты оқуға жұмсаған уақытым үшін бір сәтке де өкінбедім.

3. Заманауи кітапханада не көбірек болуы керек – технология ма, әлде жанды қарым-қатынас па?

Григоркевич Яна (Қ.Сәтбаев атындағы гимназия, 7-сынып):

Жанды қарым-қатынас, байланыс. Бүкіл әлемде технология қазірдің өзінде жеткілікті, ал кітапхана - бұл барлық осы технологиялардан өзіңізді жауып, кітаптармен, кітап кейіпкерлерімен және кездесулерде «тірі» адамдармен сөйлесе отырып, өзіңізді жанды сезінуге болатын басқа әлем. Электронды кітаптарды үйде оқуға болады, бірақ үйде қымбат кітаптар көп болмауы мүмкін. Кітапханалар адамдарды байланысқа түсіреді, менің ойымша, біз мұны жалғастыруымыз керек.

Никита Таранович («Әділет» мектебі, 10-сынып):

Қазіргі кітапханада адамдардың қарым-қатынасы маңызды. Технология екінші орында. Әрине, оларды кітапханашылардың жұмысында, мысалы, электронды каталогты құрастыру кезінде пайдалануға болады. Бірақ адамдардың қарым-қатынасынан жақсы не болуы мүмкін? Кітапханаға бару арқылы сіз кітапханашылардан кәсіби кеңес ала аласыз, кейде достарыңызбен кездесіп, өзіңізге ұнайтын кітапты талқылай аласыз. Мұнымен ештеңе салыстыруға келмейді.

Сағит Лейла, 18 жас:

Технологияны енгізу, әрине, тамаша. Бірақ технологиялардың ешқайсысы жанды байланысты алмастыра алмайды.

Ким отбасы (Наталья, Глеб және Милана):

Заманауи кітапхананы қалай көресіз деп сұрағанда, көбісі гаджеттер, компьютерлер және мәліметтер базасы туралы ойлайтын шығар, бірақ мен үшін бұл кітаптың көптігі, жайлы бөлме және қағаз мұқабадағы жаңа әңгімелермен танысу мүмкіндігі.

Бала кезімізден мектепте оқып жүргенде Абай атындағы кітапханаға апарды. Әдебиеттердің көптігі мен кітапхананың атмосферасына тәнті болдым. Енді, міне, 25 жылдан астам уақыттан кейін балаларым кітапханаға ерекше сезіммен, кітаптармен жағымды кездесу күтумен келеді.

Осы жылдар ішінде Абай кітапханасы көп өзгерді, түрленді, кітаптардың сапасы мен саны өсті. Сүйікті кітапханамыздың өркендеуіне, танылуына, үлкен-кіші оқырмандарының көп болуына тілектеспіз.

Возинян Татьяна, оқырман, 74 жаста:

Қазір кітап оқу кере не? Бұл сіз жасай алатын және істеу керек жалғыз нәрсе! Қазір уақыт қиын - нұсқаулар жоқ немесе олар жалған. Кәрі де, жас та ағыспен жүріп, біреу әкелетін «көктен манна» күтеді. Менің алғашқы «байыпты» кітабым есімде. Үшінші сыныпта оқитынмын, пионерлер қатарына қабылданған күні ата-анам «Зоя мен Шура туралы хикая» кітабын сыйға тартты. Мен оны дауыстап оқыдым, дастархан басында, бүкіл отбасы үшін, өзімді ақылды қыз сияқты сезіндім (анам айтқандай). Содан бері кітап оқу менің сүйікті ісіме айналды!

Ю.Германның «Дело, которому ты служишь», «Дорогой мой человек» және «Я отвечаю за все» трилогиясы менің күйеуімнің мамандығын таңдауын айқындап берді!

А.Чехов пен Л.Толстой өмір бойы қасымда жүрді. Олар маған сұрақтарыма жауап берді. Классиктерді оқудан қазір ерекше ләззат аламын. Чеховтың «Даласы» мен үшін қазір музыка. Үнемі дауыстап, оңаша, өз-өзіме «көркем сөзбен», кейде рахаттана оқимын, стильдің сұлулығына тәнтімін және ұлы Чеховты оқығанымды мақтан етемін.

Кітапханадағы ең бастысы - әлі де оқылған нәрселер туралы әңгімелер. Кез келген адам кітап бере алады, бірақ мағынасын түсінуге тек маман, кітапханашы ғана көмектесе алады. Тек кітапханашы сұрақтарға жауап бере алады, тақырып бойынша басқа нәрсені ұсына алады. Біздің кітапханада осындай адамдар бар!

Вьюшкова Алла Павловна, оқырман, 2012 жылы туылған Вьюшкова Аринаның анасы:

Биыл Абай атындағы облыстық кітапханаға 70 жыл толып отыр. Әсерлі де әдемі дата және балалар кітапханасының ұзақ уақыт бойы балаларға көптеген авторлардың шығармаларын сақтап, беріп отырғаны қаншалықты керемет және бұл жұмыс жас оқырмандар үшін ізсіз өтуі екіталай...

Абай атындағы кітапханамен менің отбасымның үшінші буыны бұрыннан таныс. Анам оның есігін алғаш 1964 жылы ашқан. Ол әлі бірінші сынып оқушысы бола тұрып, абонемент бөліміне өз бетімен жазылып, үйіне кітап ала бастады. Балалық шағындағы сол естеліктерден анам сол кездегі кітапхана оған кішкентай сарайды еске түсіретінін, тіпті кітаптары бар залға апаратын баспалдақтардың өзі оған ерекше көрінетінін айтты. Кітаптар қазір балалар ойын бөлмесі бар шағын бөлмеде берілді. Анама залдардың тыныштығы ұнады, атмосфера ескі фильмдердегі кітапханаларды еске түсірді.

Кітаптар көп оқылған, ескі, бірақ ұқыпты болатын. Содан кейін көптеген кітаптар А4 форматында, қалың, қара және ақ суреттермен болды. Бұл кітапханада анам Агния Барто, Виталий Бьянки, Марк Твен және басқа да көптеген авторлармен танысты.

Менде де бұл кітапхана туралы тек жақсы естеліктер қалды. Отбасымыз қаланың бір ауданынан екінші ауданға көшкен кезде мен мектепті ауыстырып, 1-ші гимназияға көштім.

Бірде біздің сыныпты осы кітапханада туған өлкеміздің тарихына арналған интеллектуалды викторинаға қатысуға шақырды. Менің есіме

үлкен, жарық оқу залы түсті. Содан кейін сәл қатал атмосфера орнады, алдымен барлығы жауап беруге ұялғандай болды, бірақ кітапхана қызметкері бізбен өте мейірімді сөйлесті, ал ахуал бірте-бірте босаңсып, сынып ойын процесіне араласып, викторина қызу өтті. Одан кейін бізге оқу залы туралы, үйден кітап алуға болатын абонемент бөлімі, жалпы кітапхана қоры туралы айтылды.

Енді интернеттен кез келген ақпаратты оңай табуға болады. Бірақ ол жылдары компьютер бәрінің қолында емес еді, мәселен мен Абай атындағы кітапханаға эссе жазуға жүгірдім. Мен оқу залында оқыдым, кітап оқу үшін үйге апардым, сондықтан Марк Твеннің, Отфрид Преуслердің, Николай Носовтың, Памела Траверстің және басқалардың тамаша кітаптарымен таныстым.

Соңында қызым. Кітапханаға жазып алып, үйге бірдеңе алып барып оқимын деп шештім.

Мен қызыммен кітапханаға келгенде оның қаншалықты өзгергеніне таң қалдым.

Кітапхана ерекше жарқын, қызықты болды. Балалар ойын бөлмесі түрленді, онда көптеген жаңа ойыншықтар пайда болды, теледидар орнатылды. Маған қазір кітаптар берілетін залда үш қабатты пандустың жастықтарында ыңғайлы оқуға болатыны ұнады. Менің бала кезімнен көп нәрсе өзгерді, ал анамның кезінен тіпті өзгерген. Менің қызым мен әлі естімеген авторлардың кітаптарын таңдайды, қазіргі авторлар да балаларға арналған кітаптарды өте жақсы жазады. Бірақ мен оған бұрыннан таныс авторлардың шығармаларын да оқып беремін.

Кітапхана қорының үнемі жаңарып отыратыны қуантады.

Кітапхана сонымен қатар «Дауыстап оқуларды» өткізеді. Менің қызым бір рет осындай шараға қатысып үлгерді, ол өте риза болды. Оларға Станиславский театрының актері Кирилл Пловайко әңгімені дауыстап оқыды. Балаларға бұл өте ұнады. Басқа балалар туралы айта алмаймын, бірақ осы оқиғадан кейін қызым үйде оқу үшін кітап таңдауға жүгірді.

Шындығында, мұндай оқулар балаларды кітаппен таныстыру үшін өте пайдалы болуы мүмкін, біздің цифрлық ғасырда компьютерлік ойындарға сүңгіпкету қаупі бар. Менің ойымша, мұндай оқулар компьютерлік ойыннан қызықты оқиғаға назар аударудың бір түрі ретінде болуы мүмкін. Оқу қиялды дамытады, сөйлеуді тұжырымдап, ойын әдемі жеткізуге көмектеседі.

Ал, Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы өзінің өзектілігін жоймай, көп жылдар өткеннен кейін ертеңгі үлкендер, бүгінгі балалардың

жадына кітаптардың көмегімен «жақсы, мәңгілік және әдемі» әрекеттерді ұялатуды жалғастыра беретініне сенгім келеді.

Наталия Инжевская, ақын, балалар жазушысы, педагог, журналист:

Мен облысымыздағы ең көрнекті кітапхананы 60 жылдан бері білемін. Алғашқы әсер осы күнге дейін өзгеріссіз қалды: бұл ең жылы және ең шуақты кітап үйі. Қаланың қақ ортасында орналасқан кітапханаға жіп сияқты көптеген жолдар апарады, ол жолдармен балалары анасымен бірге мақтанышпен жүреді, ал үлкен ұлдар мен қыздар өздері жүгіріп келеді. Сондықтан балалық пен жастық шағымның ұзақ та бақытты жылдарын кітап сөрелерінің жанында өткіздім. Ерекше білім әлемі, жайлы қарым-қатынас атмосферасы, жас оқырмандарға сүйіспеншілікпен қараған және әлі де қарайтын жанашыр кітапханашылар. Баланы кітап әлеміне әкелу үшін бұл жеткілікті емес пе!

Тағы да бұл кітапханаға жазушы, журналист, қала балалары үшін жоғары деңгейдегі кәсіби мамандар дайындаған көптеген әдемі шаралардың қатысушысы ретінде келдім. Ал жүрек қуаныш пен шаттыққа бөленді - балалық шақ жақын, ол жыл өткен сайын көбейіп келетін қызықты және танымға толы кітаптарда! Мерейтой құтты болсын, сүйікті балалар кітапханасы!!!

Жұмаділова Гүлмира Байзаққызы, Орталық Қазақстан академиясының психология және әлеуметтік жұмыс факультеті деканының тәрбие және кәсіптік бағдар беру жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының магистрі:

Кітапханаға келген сайын балалардың бақытты жүздерін, ата-аналардың қуанышты жүздерін, қызметкерлердің жылы лебізін көремін. Әрі байқаған сайын небір викториналар, байқаулар, әдеби квесттер мен сиқырлы әлемге, кітап әлеміне саяхаттар болып тұрады. Мен әрқашан хабарландыру тақтасының бос болмайтынын қуанышпен атап өтемін. Бұл қызметкерлердің өз жұмысын жақсы көретінін, жас оқырмандармен жұмысты ұйымдастыруға бар жанын беретінін және өз міндеттерін шығармашылықпен атқаратынын көрсетеді. Абай атындағы кітапхана ұжымына алдағы уақытта да шығармашылық табыс, оқырмандары көбейе беруін тілеймін!

Елена Клепикова, детский писатель.

Менің Қарағанды облыстық Абай атындағы балалар кітапханасымен ұзақ та жақсы достығым бар: оқырмандармен онлайн кездесулер, дөңгелек

үстелдер. Бірақ жақында «Балалар, біз сіздер үшін жазамыз!» жобасы аясында бетпе-бет кездесу өтті. Мен ақылды және тамаша балалар мен керемет ересектерді кездестіруге мүмкіндік алдым. Кездесуде әркім үшін маңызды нәрселерді айтып, кітаптардан үзінді тыңдап, қойылымдарды тамашаладық. Көңілді, қызық, шын жүректен өтті. Бұл кітапханашылардың еңбегі.

Тыңдап, еститін, түсіне алатын адамдар бар болса, дүние құламайтынына деген сол бақыт сезімі мен сенім де кітапхананың сіңірген еңбегі деп білемін. Мұнда барлығы шабытпен, өткенге құрметпен және болашаққа сеніммен жасалған. Мен Қарағанды балалар кітапханасын бір адаммен салыстырғым келеді. Дана, ойы зерек, денесі мен аяғы жігерлі, өнерлі, қолдары алтын жан. Және жомарт, жылы жүрек. Және сезімтал, мейірімді, нәзік жан. Бұл кітапхананың кітапқұмарлары нұр үстіне нұр, әдебиетке деген сүйіспеншілігімен бөлісіп, кітапқа берілген жас оқырмандарды, кітапқұмарларды, жай ғана жақсы адамдарды тәрбиелейді.

Перчина Анна Васильевна, 1964-1969 жж. Абай атындағы ОБК оқырманы, Алиса Кимнің (2014 ж.т.) әжесі:

Абай атындағы кітапханаға орта мектептің 4-сыныбында оқып жүрген кезімде келе бастадым, ол 1964 жыл еді. Үлкен әпкем кітапханаға жазылып, үйге кітаптар әкелді, бірге оқитынбыз, бірақ уақыт өте кітап оқуға деген қызығушылықтарымыз сәйкес келмей, кітапты өз бетіміше таңдағым келді.

Кітапханаға бару кезіндегі балалық шағым есіме түседі, ол маған биік күмбезді төбелері бар, сылақпен және әдемі люстралармен безендірілген сарай болып көрінді; еденде жұмсақ кілем төселген жолдар болды, олардың бойымен бәрі ертегі атмосферасының тыныштығы мен ұлылығын «үркітуден» қорқып, аяғының ұшымен жүрді.

Кітапханаға барған әр сәтім мереке болды. Ол кезде әркімнің үйінде теледидар жоқ, бар болса, тек жексенбі күні таңертең балаларға арналған бағдарламалар көрсетіліп тұратындықтан, кітапханаға балалар көп келетін. Кітаптарды тапсыру үшін кезекке тұру керек еді, бірақ бізге, оқырмандарға қандай үлкен таңдау кітаптар ұсынылды. Әрине, әркімнің оқуға бейімділігі бар, мен табиғат туралы кітаптарды, ертегілерді, «Мурзилка», «Веселые картинки» журналдарын оқығанды ұнататынмын, бірақ менің сүйікті кітабым итальяндық жазушы Джанни Родаридің «Өтірікшілер еліндегі Джельсомино» болды, мен оны үнемі алып жүрдім. кітапханаға барып, оны бірнеше рет қайталап оқитынмын.

Көркем әдебиетті оқуға деген сүйіспеншілігім сонау жылдары кітапханаға келе бастаған кезде, оның қабырғасындағы атмосфера, оның білікті де білімді қызметкерлерінің арқасында қалыптасты.

Арада талай жылдар өтті, қыздарым Соня мен Лена Абай кітапханасының оқырмандары болды, мен бір кездері оқыған кітаптарды, сондай-ақ жаңа балалар әдебиетін сүйіп оқитын.

Енді менің немерем Алиса да есейіп қалды, ол да оқырман және менің бала кезімде Абай кітапханасына барған кездегі сезімдерді бастан кешіріп келеді.

Македонец Мария Владимировна, оқырман, 36 жаста:

Көп жылдар бұрын анам, сосын мен өзім, қазір қызым осы кітапханаға барады.

90-жылдардың ортасында кітапхана жайлылық пен тыныштық аралы болды, қиын кезеңдерге қарамастан олар жаңа кітаптарға қаражат тапты. Мұнда мен алғаш рет Урсула Ле Гуин, Рональд Руэль Толкиен, Андрей Бельянин, Сапарғали Бегалин, Вадим Пановтың шығармашылығымен таныстым.

Орта және жоғары мектеп жасындағы бөлімде 5 жыл бойы мен үшін оқырман формуляры бірнеше рет өзгертілді, стандартты өлшем маған сәйкес келмеді, мен құлшынып оқыдым. Кітапхана оқырмандарына арналған байқауларға, тоқыма курстарына қатыстым. Кітапхананың оқу залында эссе жаздым, кесте тігудің схемаларын көшіретінмін.

Уатаева Баян Қуанышқызы, Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының басшысы:

Кітапхана әлемінің өткені мен қазіргі жағдайын талдайтын зерттеушілер оның болашағына әсер ететін тенденцияларды ажыратады. Қазір заманауи кітапхананың өзгеріп, оның рөлі трансформацияланып, функционалдық мүмкіндіктері кеңейіп жатқанымен келіспеу мүмкін емес.

Балалар кітапханасы, бір жағынан, басқалары сияқты бір бағытта дамитын болады - бұл процестерді автоматтандыру, электронды қызметтерді көрсету және кеңістікті өзгерту.

Әртүрлі жобаларды жүзеге асыруды жалғастыру маңызды, кітапхана үшін бұл өзін-өзі таныту, дамыту, қоғамда өзін балалардың оқу орталығы ретінде көрсету.

Кітапхананың өзгеру тенденцияларының бірі кеңістікті, негізінен оқу залдары мен кітапхана пайдаланушыларының жұмысына арналған аумақтарды өзгерту болып табылады. Егер жалпы нұсқаулар туралы

айтатын болсақ, онда кітапхана жас оқырмандар мен жасөспірімдер үшін де, ересектер үшін де уақыт өткізу үшін ең қолайлы және тартымды ортаға айналуы керек.

Сонымен қатар, болашақта кітапхана кеңістігі көп функциялы болады: оқу залы ғана емес, конференциялар мен әдеби кештер өтетін орын; кітапхана электронды ресурстармен жұмыс істеу және іс-шаралар өткізу үшін заманауи технологиялармен жабдықталады.

Балалар кітапханасы үшін ақпараттық инновациялардың барлық талаптарына сай келетін бөлек заманауи ғимарат салынса, нұр үстіне нұр болар еді. Бірақ, кітапхананың қазіргі орналасқан жері өте жақсы екенін айтқым келеді. Бүгінгі кітапхана да ыңғайлы және қолданушыларға жайлы. Биік төбелер, кең залдар, панорамалық терезелер көп ауа мен жарық береді, сонымен бірге кітапхананың жылдар бойы мұқият сақталған өзіндік ерекше рухы мен аурасы бар.

Жалпы кітапханалардың даму тенденцияларына тоқтала отырып, екінші жағынан, ол өз қызметінің миссиясымен және ерекшелігімен айқындалатын өзіндік даму жолымен жүруі керек. Балалармен жұмыс кітапханаға үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені дәл осы жерде баланың оқуға деген сүйіспеншілігі, әлеуметтенуі және рухани өсуі туатын орын болуы керек. Басшы ретінде оның қарағандылықтар үшін ғана емес, қала қонақтары үшін де символдық орын болып, тағы да көп жыл қызмет еткенін қалаймын. Балалық шаққа оралу әрқашан бір ғанибет, бұл жағдайда біздің кітапхана күш-қуат, есте сақтау және руханияттың дәл осы орны болып қалуы керек.

Оқу ешқашан өзектілігін жоғалтпайды деп ойлаймын. Пішіндері, оқу тәсілдері өзгеруі мүмкін, бірақ бала үшін кітаптың қағаз нұсқасы әрқашан маңызды, мағыналы болады. Кітаппен танысудың алғашқы тактильді сезімдері адамның жадында ұмытылмас әсер қалдырады, ол оны өмір бойы мұқият сақтайды. Ал негізгі жолбасшы кітапханашылар – мотиваторлар, коммуникаторлар және оқу навигаторлары болып қалуы керек.

ОБК қызметкерлері өз саласының мамандары ғана емес. Көбінесе олар өте дарынды, жан-жақты және жарқын, стандартты емес идеялары бар оқырмандарына берілген адамдар.

Тек өзара түсіністік пен ашықтық арқылы ғана ортақ тіл таба аламыз, жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті қолдау таба аламыз. Басшы қаншалықты тамаша болса да, қызметкерлердің қолдауынсыз алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету мүмкін емес деп есептеймін. Біздің жетістіктеріміздің негізгі қозғаушы күші – техникалық қызметкерлерден бастап бөлім басшыларына дейінгі қызметкерлер.

Олардың саналылығы мен әдептілігі, білімі мен біліктілігі трендте болуға мүмкіндік береді.

Кітапхананың 70 жылдық қызметінде өзінің әлеуетін ашқанын, оның облыста ғана емес, республикадан тыс жерлерде де танылып, құрметке ие болғанын аңғару бір қуантады.

Ең бастысы, кітапхана қарағандылық балалардың сүйікті орнына, кітап оқуға әуесқойларды қызықтыратын, салт-дәстүрлерді сақтайтын және жаңаларын енгізетін орынға айналды.

Қысқарулар тізімі

АЖО	Автоматтандырылған жұмыс орындары
АКАЖ	Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесі
ӘОЖ	Әмбебап ондық жіктеме
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
ҒА	Ғылым академиясы
КБЖ	кітапханалық-библиографиялық жіктеме
КОКП	Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы
КСР	Кеңестік социалистік республикасы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ЛКЖО ҚК	Лениндік коммунистік жастар одағы қалалық комитеті
ОӘҒК	Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы
ОБК	Облыстық балалар кітапханасы
ОКЖ	Орталықтандырылған кітапхана жүйесі
ҰАК	Ұлттық академиялық кітапхана

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
ОҚЫРМАНҒА	7
I тарау АБАЙ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ: ОҚИҒАЛАР, ДАТАЛАР, ДЕРЕКТЕР	9
II тарау КІТАПХАНАШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ	46
Кітапхана директорлары	46
Кітапхана бөлімдері мен кітапханашылардың тарихы	55
Құжаттарды толықтыру, өңдеу және негізгі қорды сақтау бөлімінің тарихы	57
Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің тарихы	62
Орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің тарихы	68
Инновациялық және әдістемелік жұмыс бөлімінің тарихы	76
Кітапханалық үдерістерді автоматтандыру бөлімінің тарихы	84
III тарау БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН	86
Кітапхана оқырмандарының сұхбаты	89
Қысқартулар тізімі	98